*Bykil çer çyzinin proletarlarь, birigiŋder!*

# AVЬL kommunisi

№ 6 YJIN № 6

QK(в)P ORTALЬQ KOMIJTETININ PARTIJA BASPASЬ

Alma-Ata 1937

ʙykil çer çyzinin proletarlarь, ʙirigiꞑder!

# AVЬL kommunisi

„АУЛЬНЫЙ КОММУНИСТ"

Партийно-массовый журнал

Орган ЦК КП(б) Казахстана

№ 6

QAZAQЬSTAN K(ʙ)P ORTALЬQ KOMIJTETINIꞐ PARTIJA KɵPCILIK ÇORNALЬ

Ajьna ʙir ret şьqadь. 6-şь şьqьvь

1937

## Qazaqьstan Kommuvnistik (ʙolcevikter) Partijasьnьꞑ Ɵlkelik komijtetiniꞑ esepti ʙajandamasь ʙojьnca Qazaqьstan K(ʙ)P-sьnьꞑ ʙirinci sijeziniꞑ qavlьsь

**(1937-ç. yjinniꞑ 12-kyngi məçiliste ʙir davьstan qaʙьl alьnqan)**

Qazaqьstan Kommuvnistik (ʙolcevikter) Partijasьnьꞑ Ɵlkelik komijtetiniꞑ çumьsь tuvralь Mirzojan çoldastьꞑ esepti ʙajandamasьn tьꞑdap çana talqьqa salьp, Qazaqьstannьꞑ Kommuvnistik (ʙolcevikter) Partijasьnьꞑ ʙirinci Sijezi partijanьꞑ Ɵlkelik komijtetiniꞑ sajasij çolь durьs, çumьsьn qanaqattanarlьq dep ʙiledi.

### I

Qazaqьstannьꞑ Kommuvnistik (ʙolcevikter) Partijasь, BK(ʙ)P Ortalьq komijtetiniꞑ ʙascьlьqь men, respuʙlijkanьꞑ çumьscьlarь men ʙarlьq eꞑbekcileriꞑ partijanьꞑ ulь çolьn iske asьruv çolьndaqь, sotsijalijzm qurьlьsь çolьndaqь, Lenindik-Stalindik ult sajasatьn iske asьruv çolьndaqь kyreske attandьrьp trotskijsterge, ʙuqarьncьldarqa, kontrrevolytsijacьl ultcьldarqa qarsь kyresip, ɵziniꞑ ʙirinci sijezine qacanqьdan ʙolsa da artьq nьqajqan, ijdeja çaqьnan ɵsken, Lenindik-Stalindik Ortalьq Komijtetiꞑ çana qalьqtardьꞑ kɵsemi ulь Stalinniꞑ teꞑiregine qurьctaj ʙerik ʙolьp toptalqan ujьm ʙolьp keldi.

Sovetke qarsь trotskijs, oꞑcьl, ultcьl eki çyzdilerdi—çapon-germanijanьꞑ ʙul cpijondarьn, dijʙersanttar men kisi ɵltirgicteriꞑ əckerelep, ɵziniꞑ qatarьnan alastaj otьrьp, Qazaqьstannьꞑ kompartijasь ɵziniꞑ çavьngerligin arttьrdь, ʙurьnqьdan da mьqtь toptaldь, BK(ʙ)P-nьꞑ Lenindik-Stalindik Ortalьq Komijtetetiniꞑ ʙulçьmajtьn ʙerik tiregine ajnaldь.

Qazaqьstanьꞑ Kommuvnistik (ʙolcevikter) Partijasь ulь orьs coʙijnijzmine çana kontrrevolytstjacьl qazaq ultcьldьqьna qarsь çana ʙularqa qaraj ava çajьlqan uvklondarqa qarsь kyreske partija ujьmьn ʙolcevikce çumьldьra otьrьp, ult məselesinde durьs ʙaqьt ustadь.

Qazaqьstan kejin qalqandьqtь, patrijarqaldьqtь, orta qasьrdьꞑ sarqьnьn çojьp, mylde ɵzgerdi.

Ɵndiris qulactap ɵsti, ʙir sьpьra çaꞑa zavьttar (Accь-saj, Cimkent qorqasьn zavьtь, Aqtɵʙe qьjmija komʙijnatь, Emʙa neptь, Semej et komʙijnatь, Ertьs zavьtь) salьnьp meꞑgerildi; Qaraqandь kɵmir keniniꞑ qurьlьsьn ɵrkendetyv çɵninde ɵte iri çumьs isteldi; Balqactьꞑ mьs qorьtatьn komʙijnatь çaqьn ajlardьꞑ icinde salьnьp ʙolьp, pajdalanuvqa ʙeriledi; altьn ɵndirisi ana qurlьm ɵsti; temir çoldardьꞑ çyk tasuvь eki ese arttь, Qaraqandь—Balqac, Rijdder—Ruvpsopka, Oral—Elek temir çoldarь, Len-

gir ʙetkesi salьndь. Nildi—Çezqazƣan, Qandaƣac—Gorijep arasьnda temir çol salьnьp çatьr; өndiristiŋ ʙir sьpьra çaŋa taravlarь (qant, sijrek kezdesetin metaldar, ʙorat, qьjmija өndirisi) tuvdь, çumьscьlardьŋ çana ịuçener-teqnijke qьzmetcilerinin, əsirese, olardьŋ qatarьnda qazaqtьŋ sanь kөʙejdi; өndiristiŋ ʙarlьq produksijasь, 1933-çьlƣa qaraƣanda eki eseden artьq өsti. Çaŋadan iri qalalar, çumьscь poselkalarь Qaraƣandь, Balqac, Accь saj çana ʙasqalar ornadь.

Qazaƣьstannьŋ avьl caruvacьlьƣь orasan alƣa bastь: kөcpendilik myldem çojьldь, ʙurьn kөcpendilikke ucьraƣan çyz mьŋdaƣan caruvalar qalqozdarƣa ornalastьrьldь, çappaj qalqozdastьruv isi ajaqtaldь, maldьŋ sanь eki ese kөʙejdi. Malsьzdьq negizinde çojьldь. Sotsijalistik avьl caruvacьlьƣьnьŋ ujьmdastьruvcь, ʙascь çaŋa kadrlarь өsip çetildi. Avьl caruvacьlьƣьnьŋ macijnalьq ʙazasь orasan zor dəreçede өsti. MTS-tardьŋ sanь 297 ge çetti, al, traktorlardьŋ sanь 23 mьŋnan astь, olardьŋ kyci çartь millijon attьŋ kycinen arttь. Osьlardьŋ ʙarlьƣьnьŋ arqasьnda maqtanьŋ, qant qьzьlcasьnьŋ, kyrictiŋ, temekiniŋ, aq eginiŋ tysimi, mal caruvacьlьƣьnьŋ өnimi arttь.

Qazaƣьstan artta qalƣan agrarlь elden indystrijalь-agrarlь respuʙlijkaƣa ajnaldь.

Qazaq qalqьnьŋ tyri ulttьq, mazmunь sotsijalistik mədenijeti soŋƣь yc çarьm çьldьŋ icinde ʙurьn ʙolьp kөrmegen dəreçede өrkendedi. Çalpьƣa ʙirdej mindetti tөrt çьldьq ʙastavьc oquv ʙarlьq çerlerde iske asьrьldь, orta mektep, teqnijkuvmdar men çoƣarь dəreçeli oquv orьndarь өsip nьƣajьp keledi. Qazaqtьŋ kөrkem өneri keŋ өris aldь, qazaqtьŋ teatr-muvzьka mədenijetiniŋ tamaca ylgilerin kөrsetken qazaq opera teatrь çasaldь; oʙlьs ortalьqtarьnьŋ ʙərinde teatr qurьldь, çyzdegen qalqoz teatrlarь ujьmdastьrьldь. Qazaq ədeʙijeti өsti, Qazaq qalqьnьŋ tʙorcestʙasьndaƣь asa ʙaj qazna-polkilor, qalьq ənderi taƣь ʙasqalardь pajdalanuv çumьsь ʙul kynge dejin ʙolmaƣan çoƣarƣь satьƣa kөterildi. Baspa isi ana ƣurlьm өrkendedi. Ult tilindegi çana ʙasqa tilderdegi gažetterdiŋ sanь өsti, tijraçь çartь millijon danadan astь.

Өtken vaqьttьŋ icinde Lanindik-Stalindik ult sajasatьn iske asьruv çolьnda çetken taʙьstar qazaqtьŋ soʙetti memlekettiginiŋ nьƣajuvьn qamtamasьz etti, QSSR-dьŋ çaŋa Konstijtutsija qaʙьldap, Qazaƣьstannьŋ aptonomijalь respuʙlijkadan odaqtas respuʙlijkaƣa ajnaluvь osьnьŋ өte ajqьn ʙelgisi ʙoldь.

## II

Eger, Qazaƣьstannьŋ partija ujьmь respuʙlijkanьŋ qalьq caruvacьlьƣьnьŋ asa maŋьzdь taravlarьna (tysti metallurgijaƣa, Qaraƣandьƣa, temir çol-transportьna, Qatьnas Qalьq Komijssarijatьna, Çer Qalьq Komijsarijatьna, Sapqozdar Qalьq Komijssarijatьna taƣь ʙasqalarƣa) kirip ketken çopon-german pacijzminiŋ əgentteri—trotskijsterdiŋ, oŋcьldardьŋ çana ultcьldardьŋ zьjankestik əreketin vaqьtьnda kөrmej qalmaƣanda, Qazaƣьstannьŋ өndirisin, avьl caruvacьlьƣьn çana mədenijetin өrkendetyvdegi taʙьstar ʙudan da artьq ʙolatьn edi.

Stalin çoldastьŋ Ortalьq Komijtettiŋ peʙral-mart Plenuvmьnda çasaƣan ʙajandamasь men qortьndь sөzi çana BK(ʙ)P Ortalьq Komijteti Plenuvmьnьŋ qavlьlarь acьp ʙergen partija ujьmdarьnьŋ çumьsьndaƣь kemcilikter Qazaƣьstannьŋ partija ujьmьnda da ʙolƣandьƣьn sijez atap ajtadь. Partija, soʙet, caruvacьlьq ujьmdarьnьŋ ʙascь qьzmetcileri SSSR-dьŋ kapijtalistik qorcavda otьrƣandьƣьn umьttь, osь kyngi trotskijzm çumьscьlar taʙьndaƣь sajasij aƣьm ʙoluvdan əlde qacan ketkendigin, kisi өltirgicter, cpijondar, dijʙersanttar ʙandьsьna, german pacijzminiŋ çana çopon soƣьs qumarlarьnьŋ agentine ajnalьp ketkendigin tysinʙedi. Kөp

ʙascь qьzmetciler caruvacьlьqtaƣь taʙьstardьꞑ qьzьƣьna tysip ketip, partija-sajasat çumьsьnan qol yzdi, marksijzm-leninijzm propagandasьn, ʙuqaraƣa sajasij tərʙije ʙeryv isin umьttь, sьn men ɵz ara sьnnьꞑ ɵrisin tarьltuv çolьna tysti. Çapon-german agentteri—trotskijster, zijnoʙijepcilder, ʙuqarьncьldar, rьjkopcьldar çana olardьꞑ odaqtasь qazaq ultcьldarь partija, soʙet çana caruvacьlьq ujьmdarь ʙascьlarьnьꞑ esuvastьq dertinen-sajasij ʙejqamdьƣьnan, kɵꞑilcektiginen, ʙolceʙiktik qьraƣьlьƣьnьꞑ çoqtьƣьnan ƣana kɵpke dejin əckerelenʙej qalьp keldi.

Qazaƣьstannьꞑ partija ujьmdarьnda partija icindegi demokratijanьꞑ negizderin, partijanьꞑ uvstaʙьn ʙuzuvcьlьq keꞑ ɵris aldь—partija orьndarьnьꞑ sajlanьp qojьlatьn tərtiʙi ʙuzьldь. Kooptatsija praktijkasь qoldanьldь, partija ujьmdarьnьꞑ ʙascьlarь partija ʙuqarasьnьꞑ aldьnda esep ʙermejtin ʙoldь.

Qazaƣьstannьꞑ Kommuvnistik (ʙolceʙikter) Partijasь, əsirese, onьꞑ çeke ujьmdarь, S. M. Kijrop çoldastь çavdьꞑ çavьzdьq pen ɵltiryvinen, reʙolytsijacьl qьraƣьlьqtь arttьruv qaçettigi tuvralь BK(ʙ)P Ortalьq Komijtetiniꞑ əlde nece ret aldьn ala eskertyvinen çete saʙaq ala ʙilmedi; tijisti qortьndь cьƣara ʙilmedi, kontrreʙolytsijacьl trotskijstik sentirdiꞑ əckerelengen myceleri Mьrackoʙskij men Rejngɵldtьꞑ Qazaƣьstandaƣь zьjankestik ərekətiniꞑ paktьlarьnan qaçetti sajasij qortьndь cьƣara ʙilmedi.

BK(ʙ)P Ortalьq Komijtetiniꞑ peʙral-marttaƣь Plenuvmь qavlьlarьnьꞑ negizinde, partija orьndarьnьꞑ davьstь çaʙьq (çasьrьn) tyrde ʙeryv çolь men, çyrgizilgen sajlavь partija ʙuqarasьnьꞑ ʙelsendiligi ʙurьn ʙolьp kɵrmegen dəreçede-kycejgen çaƣdajda, ʙolceʙiktik sьn çana ɵz ara sьn men partija icindegi demokratija keꞑ ɵris alƣan çaƣdajda ʙolьp ɵtti. Sajlav kommuvnisterdiꞑ ijdejalьq-sajasij dəreçesiniꞑ ɵskendigin, partijanьꞑ ʙascь qьzmetcileriniꞑ negizgi ujtqьsьnьꞑ turaqtьlьƣьn, partija ʙuqarasьnьꞑ olarƣa sajasij çaƣьnan senetindigin kɵrsetti.

Sonь men qatar, sajlav partijanьꞑ ʙascь qьzmetcileriniꞑ çana partija komijtetteriniꞑ çeke kommuvnisterden ʙastavьc partija ujьmdarьnan edəvir qol yzgendigin acьp ʙerdi.

Bastavьc partija ujьmdarьnьꞑ esep ʙeryv-sajlav çьjьlьstarьnda, avdandьq, qalalьq çana oʙьlьstьq konperensijalarda sɵjlegen sɵzderden tutas partija ujьmdarьnьꞑ çumьsьnda ʙolsьn çana onьꞑ çeke myceleriniꞑ çumьsьnda ʙolsьn, kɵp qateler men kemcilikter ʙarlьƣь kɵrindi, partija çumьsьn oꞑdav çɵninde, sondaj aq soʙet caruvacьlьq çana ʙasqa ujьmdardьꞑ çumьstarьn oꞑdav çɵninde ajqьn-ajqьn usьnьstar kirgizildi.

## III

Partija orьndarьnьꞑ davьstь çaʙьq (çasьrьn) tyrde ʙeryv çolь men çyrgizilgen sajlavь partija-sajasat çumьsьn partijanьꞑ Ortalьq Komijtetiniꞑ peʙral-marttaƣь Plenuvmьnьꞑ qavlьlarьna çana S t a l i n çoldastьꞑ nusqavlarьna lajьqtap qajta quruvdьꞑ tek ʙasь ƣana ekendigin Sijez atap kɵrsetedi.

Partijanьꞑ ər ʙir mycesin marksijzm-leninijzmniꞑ ɵtkir qurals men qaruvlandьruv, çav qalaj çasьrьnsa da, onь tanьj, əckerelej ʙiletin etip yjretyv, ər ʙir partija ujьmьn ʙolceʙijzmniꞑ qurьctaj ʙerik qamalьna ajnaldьruv—mine, partija ujьmdarьnьꞑ çumьsьn munan ʙьlaj qajta quruvdьꞑ mindetteri osьndaj.

Bul mindetterdi orьndav ycin, partija orьndarьnьꞑ apparattarь çana da solardьꞑ ʙascьlarь caruvacьlьq turmьstьꞑ usaq-tyjekterinen ʙosanьp partija-sajasat çumьsьnьꞑ naqtь məseleleri men kɵʙirek cuƣьldanatьn ʙoluvь kerek.

QK(ʙ)P Ortalьq Komijteti, oʙьlьstьq komijtetter, avdandьq komijtetter, qalalьq komijtetter, partijanьꞑ tɵmendegi orьndarь men partijanьꞑ ʙastavьc ujьmdarьna tьꞑƣьlьqtь tyrde ynemi kɵmektesip, nusqav ʙerip

otьruvƣa tijis, partija çumьsьnьꞑ təçirijʙesin qortьp, onь ʙasqa ujьmdarƣa avьstьrьp otьruvƣa tijis, partijanьꞑ asa maꞑьzdь qavlьlarьnьꞑ çana ɵz qavlьlarьnьꞑ orьndaluvьn tekserip otьruvƣa tijis, partijanьꞑ çeke ujьmdarьndaƣь partija-sajasat çumьsьnьꞑ çajь tuvralь QK(ʙ)P-nьꞑ Ortalьq Komijtetinin, oʙlьstьq komijtetterinin, avdandьq komijtetterinin ʙujrosьnda əlsin-əli ʙajandama tьꞑdap otьruvƣa tijis.

Sijez, QK(ʙ)P Ortalьq Komijtetinin, oʙlьstьq komijtetter men qalalьq komijtetterdin aldьna qalalardьꞑ mədenijet-sajasij ortalьq retindegi maꞑьzьn arttьruv mindetin, partija-ujьmdastьruv çana kɵpcilik-sajasij çumьstь çolƣa qojuv turƣьsьnan qaraƣanda qalalьq partija ujьmdarьnьꞑ çetekci çana ylgili ujьm retindegi rɵlin arttьrьp otьruv mindetin qojadь.

Sijez, partija çumьsьn qajta quruvdьꞑ ɵte maꞑьzdь mindeti—ʙascьlardь partija ʙuqarasь men tьƣьz ʙajlanьs çasajtьn etyv, kommuvnisterdiꞑ aldьnda olar əlsin-əli esep ʙerip otьratьn etyv, partija orьndarьn, „tɵmennen de" çana „çoƣarьdan da" tekserip otьruv, adamdardь zerttep ʙilyv, partija turmьsьnda ʙarlьq kommuvnisterdiꞑ ьnta-çigerin kɵterip olardьꞑ ʙelsendiligin arttьruv, partijada çoqtardьꞑ ortasьnda olardьꞑ aʙangarttьq rɵlin kɵteryv dep ʙiledi.

Sijez, QK(ʙ)P-nьꞑ ʙarlьq partija ujьmdarьn çana olardьꞑ ʙascьlarьn, partija mycelerine, olardьꞑ tilegi men usьnьstarьna kɵꞑil ʙɵlmevciliktin, nem qurajdь, ʙujrokrattьq kɵz qarastьꞑ qandajь men ʙolsada Stalin çoldastьꞑ nusqavlarьna syjene otьrьp ʙatьl tyrde kyresyvdi mindettejdi. Sijez QK(ʙ)P oʙlьstьq komijtetterine, Ortalьq Komijtetine partija dokuvmentterin tekseryvdiꞑ çana avьstьruvdьꞑ kezinde partija qatarьnaꞑ cьƣarьlƣandardan tysken caƣьmdardьꞑ ʙarlьƣьn tajav vaqьttьꞑ icinde qarap ʙitiryvdi tapsьradь.

Qazaƣьstannьꞑ Kommuvnistik (ʙolceʙikter) Partjasьnьꞑ ʙarlьq partija ujьmdarь esep ʙeryv-sajlav çьjьlьstarь men konperensijalarda qaʙьldanƣan qavlьlardь eꞑ çaqьn arada iske asьruvƣa, ʙastuvьc ujьmdardьꞑ çьjьlьstarьnda, avdandьq çana oʙlьstьq konperensijalarda kommuvnisterdiꞑ ajtqan sɵzderinin ʙərin tekseryvge, ʙul çɵninde tijisti caralar qoldanuvƣa ajьrьqca kɵꞑil ʙɵlyvge tijis. Bul caralardь iske asьruv, sьn men ɵz ara sьnnьꞑ ʙudan ʙьlajda ɵrkendevine, partija icindegi demokratijanьꞑ ʙekyvine, kommuvnisterdiꞑ ʙelsendiliginin artuvьna seʙep ʙoladь.

Sijez, QK(ʙ)P Ortalьq Komijtetin, oʙlьstьq komijtetterin, qalalьq komijtetterin, avdandьq komijtetterin ʙarlьq partija ujьmdarьn BK(ʙ)P Ortalьq Komijtetinin dekaʙr (1935-çьlь) plenuvmьnьꞑ qavlьlarьn, Ortalьq Komijtettin BK(ʙ)P-ƣa çaꞑa myceler ala ʙastav tuvralь qavlьsьn ʙulçьtpaj qoldanьp, BK(ʙ)P-ƣa çaꞑa myceler aluv məselesi men çana asa maꞑьzdь rezerʙ dolьp otьrƣan tilektesterdiꞑ arasьnda çumьs istev men yzdiksiz cuƣьlʙanьp otьruvƣa mindettejdi.

## IV

Partijanьꞑ ɵlkelik komijtetinin esep ʙerip otьrƣan vaqьttьꞑ icinde partija, soʙet çana caruvacьlьq kadrlarьn, əsirese, qazaq kadrlarьn ʙavlьp ɵsirip, çoƣarьlatьp qojuv çɵninde orasan zor çumьs istegendigin Sijez atap ajtadь.

Sijez,—ʙolceʙijzmge çetilgen, icki çaƣdaj men qalьq aralьq çaƣdajdь erkin ajьra ʙiletin, partijanьꞑ qavlьlarьn ʙolceʙikce orьndaj alatьn, qalьqtьꞑ çavlarьn olar qalaj çasьrьnsa da, əckerelej ʙiletin, sajasij cьnьqqan partija kadrlarьn tərʙijelep, dajarlav,—partija komijtetterinin çana olardьꞑ sekretarlarьnьꞑ negizgi mindeti dep sanajdь.

Birinci ret sajlanƣan partorgьlardьꞑ, partkom sekretarlarь men mycelerinin çumьsьna çərdem ʙeryvge, olardan iske çan təni men ʙerilgen sajasij ʙilimdi, ьsьlƣan ʙascь partija qьzmetcilerin tərʙijelep ɵsiryvge

Sijez QK(в)P Ortalьq Komijtetiniꞑ, oвьlьstьq komijtetterdiꞑ, qalalьq komijtetterdiꞑ çana avdandьq komijtetterdiꞑ ajrьqca nazarьn avdaradь.

BK(в)P Ortalьq Komijtetiniꞑ partija qьzmetcilerin oqьtuv çana partija kadrlarьn qajta dajarlav çajьndaƣь qavlьlarьn orьndavdь kөzdep, Sijez QK(в)P Ortalьq Komijtetine çaꞑa oвьlьstьq komijtetterge partkomdardьꞑ sekretarlarь men partorgьlarƣa arnap oвьlьs ortalьƣьnda partija kuvrstarьn avdandьq komijtetterdiꞑ sekretalarь men olardьꞑ orьnвasarlarьna Alma-Atada Lenin kuvrstarьn mejlince tez çana çaqsь tyrde dajarlanьp, ujьmdastьruv ycin вarlьq caralardь qoldanuvdь tapsьradь; вul kuvrstarƣa dajarlьƣь mejlince mol, partija çolьnda taвandь oqьtuvcьlar çetistiryvdi tapsьradь. Partija kadrlarьn dajarlav çana qajta dajarlav çөnindegi вykil is вerik negizge syjelyvge tijis, QK(в)P Ortalьq Komijieti, oвьlьstьq komijtetter, qalalьq komijtetter, avdandьq komijtetter çana olardьꞑ sekretarlarь вul istiꞑ qamьn ajьqca eskerip otьratьn вoluvƣa tijis.

Sijez, QK(в)P Ortalьq Komijtetine, oвьlьstьq komijtetterge, qalalьq komijtetterge çaꞑa avdandьq komijtetterge partija qьzmetcileriniꞑ өsip kele çatqan ças kadrlarьn, əsirese, qazaq kadrlarьn tajьnвaj вatьl çoƣarlatuvdь, kadrdь iriktep aluv isinde вolceвiktikke çatpajtьn tamьr-tanьstьq, arteldestik prinsipten yzildi-kesildi tьjьluvdь, kej вir вascьlardьꞑ вul məselede вolƣan qatasьn çerine çete tyzetyvdi tapsьradь. Kadrlardь iriktep alƣanda S t a l i n çoldastьꞑ mьna nusqavьn вulçьtpaj qoldanuv qaçet: „Birinci, qьzmetkerlerdi sajasij sьjpatьna qaraj, jaƣnьj olarƣa sajasij çaƣьnan senyvge вolatьndьƣьna qaraj, ekinci, iskerlik sьjpatьna qaraj, jaƣnьj olardьꞑ вelgili вir konkretti çumьsqa çarajtьndьƣьna qaraj iriktep aluv kerek".

Mirzojan çolastьꞑ kadrdь iriktep aluv isinde вolceвiktik ereçeni вuzƣan qatajarь tuvralь S t a l i n çoldastьꞑ nusqavьn Sijez əвden durьs dep вiledi. Sijez S t a l i n çoldastьꞑ nusqavьn Mirzojan çoldastьꞑ durьs qaвьl alьp, вul məselede өziniꞑ istegen qatelerin вolceвikce tyzep kele çatqandьƣьn atap ajtadь.

## V

Sijez partija ujьmdarьnda tərвije, propaganda çumьsьnьꞑ çolƣa qojьluvь qanaƣattanarlьq emes ekendigin çana da вuqaranьꞑ arasьndaƣь ygit çumьsьnьꞑ çolƣa qojьluvь qanaƣattanarlьq emes ekendigin atap kөrsetedi.

Partijanьꞑ вascь orьndarь, atap ajtqanda oвьlьstьq komijtetter, qalalьq komijtetter, avdandьq komitjetter, partkomdar çana olardьꞑ sekretarlarь ijdeologija çөnindegi çumьstьꞑ maꞑьzьn çete вaƣalamajdь, marksijzmleninijzm propagandasьn çana вuqara arasьndaƣь sajasij ygit çumьsьn вolceвikce çolƣa qojuv isine ynemi tьꞑƣьlьqtь tyrde kөꞑil qojьp otьrmajdь.

Partijanьꞑ вolceвijzmge çetilyv çajьndaƣь, kadrlarƣa sajasij tərвije вeryv çaꞑa sajasij вejqamdьqtь çojuv çajьndaƣь, asa maꞑьzdь uranь—вarlьq partija ujьmdarьnan çana eꞑ aldь men olardьꞑ вascьlarьnan kommuvnisterge markstik-lenindik вilim, tərвije вeryv isine partija çumьsьnьꞑ tөrinen orьn вeryvdi talap etedi. Partija ujьmdarьnьꞑ вascьlarь вolceвijzmdi propagandalav isin өz qoldarьna aluvƣa tijis, propagandijster kadrьn iriktep aluv, olardь zerttep вilyv, olarƣa вascьlьq etyv, partija oquvь orьndarьnьꞑ çumьsьn ujьmdastьruv çana oqan вascьlьq etyv isteri men өzderi cuƣьldanuvƣa tijis. Partija Komijtetteri partija mektepteri men kruvçoktarь arqьlь kommuvnisterdi partija isine çana onьꞑ Ortalьq Komijtetine adal, cьn ьqlasь men вerilgen, partijanьꞑ çana soвet memleketiniꞑ çavlarьn qas kөrip, olar men ajanвaj kyresetin etip tərвijelevi kerek.

Sijez QK(ʙ)P Ortalьq Komijtetine, oʙlьstьq komijtetteri men avdandьq komijtetterine ʙolceʙijzm tarijqьn yjrenyv isin partija oquvьnьꞑ orьndarьnda da, oquv orьndarьnda da, tyrli kuvrstarda da Stalin çoldastьꞑ BK(ʙ)P tarijqьnьꞑ oquv kitaptarьn çazuvcьlarƣa çazƣan qatьndaƣь nusqavlarьn qoldanьp, ʙar kyc peꞑ oꞑdavdь usьnadь. BK(ʙ)P tarijqьn yjrenyv men ʙirge partijanьꞑ mycelerin QK(ʙ)P tarijqь men, onьꞑ partijanьꞑ ult məselesindegi çolь ycin ultcьl uvklonƣa qarsь çyrgizgen kyresi men tanьstьruvdь qamtamasьz etyvi qaçet.

Sijez, partija komijtetterine propagandijster kadrьn iriktep aluv çana dajarlav isin az vaqьttьꞑ icinde oꞑdavdь, olardьꞑ arasьnda yzdiksiz çumьs istep otьruvdь, ʙir sьpьra ujьmdarda əlde ʙolsa ʙul iske pajdalanьlmaj otьrƣan taꞑdavlь kycterin propaganda çumьsьna qatьnastьruvdь, propaganda çana ygit ʙөlimderine qьzmetciler ʙerip, nьƣajtuvdь mindettejdi.

Gazetterdiꞑ çumьsьnьꞑ qanaƣattanarlьq emestigi gazet qьzmetcileriniꞑ kadrь çөnindegi çajdьꞑ avьr ʙoluvь, partija ʙascьlarьnьꞑ ʙul məselede ʙolceʙijzm tradijtsijalarьn umьtьp, ʙaspa sөz isin ekinci qatardaƣь qьzmetcilerge senip tapsьrƣandьqьnьꞑ saldarь ekenin kөrsetip, Sijez QK(ʙ)P Ortalьq Komijtetine, oʙlьstьq komijtetter men avdandьq komijtetterge ʙaspa sөzdiꞑ maꞑьzьn kemeline keltiryvdi, gazetterdiꞑ ijdeologijalьq dəreçesin kөteryvdi, gazet ʙetinde partija - sajasat məseleleri çazьluvьn oꞑdavdь ər ʙir gazetti partija men qalьqtьꞑ çavlarьna qarsь kyrestiꞑ өtkir quralьna, ʙizdiꞑ çumьsьmьzdaƣь ʙarlьq kemcilikter men qatalardь ec kimniꞑ ʙet açarьna qaramaj sьnajtьn ʙolceʙiktik sьnnьꞑ çavьnger organьna ajnaldьruvdь usьnadь. Oʙlьstьq komijtetter, qalalьq komijtetter men avdandьq komijtetter tajavdaƣь 2-3 ajdьꞑ icinde gazetterdi çete tekserilgen kadrlar men nьƣajtatьn ʙolsьn.

Sijez, ʙarlьq partija ujьmdarьna sajasij ygitti ʙaƣalamavcьlьqtь ʙir çolata çojьp, ʙul çumьstьꞑ maꞑьzьn kemeline keltiryvdi usьnadь. Partija komijtetteri sajasij ygit çumьsьn keꞑ өristetip, eꞑʙekcilerdiꞑ ʙarlьq slojlarьn qamtuvƣa mindetti.

Sajasij ygit çumьsьn çyrgizgende çana Konstijtutsijanь tysindiryvge qalьq aralьq çaƣdajdьꞑ məselelerin tysindiryvge, eꞑʙekcilerdi imperijalistik elderdiꞑ cpijondьq, dijʙersijalьq çumьsьnьꞑ maqsattarь men çana ədisteri men tanьstьruvƣa ajьrьqca kөꞑil avdarьlsьn.

Oʙlьstьq komijtetter, qalalьq komijtetter men avdandьq komijtetter partija aktijʙine arnap elimizdiꞑ qalьq aralьq çana icki qalь tuvralь ynemi ʙajandamalar çasap otьruvƣa mindettendirilsin.

Sijez ygitciler kadrьn iriktep aluv çөnindegi çumьstь az vaqьttьꞑ icinde oꞑdap, ygitcilerdi dajarlav çana qajta dajarlav çөninde yzdiksiz çumьs ujьmdastьruvdь usьnadь.

Dinge qarsь propaganda partija çumьsьnьꞑ myldem eskeryvsiz qalƣan, umьtuvlь yvcaskasь ʙolьp otьrƣanьn kөrsetip, Sijez QK(ʙ)P Ortalьq Komijtetine, oʙlьstьq komijtetterge, qalalьq komijtetter men avdandьq komijtetterge dinge qarsь prapagadanь kemeline keltiryvdi tapsьradь; dinge qarsь propaganda çyrgizyvge eꞑ çaqsь propagandister ʙeryvdi, „çavьnger qudajsьzdar odaƣь“ nьꞑ ujalarьn kөp ujьmdastьruvdь, ʙulardьꞑ maꞑьna dinge qarsь aktijpti, propagandisterdi, ƣьlьm qьzmetcilerin, oqьtuvcьlardь, dərigerlerdi, agronomdardь ʙiriktirip, dinge qarsь çana ƣьlьmij leksijalardь yzdiksiz oqьtьp, əꞑgimeler çasap, əsirese qazaq tilindegi dinge qarsь ədeʙijetti kөp cьƣaruv çumьsьn ujьmdastьruvdь usьnadь.

Sijez, Ortalьq Komijtetke marksijzm-leninijzmniꞑ klassijkteriniꞑ cьƣarmalarьn qazaq tilinde cьƣaruv çөnindegi ʙastalƣan çumьstь ʙudan ʙьlajda istej ʙerip, 1937-1938-çьldarь Leninniꞑ 6 tomdьqьnьꞑ ʙarlьq tom-

darьnьn tolьq basьlьp cьquvьn qamtamasьz etyvdi, sonь men qatar Lenin cьqarmalarьnьn tolьq çьjnaqьn basuvqa kirisyvdi tapsьradь.

## VI

Qazaq ultcьldarьnьn trotskijs-oncьl pacijs bandь men çana cet el interbentteri men birigip ketkendiginin paktьsьnan bizdin partija ujьmdarьmьz kontrrebolytsijacьl qazaq ultcьldьqьna çana oqan qaraj ava çajьlqan uvklondarqa qarsь kyresti kycejtyv qaçettigi tuvralь qortьndь cьqaruvqa tijis. Dal sondьqtan, partija ujьmdarь ult məselesindegi uvklondarqa qarsь kyrestin avьr salmaqьn, kəzirgi kezende bastь qavьp bolьp otьrqan kontrrebolytsijacьl qazaq ultcьldьqьna qaraj ava çajьlqan uvkonqa qarsь çumsavь kerek. Sonь men qatar ulь orьs cobijnijzmine qarsь, oqan qaraj ava çajьlqan uvklonqa qarsь kyresti budan bulaj da kycejte beryv qaçet.

Ultcьl elementter qazaq qalqьnьn „dosь" bolqansьp qandaj ton çamьlьp bojalsa da partija ujьmdarь, partija ujьmьnьn bascьlarь olardь əckerelep, typ tamьrь men qurtuv ycin erekce qьraqьlьq kərsetyvge tijis. Trotskijs-buqarьncьl kontrrebolytsijanьn ultcьl agentuvrasьn çerine çete əckerelep qurtuv ycin partija ujьmdarь çana onьn bascьlarь ultcьldarqa ьmьracьldьq etyvcilerge qarsь, qalьqtьn osь çavlarь men naqtь kyndelikti kyresyvdin ornьna dekloratsija çasap davrьqьp səz səjlep, tolьp çatqan qavlьlar çaza beryvge qarsь kyresyvge barьnca kənil avdaruvqa tijis. Ultcьldardь, alac ordacьldardь səz çyzinde çerden alьp, çerden salatьn, is çyzinde olarqa qarsь kyrespejtin, olardьn qьlьqьna cekten asqan cьdamdьlьq istejtin, olarqa lijberaldьq etetin, olardь əckerelevge partija ujьmьna çərdem bermejtin adamdar, cьnьnda trotskijs-oncьl kontrrebolytsijanьn ultcьl agentuvrasьn qoldavcь boladь. Ultcьldьqqa çana oqan ьmьracьldьq istevcilikke qarsь ajanbaj kyresyv arqьlь qana, ultcьl elementterdi tolьq talqandav arqьlь qana lenindik internatsijonalijzm pozijtsijalarьn budan bulaj da nьqajtuvdь, Qazaqьstannьn enbekci buqarasьn lenindik-stalindik ult sajasatь ruvqьnda tərbijelevdi qamtamasьz etyvge boladь.

Sijez, QK(в)P-nьn barlьq partija ujьmdarьn, barlьq kommuvnisterdi kontrreblytsijacьl ultcьldьqqa çana ultcьl elementterge ьmьracьldьq etyvcilikke qandajda bolsa cirik lijberaldьq istevge, olardь byrkəvcilikke qarsь ajavsьz batьl kyresyvge caqьradь.

Sijaz, QK(в)P Ortalьq Komijtettin çana sostabьna çana obьlьstьq komijtetterge alac partijasьnьn burьnqь vaqьtta obijektipti - rebolytsijacьl rəli tuvralь lenindik teorijaqa qarsь „teorijanьn" qaldьqtarьn bir çola qurtuv çumьsьn budan bulaj da ydete otьrьp, qazaq qalqьnьn çana Qazaqьstandaqь rebolytsijacьl qozqalьs tarijqьnьn bolcebikce kərsetilyvin qamtamasьz etyvdi tapsьradь.

Trotskijs-buqarьncьl kontrrebolytsijanьn ultcьl agentuvrasьna qarsь bolcebikce tabandь tyrde kyresyv çana qazaq ultcьldьqьn talqandav Qazaqьstannьn caruvacьlьq-mədenijet qurьlьsь çanadan ərkendevin çana qazaqtьn sobetti ult memlekettiginin budan bulajda nьqajuvьn qamtamasьz etedi.

Sijez Qazaqtьn tyri ulttьq, mazmunь sotsijalistik mədenijetin ərkendetyvge, sonьn icinde ult mektepterin budan bulaj da əsirip nьqajtuvqa, ult kərkem ənerin ərkendetyvge, baspa səzdi, baspa isin ərkendetyvge, qazaq ədebijeti men qazaq tilin budan bulaj da ərkendetyvge partija ujьmdarьnьn ajьrьqca kənilin avdaradь.

Qazaqьstannьn Kommuvnistik (bolcebikter) Partijasьnьn Ortalьq Komijteti, obьlьstьq komijtetterdi, sobet, caruvacьlьq çana kooperatip apparatьn çergiliktendiryvge, qazaqtьn enbekci buqarasьna olardь budan bulaj da çaqьndatuvqa ajьrьqca kənil avdaruv kerek.

## VII

Qazaqьstannьn Kommuvnistik (bolcevikter) Partijasьnьn Sijezi partijanьn Ortalьq Komijtetine, oвlьstьq qalalьq çana avdandьq komijtetterine propsojuvz, komsomol orьndarьnьn sajlavьn çavьq (çasьrьn) davьs beryv negizinde ətkizyvde çana вudan вulaj da olardьn çumьsьn qajta quruvda propsojuvz, komsomol ujьmdarьna partija вascьlьqьn çyrgizip, yzdiksiz kəmektesyvdi tapsьradь.

Çastardь вolcevikti̇k ruvqta tərвijelev isine ajrьqca manьz вerip, sijez partijanьn вarlьq ujьmdarьna komsomoldardьn ijdejalьq-teorijalьq dəreçesin arttьruvda, sojuvzdan tьsqarь çastardьn arasьnda sajasij-tərвije çumьsьn əristetyvde komsomolqa kəmektesyvdi, munьn ycin вьlqan propagandister men lektorlar вerip, komsomol ujьmnьn tərвije çumьsьnьn çana otan qorqav çumьstarьnьn məselelerin partija komijtetterinde yzdiksiz tьndap otьruvdь tapsьradь.

Sijez, QK(в)P-nьn вarlьq ujьmdarьnьn asa manьzdь isi—sajlavdьn çana sijtemasь вojьnca çyrgiziletin, soвetterdin alda turqan sajlavьna dajьndaluv çana sol sajlavlardь ətkizyvdi qamtamasьz etyv dep taвadь. Partija ujьmdarь soвetterdin çumьsьndaqь kemcilikterin çojuvьna, soвet demokratijasьn вuzuvcьlьqtь, kooptatsija praktijkasьn çojuvьna, вujrokratijzmge, enвekci вuqaranьn mun-muqtaçьna kenil вəlmevcilikke qarsь kyresyvine, Soвetter seksijalarь men depuvtat toptarьnьn çumьsьn çandandьruvьna kəmektesip, soвet orьndarьn alda turqan sajlavqa вolceвikce dajьndavqa tijis.

Osoavьjaqьm çana pijzkyltuvra ujьmdarьnьn çumьsьn ondap, əristetyvge sijez ajrьqca manьz вerip, partijanьn вarlьq ujьmdarьna, вarlьq kommuvnisterge enвekcilerdin arasьnda otan qorqavdьn kəpcilik çumьsь men pijzkyltuvra çumьsьn əristetyvge yzdiksiz kəmek kərsetip qoldap otьruvdь tapsьradь.

Sijez qalьn enвekci əjelderdin вelsendiligin kycejtyvdi ajrьqca manьzdь məsele dep вilip, partija ujьmdarьna əjelder arasьnda sajasat-kəpcilik, mədenijet çumьstarьn əristetyvge, çana əjel kadrlarьn tərвijelep əsiryvge ajrьqca kenil вəlyvdi tapsьradь.

## VIII

Sijez, QK(в)P-nьn ujьmdarьna partija-sajasat çumьsьn tolьqь men qajta quruvdьn negizinde (zьjankestiktin zardaвьn вatьl çana tez çojuvdьn negizinde sotsijalistik avьl caruvacьlьqьnьn вudan вulaj da ərkendevin, enвek ənimdiliginin artuvьn, əndiris çana avьl-caruvacьlьqь produvksijalarьnьn molajьr, sapasь ondaluvьn qamtamasьz etyvdi tapsьradь. Qazaqьstan вolceвikteri вuqaranьn staqanьpcьlar qozqalьsь men sotsijalistik çarьsьn вastap, ekinci вes çьldьqtьn sonqь çьlьnьn planь orьndaluvьn çana asьra orьndaluvьn kəzdevi kerek, ycinci вes çьldьqtьn planь orьndaluv ycin вolceвikce kyres ujьmdastьruvqa tijis.

Sijez, Çergilikti əndiris Qalьq Komijssarijatьnьn, Çenil əndiris Qalьq Komijssarijatьnьn, Aqac əndiris Qalьq Komijssarijatьnьn, Tamaq əndiris Qalьq Komijssarijatьnьn çumьsь nacar вoluvьn, olardьn əzderinin əndiris orьndarьna вascьlьqtarьnьn nacarlьqьn mylde təzyvge вolmajtьn is dep taвadь. Bul Qalьq Komijssarijattarьnьn вascьlarьna, çana sajlanqan Ortalьq Komijtetke osь Qalьq Komijssarijattarьnьn çumьstarьn negizinen qajta quruvdь, əndiris orьndarь men çergilikti вəlimderine вascьlьqьnьn sapasьn arttьruvdь, əndiris orьndarь men olardьn qatьnastarьn ondap, əndiris orьndarьnьn plandarьn orьndavьna kəmek kərsetyv ycin kerekti caralardь qoldanuvdь tapsьradь.

Sijez. Rijdderdiꞑ, Accь-sajdьꞑ, Cimkent qorƣasьn zavьtьnьꞑ, Emʙanepti ɵndiris orьndarьnьꞑ edəvlr artta qalƣandьƣьn kɵrsetip, QK(ʙ)P Ortalьq Komijtetine çana oʙkomdarƣa ʙulardь 1937-çьlь olqьlьqtan cьƣarьp, artta qalƣandьƣьn tolьq çojuv ycin, ʙul ɵndiris orьndarьna naqtь, kɵrnekti kɵmek kɵrsetyvdiꞑ caralarьn ʙelgilevdi tapsьradь.

Balqac mьs komʙijnatьnьꞑ ʙirinci kezeginiꞑ vaqtьnda çumьsqa kirisyvine, ʙasqa kezektegi qurьlьstarьnьꞑ əzirlenyvine sijez ajrьqca maꞑьz ʙeredi çana QK(ʙ)P Ortalьq Komijteti men Qaraƣandь oʙlьstьq komijtetine Balqac komʙijnatьn ekspluatatsijaƣa ʙeryvdi, Balqac qalasьn salьp, onь kɵrkejtyvin tezdetetin caralar istevdi tapsьradь.

QK(ʙ)P-nьꞑ temir çol tansportь çɵnindegi negizgi mindeti — paraʙoz parkьn oꞑdav, temir çol ʙojьn, paraʙozdardь remonttav çana ʙasqa remont çumьsьn ʙolcevikce ujьmdastьruv, avarijasьzdьqtь qamtamasьz etyv, çyk tasuvdьꞑ planьn orьndav çana asьra orьndav, çyris grapijginiꞑ yzdiksiz orьndaluvьn qamtamasьz etyv ʙolьp otьr. Sijez partija ujьmdarьna temir çol transportьna ʙascьlьqtь kycejtyvdi çana çaꞑa salьnьp çatqan Qandaƣac—Gɵrijep, Nildi—Çez qazƣan, Ruvpsopka—Rijdder çoldarьna ajrьqca kɵmek kɵrsetyvdi tapsьradь.

Sijez, kəsip orьnьndaƣь, temir çoldaƣь çana suv çolь transportьnьꞑ çumьsьndaƣь saldьr-salaqtьqtь, ʙьlьqtь çojuv partija ujьmdarьnьꞑ, çaruvacьlьq ujьm ʙascьlarьnьꞑ asa maꞑьzdь mindeti dep ʙiledi.

Sijez, QK(ʙ)P Ortalьq Komijteti men oʙlьstьq komijtetterine Qalьq Komijssarijattarьnьꞑ caruvacьlьq ujьmdardьꞑ aktijpterin ynemi caqьrьp ol aktipterdi Qalьq Komijssarijattarьnьꞑ, kəsip orьndarьnьꞑ çana onьꞑ ʙascьlarьnьꞑ çumьstarьndaƣь kemcilikterdi keꞑ ɵristegen ʙolceʙiktik sьn men ɵz ara sьnƣa tysyvin qamtamasьz etip otьruvdь tapsьradь.

Sijez, QK(ʙ)P-nьꞑ ʙarlьq partija ujьmdarьna ɵndiriske sajasij, caruvacьlьqteqnijkalьq çɵninen ʙascьlьq etyv isin çoƣarь satьƣa kɵteryvdi, caruvacьlьq kadrlardь iriktep aluv isin oꞑdavdь çaꞑadan ɵsken, sьnalƣan kadrlardь ʙatьlьraq çoƣarьlatьp, olardьꞑ sajasij ʙilimin çana iskerlik maman-dьƣьn arttьruv isin ujьmdastьruvdь mindettejdi.

Avьl-caruvacьlьƣь çɵninde, QK(ʙ)P-nьꞑ ujьmdarь avьl-caruvacьlьƣь artelinin stalindik uvstaʙьn ʙulçьtpaj orьndaj otьrьp partijanьꞑ çana Stalin çoldastьn qalqozdardь ʙolceʙiktik qalqozcьlardь avqattь etyv kerek degen uranьn çyzege asьruvdь qamtamasьz etyv ycin kɵp çumьstar istevge tijis. Mal seriktikteri ɵz mindetin atqarƣandьqtan sijez mal seriktterin tajav vaqьttьꞑ icinde avьl caruvacьlьq artelinin ustaʙьna kɵciryv QK(ʙ)P-nьꞑ çana partijanьꞑ ʙarlьq çergilikti orьndarьnьꞑ asa maꞑьzdь mindeti dep sanajdь.

Qalqozda da, sapqozda da astьqtьꞑ çana teqnijkalьq egisterdiꞑ cьƣьmdьlьƣьn arttьruv partija ujьmdarьnьꞑ asa maꞑьzdь mindeti ʙolьp otьr. Bul mindetti orьndav ycin Sijez MTS-tardьꞑ çumьsьn mejlince oꞑdavdь, tuqьm isin tərtipke saluvdь, durьs sevooʙorotqa kɵcyvdi qamtamasьz etip, mijneral çana çergilikti çer tьꞑajtqьc zattardь mol qoldanuvdь talap etedi.

1937-çьlь, aq egin men teqnijkalьq egisterdiꞑ cьƣьmdь ʙoluvьn qamtamasьz etyv ycin Sijez ʙarlьq partija ujьmdarьnan, çer mekemelerinen qalqozdardan egindi çaqsь kytyvdi, aq egin men teqnijkalьq egisterdi (maqtanь, qant qьzьlcasьn, temekini) vaqtьnda sapalь etip kytyvdi ʙarlьq aq egindi aram cɵpten arьltuvdь qamtamasьz etyvdi, egin oraƣьna ʙolceʙikce dajьndaluvdь talap etedi.

BK(ʙ)P Ortalьq Komijtetinin çana Stalin çoldastьꞑ—Qazaq respuʙlijkasьn Soʙetter Sojuvzьnьꞑ cьƣьsьndaƣь mal caruvacьlьƣьnьꞑ negizgi ʙazasьna ajnaldьruv tuvralь nusqavlarь Qazaƣьstannьꞑ, avьl caruvacьlьƣьn ɵrkendetyvdegi əli de asa maꞑьzdь ʙas mindet ekendigin Sijez aj-

гьqca kersetedi. Mal caruvacьlьqь çenindegi çetken tabьstarьmьz partija çana sobet uјьmdarьn, çer mekemelerin, qalqozcьlardь çajвaraqattandьrmavqa tijis, qajta olardь tajav çьldardьŋ icinde mal вasьn eki ese esirip 18-20 millijon вasqa çetkizyvge çumьldьruvqa tijis.

Sotsijalistik avьl caruvacьlьqьnьŋ eŋ artta qalqan uvcaskasь əli de bolsa mal esiryv sapqozdarь bolьp otьr. Sijez partija uјьmdarьna, eŋ aldь men oвkomdarqa avdandьq komijtetterge, mal esiryvci sapqozdarqa ynemi kemek kersetip turuvdь, zьjankes elementterdi typ tamьrь men əвden qurtuvdь sapqoz вascьlarь men qosьla otьrьp, zьjankestiktiŋ saldarьn (avsьl, вruvtsijloz, qotьr taqь вasqalardь) çojuvdь çana sapqozdardь tekserilgen kadrlar men пьqajtuvdь tapsьradь.

Sijez, QK(в)P Ortalьq Komijtetine, Qalьq Komijssarlarь Soвeti men Sapqozdar Qalьq Komijssarijatьna mal sapqozdarьnьŋ caruvacьlьq-pijnans çajьn mejlince oŋdav çeninde kyrdeli caralar вelgilep, çyzege asьruvdь tapsьradь.

Sijez, Ortalьq Komijtetke, oвlьstьq komijtetter men avdandьq komijtetterge, Sapqozdar Qalьq Komijssarijatьna, Qazaq SSR-гьnьŋ Qalьq Komijssarlarьnьŋ Soвetine, вьjьlqь çьlь ceptiŋ сьqьmdьlьqьn çaqsь pajdalanьp, сер caвuv planьn edəvir asьra orьndap, sapqozdarda eŋ keminde çartь çьldьq saqtьq сер zapasьn çasav ycin вarlьq qaçetti uјьmdastьruv-caruvacьlьq caralar вelgilevdi tapsьradь.

BK(в)P Ortalьq Komijtetiniŋ peвral Plenuvmьnьŋ nusqavlarьna sajkes, QK(в)P Ortalьq Komijteti, oвlьstьq komijtetteri, avdandьq komijtetteri çer mekemelerine, Sapqozdar Qalьq Komijssarijatьna вьlqan, mьqtь kadrlar вerip, avьl caruvacьlьqь men mal caruvacьlьqьn çaŋadan erkendete alatьn kadrlar вerip пьqajtuv çeninde caralar istevge tijis. Partija uјьmdarь çana Sapqozdar Qalьq Komijssarijatь men Çer Qalьq Komijssarijatьnьŋ вascьlarь, Çer qalьq Komijssarijatь men Sapqozdar Qalьq Komijssarijatьnьŋ sijstemasьndaqь qьzmetcilerdiŋ partija-sajasattьq dereçesin keterip, olarqa вolceвiktik tərвije вeryvdi qamtamasьz etyv tijis.

***

Qazaqьstan partija uјьmьnьŋ Qazaqьstan Kommuvnistik (вolceвikter) Partijasьna ajnaluvь Qazaqьstan вolceвikterine respuвlijkanьŋ вarlьq caruvacьlьq-sajasattьq emirine partija вascьlьqьnьŋ sapasьn oŋdavdь, partija uјьmьnьŋ ijdeja çaqьnan qaruvlanuvьn kycejtyvdi, вolceвiktik qьraqьlьqtь kycejtyvdi, çav qalaj çasьrьnьp, eki çyzdilikti istese de, onь tanьp, əckerelej вilyvdi çyktep otьr. Qazaqьstan Kommuvnistik (вolceвikter) Partijasь partijanьŋ Lenindik-Stalindik Ortalьq Komijtetiniŋ teŋiregine, kesemimiz çana ustazьmьz Stalin çoldastьŋ teŋiregine eziniŋ qatarьn вurьnqьdan da вerik toptap, вizdiŋ ulь Otanьmьzdь german-çapon pacijzmine tygel çana вelcektep te satьp çiвeryvge tьrьsatьn totskijs, oŋcьl, ultcьl cpijondardьŋ, dijвersanttardьŋ, вandijttardьŋ, predatilderdiŋ вudan вulajda tas talqanьn сьqarьp, sazajьn tarttьradь.

Qazaqьstan Kommuvnistik (вolceвikter) Partijasь eziniŋ aldьnda turqan mindetterin ajta qalqandaj orьndap, Leninniŋ-Stalinniŋ tuvь astьnda kommuvnijzm ornatuv ycin kyreste çaŋa taвьstarqa çetedi dep QK(в)P - пьŋ Sijezi, qattь seŋetindigin вildiredi.

# QK(в)P-nьņ Ortalьq Komijtetiniņ birinci Plenuvmь

Yjinniņ 12-kyni Qazaqьstannьņ Kommuvnis (bolcebikter) Partijasьnьņ birinci sijezi sajlaqan, QK(в)P-nьņ Ortalьq Komijtetiniņ birinci Plenuvmь boldь.

Plenuvm davьstь çasьrьn tyrde beryv çolь men QK(в)P-nьņ Ortalьq Komijtetiniņ sekretarlarьn çana QK(в)P-nьņ Ortalьq Komijtetiniņ bujrosьn sajladь.

Qazaqьstannьņ K(в)P-nьņ Ortalьq Komijtetiniņ birinci sekretarlьqьna **L.J.Mirzojan** çoldas, ekinci sekretarlьqьna **S. Nurpejisip** çoldas sajlandь.

---

L.J. MIRZOJAN

# Qazaqьstan K(в)P Өlkelik Komijtetinin QK(в)P-nьң birinci sijezindegi eseвi

1937-çьl, yjinnin 5-i kyni

## I

Çoldastar! VIII konperensijadan вeri yc çarьm çьl vaqьt өtti—вul ylken tarijqь maңьzь вar paktьlar men oqьjqalarqa ajrьqca вaj dəvir вoldь.

Osьnda otьrqan çoldastardьң Qazaqьstan partija ujьmьnьң kezekti IX konperensijasьnьң delegatь вolmaj, Qazaqьstannьң Kommuvnis (вolcevikter) Partijasьnьң вirinci sijezinin delegattarь вolьp otьrqandьqьnьң өzi SSR Sojuvzьnda, demek, Qazaq respuvвlijkasьnda da вolьp otьrqan kөp ilgeri вasqandьqtь, ulь өzgeristerdi kөrsetedi.

Bul dəvirdiң icindegi eң maңьzdь çana asa tamaca paktь Soвetter Sojuvzьnьң çaңa Stalindik Konstijtutsijanь, çeңgen sotsijalijzmnin Konstijtutsijasьn qaвьldav вoldь. Qazaq respuvвlijkasьnьң aptonomijalь respuvвlijkadan Sojuvzdьq respuvвlijkaqa ajnaluvь, sol sьjaqtь Qazaqьstan partija ujьmьnьң Qazaqьstannьң Kommuvnis (вolceвikter) Partijasьna ajnaluvь da osь paktьdan cьqtь. SSR Sojuvzьnьң Konstijtutsijasь вizdiң partijamьzdьң sotsijalistik qoqam quruv çөnindegi ulь taвьstarьn kөrsetedi.

Bizdiң partijamьz BK(в)P-nьң XVII sijezinen вergi vaqьttьң icinde, əsirese, orasan zor çana tamaca taвьstarqa çetti. Bizdiң metallurgija, macijna çasajtьn өndiris, aptomoвil çana aвijatsija өndiristi kəsipteri, qijmija, tamaq өndiristi kəsiвi çana tolьp çatqan вasqalarь cьqarqan produksijasьnьң sanь çaqьnan da, өndiristiң teqnijkasь çөninde de kөp kapijtalistik elderdi вasьp ozdь. Məskev-Volga kanalь, Məskev metropolijteninin ekinci kezegi, asa iri metallurgija komвijnattarь (Zaporoçstəl), macijna çasajtьn zavьttar (aptomoвil zavьttarь, keme çasajtьn, transport macijnalarьn çasajtьn çana вasqa zavьttar), temir çoldar çana вasqalarь sьjaqtь, alьp qurьlьstar salьnьp вoldь.

Ekinci вes çьldьqtьң çьldarьnda вizdiң өndiristi kəsiвimiz, avьl caruvacьlьqь çana mədenijetimiz mejlince qattь өrkendep, kөp ilgeri вastь. Avьr өndiristi kəsiptiң вarlьq taravlarь çana temir çol transportь ekinci вes çьldьq programmasьn srogьnan 9 aj вurьn orьndadь. Өndiristi kəsiptiң вasqa taravlarь da, avьl caruvacьlьqь da ekinci вes çьldьqtь orьndaqalь otьr.

Elimizdiң avьl caruvacьlьqь 400 mьңnan asa traktor, 100 mьң camasьnda komвajьn çana вasqa çyz mьңdqan kyrdeli macijnalar (molotijlkalar, sejelkalar, kyltijвatorlar çana вasqa macijnalar) aldь. Eң aldьңqь qatarlь macijna çasajtьn өndiristi kəsiвimiz elimizde qandaj da вolsa kyrdeli macijnalardь qanca вolsa da çasap cьqaruvdь qamtamasьz etedi.

Bizdiң elimiz өte quvattь өndiristi kəsipti derçaвa вoldь, munь вizdiң memleketimizdiң çavlarь da amalsьzdan mojьndap otьr.

Qalьq caruvacьlьqьnьң, eң aldь men өndiristi kəsiptiң orasan qattь өrkendevinin negizinde eңвekcilerdiң zattьq-turmьs çaqdajь kөp oңal-

dь. Çumьscьlardьц eцвek aqьsь esti, qalqozcьlardьц eцвek kyniniц вaqasь arttь, Sovet savdasь keц erkendep, turmьs çaqsь çana keцildi вolьp ketti. Staqanьpcьlar qozqalьsь mejlince eristep, qalьq caruvacьlьqьnьц вarlьq taravlarьna derlik çajьlьp, taradь. Çyzdegen mьц, millionдaqan aldьцqь qatarlь, teqnijka çaqьnan savattь, вilimdi sovet adamdarь endiristi kesip çeninde de, transportta da, avьl caruvacьlьqьnda da, eцвek enimdiligin arttьruvdьц, teqnijkanь meцgeryvdiц çana eцвek mədenijetin erkendetyvdiц ajta qalqandaj tamaca ylgilerin kersetip otьr.

Sovet mədenijeti mejlince kycti erkendedi. Əsirese Sovetter Sojuvzьndaqь qalьqtardьц ult mədenijeti gyldenip, kycti qarqьn men esti. Çer çyzinde, sovet elindej вorcestвonьц çana mədenijettiц tamaca ylgilerin kersete alqandaj вirde вir kapijtalistik el çoq.

Osьnьц negizinde Sovetter Sojuvzьnьц Otan qorqav kyci artьp, onьц qalьq aralьq maцьzь kycejdi.

Sovetter Sojuvzьnьц qalьqtarь, çumьscь tавь men qalqozcь caruvalar sotsijalijzmniц osьndaj ulь çemisterine Lenin-Stalinniц ulь partijasьnьц вascьlьqь men, Leninniц isin ilgeri alьp вaruvcь ulь S t a l i n çoldastьц sajasij keregendiginiц, danьcpandьqьnьц çana ucan teцiz вolceвiktik qaçьrlьlьqьnьц arqasьnda çetti (Q o l ç a p a - l a q t a v).

Partijamьzdьц çana sotsijalistik memleketimizdiц qas duspandarь, çeksurьn trotskijster, zijnoвijepciler, вuqarьncьldar, rьjkopcьlder, eki çyzdiliktiц çana çavьzdьqtьц, osьlar sьqьldь asqan ceвerleri, sotsijalijzmniц çeцimpaz ilgeri вasuvьn вegemekci вoldь, olar Gijtler men Çaponijanьц kemegi men SSR Sojuvzьn kapijtalijzm çolьna qajta tysirmekci вoldь, вiraq, ol aram nijeti iske aspadь.

Otanьmьzqa qastьq istegen pacijzmniц вul çaldamalь teвetterin вizdiц partijamьz çana ulь sovet qalqь tas-talqan qьlьp, qarasьn ecirdi.

Biraq, tas-talqanь cьqqan çavlardьц qaldьqtarь əli de вar ekenin, вizge pacijs elderi çiвergen cpijondardьц, dijвersanttardьц çana terroristerdiц вar ekenin, olar вizdiц qatarьmьzqa kirip ketyv ycin, вizdi aldap ezderiniц çavьzdьq çumьstarьn istev ycin qalaj da вolsa ton çamьlьp вyrkenetindigin вir mijnet umьtuvqa вolmajdь.

BK(в)P Ortalьq Komijtetiniц soцqь Plenuvmьnda S t a l i n çoldas вizdiц nazarьmьzdь „Kapijtalistik qorcav Sovet Sojuvzьnьц qalьq aralьq qalpьn вelgilejtin negizgi paktь вolьp taвьlatьndьqьna" avdarьp, ete durьs ajttь. S t a l i n çoldas kapijtalistik qorcavdьц ne ekenin вьlaj dep tysindirdi:

„Kapijtalistik qorcav ezinde sotsijalistik tərtip ornatqan вir el, Sovetter Sojuvzь вar degen sez, odan вasqa, kapijtalistik turmьs qalpьnda qalьp otьrqan, Sovetter Sojuvzьn qorcap otьrqan, oqan caвuvьl çasav ycin, onь qьjratuv ycin ne eц вolmaqanda onьц quvatьn kemitip, onь əlsizdendiryv ycin aцdьp otьrqan kep elder—вurçuvazijalьq elder вar degen sez.

Bizdiц çoldastar osь negizgi paktьnь umьtqan. Al kapijtalistik qorcav men Sovetter Sojuvzьnьц arasьndaqь qatьnastьц negizi dəl osьnda qoj".

Sotsijalijzmniц çalqьz eli, SSSR-qa kapijtalister dynijesi, əsirese çapon-german pacistik вlogi erekce qattь ecikken, yjtkeni SSSR-dьц ulь ylgisi kapijtalistik memleketterdegi eцвekcilerge çana kolonijalardьц ezilgen qalьqtarьna çarьq çuldьz вolьp, olarqa azattьq çolьn, kapijtalijzmniц çeksurьn quldьqьn çojuv çolьn kersetetinin kapijtalister dynijesi çaqsь вiledi.

Sovetter Sojuvzьna qarsь soqьs əzirlegende kapijtalistik qorcav, eц aldь men, pacistik memleketter вizdiц elimizdiц quvatьn kemitip, əlsizdendiryv ycin, pacijzmge tolьq çaldanьp ketken trotskijs oцcьl kontrreвolytsijonerlerdi pajdalanьp, вarlьq amaldardь istejdi. S t a l i n çoldas вizge mьnanь isteцder dep yjretip otьr.

„Kapijtalistik qorcav bolьp otьrqan vaqьtta cet elderdegi memleketterdiŋ razbedka orgьndarь Sobetter Sojuvzьnьŋ icine çiberetin zьjankester de, dijbersanttar da, cpijondar da, terrorijster de bolatьndьqьn este ustap, onь ec vaqьtta umьtpav kerek, osьnь este ustap kapijtalistik qorcav paktьsьnьŋ mənin çete baqalamajtьn, zьjankestiktiŋ kyci men mənin çete baqalamajtьn çoldastarqa qarsь kyres çyrgizip otьruv kerek.

Caruvacьlьq tabьstarьnьŋ qandajь bolsa da, olar nendej ylken bolsa da, kapijtalistik qorcav paktьsьn çana bul paktьdan tuvatьn nətijçelerdi çoja almajtьndьqьn partijadaqь çoldastarьmьzqa tysindirip otьruv kerek".

Budan bykil partijamьzdьŋ, siz ben bizdiŋ cьqaratьn qortьndьlarьmьz mьnadaj boluvqa tijis: birinciden, barlьq trotskijs-oŋcьl-pacijs cpijondardь, dijbersanttardь çana zьjankesterdi əckerelep kəzin qurtuv ycin bizdiŋ qьzmetcilerimizdiŋ, bizdiŋ partijamьzdьŋ, bizdiŋ eŋbekcilerimizdiŋ qьraqьlьqьn san ret arttьruvьmьz kerek; ekinciden, elimizdiŋ Otan qorqav kycin mejlince nьqajta beryv kerek, ulь Otanьmьzdь qorqavqa, elimizge cьn berilgen, er çyrek on-on millijondaqan adamdardь tərbijelep, dajьndavь kerek çana ycinciden bizdiŋ əndiristi kəsibimizdiŋ, avьl caruvacьlьqь men transportьmьzdьŋ çaŋadan, budan da əri ərkendej beryvin qamtamasьz etyv kerek.

Munьŋ bəri, çoldastar, bizdiŋ eldiŋ orasan kycti ekenin, bizdiŋ eldi ec bir çav çeŋe almajtьnьn kərsetedi, yjtkeni bizdiŋ elge bolcebikterdiŋ ulь partijasь bascьlьq etip otьr, yjtkeni bizdiŋ eldi, çer çyzi eŋbekcilerinin kəsemi çana ustazь ulь S t a l i n tabьstan tabьsqa bastap keledi. (U z a q ç a n a q a t t ь q o l c a p a l a q t a v).

II

## RESPUVBLIJKA QALЬQ CARUVACЬLЬQЬNЬŊ ƏRKENDEVI

Esep berip otьrqan dəvir Qazaq respuvblijkasьnьŋ qalьq caruvacьlьqь men mədenijetiniŋ barlьq taravlarьnьŋ ərkendegen dəviri boldь.

Esep berip otьrqan vaqьttьŋ bas kezinde bolqan kəcpendilik, qalqozdardьŋ bir sьpьrasьnьŋ qattь kyjzelyvi, mal basьnьŋ kemyvi sьqьldь erekce çana əzgece nərseler bul vaqьttьŋ icinde tolьq çojьldь. Kəcpendilik toqtatьlьp qana qojqan çoq, bul vaqьttьŋ icinde çyz mьŋdaqan caruvalar respuvblijkamьzqa qajtьp kelip, qalqozdarqa ornalastь, ənimdi çumьsqa aralastьrьldь. Əli qajtьp kele almaj otьrqan kəcpendilerdiŋ qajtьp kelyvge ьntasь zor.

Avьl caruvacьlьqь men mal caruvacьlьqьnьŋ çalpь çana yzdiksiz kəterilyvi avьlda mylde basqaca çaqdaj çana basqaca qarьm-qatьnas tuvqьzdь, qalqozcь caruvalardьŋ bolacaqьn əbden ajqьndap berdi.

Esep berip otьrqan vaqьttьŋ icinde Qazaq respuvblijkasьnьŋ əndiris çeninde de, avьl caruvacьlьqь men mədenijet çeninde de, erekce artta qalqandьqь edəvir çojьldь. Qazaqьstan, partijanьŋ VIII konperensijasьna dejin, 1933-çьldьŋ ajaqьnda əndiris, avьl caruvacьlьqь çana mədenijet çeninde artta qalqan respuvblijkanьŋ biri bolsa, kəzir, Qazaqьstan Kommuvnis (bolcebikter) partijasьnьŋ birinci sijeziŋe Qazaq respuvblijkasь əzin artta qalqandardьŋ qatarьna qosa almajdь. Bul dəvirdiŋ icinde bizdiŋ respuvblijkamьz artta qalqandьqьn patrijarqaldьqtь çana orta qasьrlьqtь çojьp, edəvir əzgerdi. Əndiriste çaŋadan bir qatar əndiris orьndarь çumьsqa kirisip, tolьq meŋgerildi, əndiristiŋ qant, borat, sijrek kezdesetin metaldar cьqaratьn taravlarь sьqьldь çaŋa taravlarь salьnьp, meŋgerildi. Balqactьŋ mьs kombijnatь çaqьnda çumьsqa kirispek. Burьnqь əndiris orьndarьnьŋ qajta qurьluvь mьqtap kycejtildi. Respuvblijkamьzda çyzdegen çaŋa pab-

kter, zavьttar, caqtьlar, MTS-tar salьndь, temir çoldar, telegrap sьmь çana
ɔtomobil transportь respuвlijkamьzdьң ol çaqь men вul çaqьn çalqas-
rdь.

Avьl caruvacьlьqьnьң artta qalqan, mecev teqnijkasь çoqalьp, onьң
пьпа aldьңqь qatarlь, alьp macijnalar men qaruvlanqan, sotsijalistik
rьl caruvacьlьqь esip пьqajdь.

Qalьq caruvacьlьqь men mədenijetimizdiң qattь erkendegenin kerse-
tin вir вelgi—respuвlijkanьң вydçeti 1933-çьlqь 217 millijon somnan
937-çьlь 972,5 millijon somqa çetip, tert eseden asa esip otьr.

Esep вerip otьrqan vaqьttьң icinde вizdiң qalalarьmьz, qalьqtьң sanь
эninde de, eziniң mədenijeti çana kommuvnaldьq çaqьnan çendelyvi
эninde de edəvir esti. Qalalarda qazaq qalqьnьң sanь edəvir esti. Qala-
rdь, avdan ortalьqtarьn, avьldar men dereвnelerdi qajta quruv çeninde
sa iri ister istelip çatьr. Qalqozdar çaңa poselkeler, çaңa yjler saluvqa,
ɪədenijet mekemeleriniң çana вasqalardьң qurьlьsьna ete qumar.

Qalьq caruvacьlьqьnьң ynemi erkendeviniң arqasьnda çumьscь taвь-
ьң, eңвekci intelijgentsijanьң çana qalqoz caruvalarьnьң zattьq-mədeni-
ːttik qalь yzdiksiz, ynemi oңdalьp kele çatьr.

Qazaqьstannьң kompartijasь osьndaj orasan iri taвьstarqa вizdiң ulь
artijamьzdьң çana onьң Ortalьq Komijtetiniң kemegi men вascьlьqь
qasьnda, qalqьmьzdьң kesemi S t a l i n çoldastьң вizdiң qamьmьzdь
ɛemizdej ojlap, kemek kersetyviniң arqasьnda çetti (U z a q q o l ç a-
a l a q t a v.).

Caruvacьlьqьmьzdьң cecyvci yvcaskeleriniң qortьndьlarь qandaj вol-
andьqьn, olardьң qandaj kemcilikteri вar ekenin çana Qazaqьstan kom-
artijasьnьң nazarьn qandaj məselelerge avdaruv kerek ekendigin qalьq
aruvacьlьqьnьң çeke salalarьn taldaqanda keremiz.

Caruvacьlьqtьң çeke salalarьn taldavqa kirisejik.

## 1. Ɵndiris

Bizdiң qalьq caruvacьlьqьmьzdьң вarlьq salalarьnьң icinde вasqalar
an qattьraq erkendegeni endiris вoldь. Esep вerip otьrqan vaqьttьң
inde endirisimizdiң çalpь produksijasь eki çarьm eseden artьqьraq esti,
пь mьna taвlijtsadan keryvge вoladь:

| 1933-ç. | 1934-ç. | 1935-ç. | 1936-ç. |
|---|---|---|---|
| 322 millijon som | 384 millijon som | 491,6 millijon som | 682 millijon som |

1936-çьl endiris produksijasьnьң avьl caruvacьlьqь produksijasьnan
asьm tysken вirinci çьlь вoldь. Ɵndiris pen avьl caruvacьlьq produk-
jalarьnьң ekeviniң ara salmaqьn mьna məlimet ajqьn kersetedi:

| | Ɵndiris pen avьl caruvacьlьqь produksijalarьnьң ara salmaqь. 1932-ç. | 1935-ç. | 1936-ç. |
|---|---|---|---|
| Ɵndiris | 39,5% | 46,1% | 53,2% |
| Avьl caruvacьlьqь | 60,5% | 53,9% | 46,8% |

Kej вir çoldastardьң, Qazaqьstan вirinci вes çьldьqtьң ajaqьnda-aq
ɪduvstirijalь-avьl caruvacьlьqtь el вoldь dep вirinci вes çьldьqtьң ajaqьn-
a ajtuvlarь сьndьqqa mylde çanaspajtьn вos maqtancaqtьq. Barlьq sьj-
ьrlar Qazaqьstannьң 1937-çьldan qana вastap induvstrijalь-avьl caruvacь-
ьqtь el вola вastaqanьn dəleldejdi, вasqaca ajtqanda, вizdiң respuвlijkamьz
ɪ çyzinde ekinci вes çьldьqtьң ajaqьnda avьl caruvacьlьqtь induvstrijalь
ɛspuвlijkalardьң qatarьnan сьqьp, induvstrijalь-avьl caruvacьlьqtь res-
uвlijkalardьң qatarьna qosьla вastadь.

Ɵndiristiꞑ çalpь produksijasьnьꞑ esyvi tuvralь men çoƣarьda ajtqanmьn, degen men, endiris produksijasьnьꞑ negizgi tyrleriniꞑ çalpь eskenin kersetetin taƣь вir taвlijtsa keltirmekcimin.

Çalpь produksija (millijon som eseвi men)

| Negizgi salalardьꞑ produksijasь | 1933-çьl | 1934-çьl | 1935-çьl | 1936-çьl |
|---|---|---|---|---|
| Kemir endiryv | 15,4 | 25,2 | 34,5 | 48,8 |
| Nepti cьƣaruv | 6,1 | 7,6 | 9,1 | 13,7 |
| Qijmija | 4,0 | 4,2 | 8,2 | 10,8 |
| Tysti metaldar metallurgijasь | 28,4 | 44,8 | 64,4 | 76,4 |
| Tamaq zattarь | 107,2 | 122,7 | 173,5 | 225,2 |

2. Peвraldaqь вurçuvazija-demokratijalьq reвolytsija.

**VII. Tema. Bolcevikter partijasь sotsijalistik Oktəbr revolytsijasьn əzirlev çana ətkizyv dəvirinde.** (1917-çьlqь aprel-1918-çьl).

1. RSDÇ(в) Partijasьnьn apreldegi konperensijasь. Bolcevikterdin buqara ycin kyresi. Yjel kynderi.

2. Bolcevikter partijasьnьn quraldь køteriliske qolma-qol dajьndaluvqa vaqьt aluvь.

3. Sotsijalistik ulь Oktəbr revolytsijasьnьn çenyvi çana onьn qalьq aralьq manьzь.

4. Bolcevikter partijasьnьn imperijalistik soqьstь toqtatuv ycin kyresi.

**VIII. Tema. Bolcevikter partijasь azamat soqьsьnьn dəvirinde** (1918-1920-çьldar).

1. Tьnьm aluvqa volmaj qaluvь. Cet el intervenтsijasьnьn bastaluvь. Azamat soqьsьnьn ərcyvi.

2. Bolcevikter partijasь kolcakopciler çana denijkijnciler men kyreste.

3. Polək aqtarь men çana Brangel men kyres. Azamat soqьsьnьn çenistik pen ajaqtaluvь.

**IX. Tema. Bolcevikter partijasь qalьq caruvacьlьqьn qalpьna keltiryv çolьndaqь tьnьctьq çumьsqa køcken dəvirde.** (1926-1925-çьldar).

1. Azamat soqьsь vitkennen kejingi elimizdin qalь. Propsojuvzdar tuvralь ajtьs. Çana ekonomijka sajasatьna køcyv.

2. Bolcevikter partijasь NEPtьn alqacqь çьldarьnda.

3. Caruvacьlьqtь qalpьna keltiryv dəvirindegi qьjьncьlьqtar çana 1923-1925-çьldardaqь partijanьn trotskijsterge, zijnovijepcilerge qarsь kyresi.

**X. Tema. Bolcevikter partijasь elimizdi sotsijalistik indystrijalandьruv çolьndaqь kyreste.**(1926—1929-çьldar).

1. Partijanьn elimizdi indystrijalandьruv çajьndaqь Leninnin sajasatьn is çyzine asьruvqa kirisyvi çana trotskijs-zijnovijepcilder vlogi men kyres.

2. Sotsijalistik indystrijalandьruv çana oncьl uvklon men kyres.

**XI. Tema. Bolcevikter partijasь avьl caruvacьlьqьn qalqozdastьruv çolьndaqь kyreste.** (1930—1934-çьldar).

1. Bolcevikterdin sotsijalistik cavuvьldь əristetyv çolьndaqь kyresi.

2. Birinci ves çьldьqtьn çenip cьquvь. Ekinci ves çьldьqtьn vastaluvь.

**XII. Tema. Bolcevikter partijasь sotsijalistik qoqamdь qurьp cьquv çolьndaqь kyreste çana çana Konstijtutsijanьn qoldanьluvь.** (1935-1937-çьldar).

1. Partijanьn sotsijalistik qoqamdь qurьp cьquv çolьndaqь kyresi.

2. Stalindik Konstijtutsijanьn qavьldanuvь. Partijanьn sotsijalistik Konstijtutsijanь qoldanuv çolьndaqь kyresi.

Bul programma partijanьn tarьjqьn elimizdin tarьjqьna vajlanьstьrьp otьradь, tyrli tarьjqь vaqьjqalarqa, aqьmdar men toptardьn kyresterine marksistik tysinik veredi çana vul programma Stalin çoldastьn sqemasь vojьnca çasalqan. Biraq menin ojьmca vul programmada partijamьzdьn ult məselelerindegi uvklondar (Sultanqalijipcьldar t.в.) men kyresi çetkilikti kørsetilmegen çana Resejdin əskerij-peodaldьq imperijalijzminin vurьnqь otar elderi men təveldi elderindegi ult-azattьq qozqalьsьna partijamьzdьn vascьlьqь da çetkilikti kørsetilmegen.

Kəzir partija ujьmdarь partija oquvьnьn setindegi ər-vir mektep çana ər vir kruvçoktar men tьqьz aralasьp, çumьs istevi kerek. BK(в)P tarьjqьnьn çana programmasьnьn proektisi vojьnca partija tarьjqьnьn varlьq kruvçoktarь çoqarь tijpti volsьn, tømengi tijpti volsьn partija tarьjqьn oqьj vastavlarь kerek. Programmanьn vityvin kytpej aq ətken vølimderge qortьndь çasap, sol ətken vølimderdi tьndavcьlardьn qancalьq uqqanьn tekserip alьp, kəzirdin əzinen ər vir mektep ven kruvçoktar cama

men programmanьŋ øtiletin sroktarьn вelgilevleri kerek. Programmanьŋ øtilgen çerlerinen qalьp qojƣandarьn kəzirdiŋ øzinen Stalin çoldastьŋ qatьna səjkes tolьqtьruv kerek. BK(в)P Ortalьq Komijtetiniŋ partija propaganda вølimi çasaƣan partija tarьjqьnьŋ çaŋa programmasьnьŋ proektisi вojьnca mektepter men kruvçoktar tьŋdavcьlarьna arnap ər-вir øtken вølimder çajьnda qortьndь leksija ujьmdastьruvlarь kerek. Partija komijtetteri kəzirdiŋ øzinde propagandijsterdiŋ øzderin oqьtuv çumьsьn ujьmdastьruvlarь kerek, Stalin çoldastьŋ nusqavьna çana BK(в)P Ortalьq Komijtetiniŋ propaganda вølimi çasaƣan BK(в)P tarьjqьnьŋ çaŋa programmasьnьŋ proektisi вojьnca partija tarьjqьnan saвaq вeryv tuvralь propagandijsterge arnap semijnar, konsultatsija çana leksijalar ujьmdastьrьp, olardь soƣan dajarlav kerek. Propagandijsterdi çaŋadan çana qajtadan dajarlajtьn semijnarlar men kuvrstardьŋ çumьstarьn çolƣa qojьp çana olardь partijalьq çaƣьnan ustamdь, ьsьlƣan, maman çetekciler men qamtamasьz etyv kerek.

Stalin çoldastьŋ BK(в)P-nьŋ tarьjqьn çazuvcьlarƣa çazƣan qatьndaƣь nusqavlarьna səjkes çana BK(в)P tarьjqьnьŋ çalpь tarьjq, SSSR tarьjqь çajьndaƣь çaŋa programmasьndaƣь nusqavlarƣa səjkes propsemijnarlar, propagandijsterdiŋ øndiriste istej çyrip oqьjtьn kuvristeri men turaqtь kuvristeri eŋ aldь men propagandijsterdiŋ вilimin tolьqtьruvdь qamtamasьz etyvge tijis.

Qazaƣьstan partija ujьmdarьnьŋ tarьjqь ec qandaj negizge syjenвesten çeti dəvirge вølinip keldi:

1- dəvir — Qazaƣьstanda peвral reвolytsijasьna dejingi reвolytsijalьq qozƣalьstar.

2- dəvir — peвral reвolytsijasь çana Ulь proletarijat reвolytsijasьnьŋ çeŋyvi ycin kyres.

3- dəvir — partija ujьmdarь Qazaƣьstanda Sовet økimeti ornaƣan alƣacqь dəvirinde.

4- dəvir — azamat soƣьsь, Qazaƣьstannьŋ sовettik aptonomijasь ycin kyres. Oвьlьstьq partija ujьmьnьŋ qurьluvь. (1918-çьlƣь yjin-1920-çьl).

5- dəvir — Qalьq caruvacьlьƣьn qalpьna keltiryv çolьndaƣь kyres çana Orta Azijadaƣь ulttardьŋ cek arasьn вølyv. (1921-1928-çьldar).

6- dəvir — вirinci вes çьldьq, partijanьŋ sara çolьn çyzege asьruvda sol dəvirde вolƣan qateler men asьra siltevler.

7- dəvir — ekinci вes çьldьq ycin kyres çana Qazaƣьstannьŋ çaŋadan ørkendevi.

Kørip otьrsьzdar, вul sqema вojьnca tarьjq—Qazaƣьstan partija ujьmьnьŋ tarьjqь emes, qajta azamattьq tarьjqqa uqsastav вirdeme вolьp cьqqan. Bul вizdiŋ tarьjqcьlarьmьz вen partija tarьjqь çajьndaƣь ədeвijetimizde partija tarьjqь men Qazaƣьstan partija ujьmьnьŋ tarьjqьn marksijstikke negizdelgen, çete tekserilip, вir toqtamƣa kelgen dəvirge вølyvdiŋ çoqtьƣьnan вoldь. Sondьqtan partijamьzdьŋ køsemi Stalin çoldastьŋ BK(в)P-nьŋ tarьjqьn çazuvcьlarƣa çazƣan qatьndaƣь nusqavlarьna səjkes Qazaƣьstan partija ujьmьnьŋ tarьjqьn meniŋ ojьmca mьnadaj sqema men qurav kerek:

1. Bolceвiktik toptardьŋ quraluvь çana Qazaƣьstandaƣь ult-reвolytsijacьl qozƣalьsta proletarijattьŋ gegemonijasь (1905-1917-çьldar).

2. Qazaƣьstan вolceвikteri Øktəвrdegi sotsijalistik reвolytsijanь əzirlev çana øtkizyv dəvirinde (1917-çьldьŋ apreli-1918-çьl). Qazaƣьstanda вolceвiktik ujьmdardьŋ qurьluvь (1917-1918-çьldarь).

3. Qazaƣьstandaƣь вolceвiktik ujьmdar azamat soƣьsь dəvirinde (1918-1920-çьldarь).

4. Qazaƣьstan partija ujьmdarь qalьq caruvacьlьƣьn qalpьna keltiryv çolьndaƣь tьnьctьq çumьsqa køcken dəvirde (1921-1925-çьldar).

5. Qazaqьstan bolcebikteri elimizdi sotsijalistik indystrijalandьruv çolьndaqь kyreste (1926-1929-çьldar).

6. Qazaqьstan bolcebikteri avьl caruvacьlьqьn sotsijalistik qajta quruv çolьndaqь kyreste (1930-1934-çьldar).

7. Qazaqьstan bolcebikteri sotsijalistik qoqamdь qurьp cьquv çolьndaqь kyreste çana stalindik çaŋa Konstijtutsijanьŋ qoldanьluvь. Qazaqьstan — Odaqtas respyvlijka (1935-1937-çьldar).

Qьlьmqa çana marksistik køz qarasqa negizdelingen Stalinniŋ sqemasьna çanaspajtьn bolqandьqtan Qazaqьstan partija ujьmdarьnьŋ tarьjqьn ,oqьp-yjrenyv çajьndaqь vurьnqь plandь mylde qaldьruv kerek.

Qazaqьstan partija ujьmdarьnьŋ tarьjqь çajьndaqь kitaptarьmьzda çoqarьda ajtьlqan kemcilikterden basqa da maŋьzdь kemcilikter bar. Ol— bizdiŋ partija ujьmdarьmьzdьŋ damuvьndaqь øzgecelikterdi eskermej ketyvcilikte edi. Eger bizdiŋ partijanьŋ øtkendegi damuvь çana onьŋ buqaralьq partija ujьmьna ajnaluvь burçuvazijalьq qurьlьstьŋ kezinde bolsa, bizdiŋ Qazaqьstan partija ujьmdarьnьŋ damuvь çana onьŋ buqaralьq partija ujьmьna ajnaluvь sovet qurьlьsь kezinde, proletarijat diktatuvrasь kezinde boldь.

Kej bir tarьjqcьlarьmьz Qazaqьstan partija ujьmdarьn tipti 1905-çьlqь revolytsija dəvirinde aq buqaralьq partija ujьmь boldь dep dəleldemek boladь.

Qazaqьstan partija ujьmьnьŋ quralьp, øsip çana çavlardь çeŋip cьquvьna partijamьzdьŋ negizgi ujьtqьsь — BK(в)P-nьŋ qol ma-qol kømegi tijgendigi bizdiŋ osь kyngi ədebijetimizde købinese umьt qalьp çyr.

Qazaqьstan bolcebikteri ult məselesinde ulь orьscьldьq covijnijzmi men çergilikti ultcьldьqqa qarsь çana oŋcьldar men „solcьldarqa" qarsь eki majdanda qalaj kyreskendigi, buqara men bajlanьstь marksistik kadrlarьmьzdьŋ qalaj øsip cьnьqqandьqь bizdiŋ osь kyngi Qazaqьstan partija ujьmьnьŋ tarьjqь çajьndaqь ədebijetimizde çetkilikti tyrde acьlьp ajtьlmaj keldi çana solaj bolьp ta çyr.

Qazaqьstan partija ujьmьnьŋ tarьjqьn bajandavdaqь irgeli məseleniŋ biri bizdiŋ partija ujьmdarьmьzdьŋ ult məselesinde eki majdanda kyreskenin durьs acьp beryv bolьp tabьladь. Bizdiŋ partija ujьmdarьmьzdьŋ ult məselesindegi ava çajьluvcьlar men kyresteriniŋ kej-bir kezeŋderin Ølkelik partija komijteti negizinen durьs kørsetip otьrdь, Mirzojan çoldastьŋ atьna bergen belgili telegramьndaqь Stalin çoldastьŋ dijrektijvalь nusqavьnan avьtqьdь dep, Ølkelik komijtetti ajьptamaq bolqandarqa Ølkelik komijtettiŋ VII plenuvmьnda soqqь berildi.

1933-1936-çьldardьŋ arasьnda Qazaqьstan partija ujьmь Ølkelik partija komijtetiniŋ bascьlьqь arqasьnda ult məselesindegi eki majdanda kyresti çana satьqa køterdi. Bastь qavьp — ulь orьscьldьq covijnijzmi men kyrese otьrьp, çergilikti ultcьldьqqa qarsь çana burьnnan cirik ədet bolьp kelgen çikcildikke qarsь kyrestiŋ avьr salmaqьn çumsaj otьrьp, partija ujьmь Lenindik-Stalindik ult sajasatьn tabandь tyrde yzdiksiz, is çyzine asьrьp keledi.

Tarьjqtь propagandьlavda partijamьzdьŋ çana Qazaqьstan partija ujьmьnьŋ tyrli zьjandь aqьmdar men çikterge qarsь kyresyv tarьjqьnьŋ orьnьna duspandarьmьz — Alac-ordanьŋ tarьjqьn kørsetyvge tьrьsqandьq boldь (Brajnin — Capijro, Myvsin çana basqalarь), biraq bul ərekketterdi Ølkelik partija komijteti kezinde əckerelep, ol ərekketterdiŋ zьjandь ekenin partija ujьmdarьna tysindirdi.

Aldьmьzda turqan bastь mindet—Stalin çoldastьŋ nusqavь bojьnca qazaq tilinde BK(в)P tarьjqьnьŋ çana Qazaqьstan partija ujьmь tarьjqьnьŋ oquv kitabьn çazьp, bastьruvdь ujьmdastьruv.

QK(ʙ)P Alma-Ata qalalьq komijtetiniꞑ nusqavcьsь

# Nusqavcьlar çumьsьna mьqtь ʙascьlьq kerek

Bolьp ɵtken QK(ʙ)P-nьꞑ Almatь qalalьq çana Almatь qalasьndaƣь avdandьq partija konperensijalarь partija komijtetteriniꞑ nusqavcьlarьnьꞑ çumьstarьna kɵp kɵꞑil ʙɵldi, nusqavcьlar çumьstarьnda bolƣan bastь-bastь kemcilikterdi ɵte durьs acьp kɵrsetti. Konperensijada partija komijtetteriniꞑ nusqavcьlarь men bastavьc partija ujьmdarьnьꞑ arasьndaƣь çandь qatьnastьꞑ çetkiliksiz bolƣandьƣьn, kej ʙir nusqavcьlardьꞑ ɵz qaravьndaƣь ʙastavьc partija ujьmьn, ondaƣь kommunisterdi çete ʙilmejtindigin, ujьmnьꞑ çumьsь men tolьq tanьsa almajtьndьƣьn ajttь. Kej ʙir partija ujьmdastьruvcьlarь men partkom sekretarlarь ɵzderiniꞑ kyndelikti çumьstarьnda nusqavcьlar tarapьnan tolьq ʙascьlьq, tijisti kɵmekter kɵre almaƣan. Osь 1937-çьldьꞑ ʙasьnan ʙeri qaraj Narkomles, Ɵlkelik saqtьq kassasь, Sovnarkomnьꞑ dem alьs yji çanьndaƣь ʙastavьc partija ujьmdarьna ne qalalьq ne avdandьq komijtetterdiꞑ nusqavcьlarьnьꞑ birde ʙirevi ʙarmaƣan. Ujьmnьꞑ çumьsь men olardьꞑ çasaƣan qavlь qararlarь arqьlь ƣana tanьsьp otьrƣan.

Osь çoƣarƣь kemcilikterdi kɵrsete kelip, partija konperensijalarь aldaƣь vaqьtta ʙastavьc partija ujьmdarьna kyndelikti çol ʙascьlьqtь kycejtyv kerek ekenin ajttь. Onьꞑ ycin qalalьq avdandьq partija komijtetteriniꞑ çaꞑa sostaptarьna nusqavcьlar apparatьn dajarlьqtarь kycti, tolьq tekserilgen kommunisterden qurastьruvdьꞑ qaçet ekendiginiꞑ çana nusqavcьlardьꞑ çumьsьna sekretarlar tarapьnan kycti çol ʙascьlьq kɵrsetyvdi tapsьrdь.

Sol partija konperensijalarьnda kɵrsetilgen kemcilikterdiꞑ ʙarlьƣь da nusqavcьlardьꞑ ɵz mindetterin atqara ʙilmegendiginen, ne atqarƣьsь kelmegendiginen, tipti ʙolmasa kaʙijnetterinen cьqpaj otьrьp aluvƣa daƣdьlanƣandьƣьnan tuvƣan eken devge ʙolmajdь. Bulardьꞑ kɵʙi nusqavcьlar arasьndaƣь ʙascьlьq çumьstarьnьꞑ kemistiginen, olardь qьzmetke durьstap pajdalanʙaƣandьqtan, kimniꞑ qandaj çumьs istep çyrgendigin, onьꞑ isinde qandaj kemcilikter ʙar soƣan partija komijtetteriniꞑ sekretarlarьnьꞑ çete kɵꞑil ʙɵlmegendiginen de bolƣan kemcilikter.

Almatь qalasьndaƣь avdandьq partija komijtetteriniꞑ nusqavcьlarьn almaƣan kyndede, qalalьq komijtettiꞑ nusqavcьlarьnьꞑ ʙir-ekevinen ʙasqalarьnьꞑ ʙarlьƣь da çaꞑa adamdar. Olar ʙurьn partija ʙascьlьq qьzmetinde ʙolƣan emes. Partija dokuvmentterin avьstьruv qarsaꞑьnda olardь ɵndiristen alƣan. Mьjsalь, Tijmopejip, Karakyvlijna taƣь ʙasqalar. Olardьꞑ kɵʙi 1937-çьldьꞑ ʙasьna dejin ɵz qьzmetterine durьs pajdalanьlmadь. Partija dokuvmenterin avьstьruvda ne regijstrator, ne dokuvment toltьruvda taƣь sondaj çazuv qьzmetterinde otьrdь. Bul mezgilde olar ʙastavьc partija ujьmdarьnьꞑ kyndelikti çumьstarь men çete tanьsьp otьra almadь. Meniꞑ de qalalьq partija komijtetiniꞑ apparatьna caruvacьlьq nusqavcьsь ʙolьp kelgenime çьldan astь. Sonьꞑ icinde çьlƣa çaqьn mende ьlƣьj partija dokuvmentterin toltьruv, kelgen dokuvment qaƣazdardь çornalƣa tirkev, solardьꞑ atcottarьn çasav men ʙoldьm. Ol mezgilde əri-ʙeri çyrip turuvƣa, qalqozdarƣa ʙarьp qajtuvƣa mende ec qandaj mymkindik ʙolƣan çoq.

Syjtip nusqavcьlarqa kebinese keŋsede qaqaz çazьp berip otьrьp qana qьzmet atqaruvqa tuvra keldi. Əsirese Almatь qalasь avdandarqa belinbesten burьn qalalьq komijtettiŋ nusqavlarьnьŋ barlьqь da qur qana teleponnьŋ tybinde otьrьp, tyrli məlimetterdi çьjnav men boldь. Munьŋ ekinci sebebi, çoldas Brijkylistiŋ tusьndaqь çumьs „sijstemasь"nьŋ ezi solaj qurьlqandьqtan edi. Sol ədet bir talajqa dejin kep çoldastardan qalmaj keldi. Buqan bir qana mьjsal keltirelik, osь 1937-çьlqь 8-mart mejramьnan eki yc kyn burьn qalalьq partija komijtetiniŋ partkadrlarьnьŋ meŋgeryvcisiniŋ orьnbasarь çoldas Katuvrganьŋ 8-martqa dajarlьq çyrgizyv maqsatь men, nusqavcьlar basьna 82 grapalь məlimetter çьjnavqa tapsьrdь.

Munьŋ ezi qalqozdarqa, temir çolqa, savda orьndarьna taqь basqalarqa birdej „standart". Onьŋ icinde əjelder, komsomoldar, tilektester, staqanьpcьlar arasьndaqь çumьstar men sajasij-tərbije çumьstarьnьŋ barlьqь da bar. Bul „mindetti tapsьrmanь" orьndav srogь eki-aq kyn. Sol eki kynniŋ icinde ər bir bastavьc partija ujьmdarьnan 82 suravqa çavap aluv kerek.

Munь orьndav ycin taban avmaj telepon tybinde otьruvdan basqa cara çoq. Onьŋ ystine Lernova sьjaqtь çoldastardьŋ qaravьnda 80 bastavьc partija ujьmь bolsa, onьŋ ər qajsьsьnan 82 den saval surav ycin qanca vaqьt kerek bolar edi?...

Mine, bul nusqavcьlar çumьsьna bascьlьq etyvdiŋ bir tyri bolatьn. Brijkylis, Katuvrgalar tusьndaqь ç mьstьn „stijli" osьlaj edi. Bujrokrattьq bascьlьqtьŋ mundaj zьjandь „stijlin" Katuvrga çoldas kejingi kynge dejin qaldьrmaj keldi.

Nusqavcьlardьŋ sajasij-ijdeja çaqьnan esyvlerine, bolcebijzmge çetile bilyvlerine, çalpь bilimderin keteryvge burьnqь, soŋqь sekretarlardьŋ qaj-qajsьsь bolsa da çetkilikti keŋil belmej keldi. Qalalьq partija komijtetiniŋ nusqavcьlarьnьŋ birde birevi ec qajda oqьmajdь. Bastavьc partija ujьmьnьŋ ujьmdastьrqan partija tarьjqьn oqьtatьn kruvçoginiŋ sabaqь da birde bolsa birde bolmajdь. Nusqavcьlardьŋ kebi endiristen kelgen çoldastar, olardьŋ sajasij bilimderi temen, sondьqtan qalalьq partija komijteti olardь qьsqa merzimdi kuvrьstarqa çiberip, sajasij bilimderin keteryvdi qolqa aluv kerek edi. Is çyzinde olaj bolmaj otьr.

Karakyvlijna sьjaqtь nusqavcьlar—meniŋ endiriste istep çyrgenimde sajasij bilimimdi keteryvge mymkindigim kep edi. Oquvcь edim. Mende kəzir ol mymkindikter ete az. Qalalьq partija komijtetiniŋ apparatьna kelgeli sajasij bilimim ajtarlьqtaj esip ketti dej almajmьn-dejdi. Bul cьnьnda da solaj. Qaladaqь avdandьq partija komijtetteri nusqavcьlarьnьŋ bilimderin keteryvdi eskermej çyr.

Ortalьq Partija Komijtetiniŋ pebral Plenuvmьnьŋ tarьjqьj qavlьsь men çoldas Stalinniŋ bergen nusqavlarьna səjkes bastavьc partija ujьmdarьnьŋ çumьstarьn qajta quruvqa bascьlьq ete alamьz, dev ete qьjьn. Onьŋ ycin bizderge kynbe-kyn sajasij-ijdeja çaqьnan yzdiksiz esip otьruv kerek.

Bizde qalalьq partija komijtetiniŋ nusqavcьlarьnьŋ anda-sanda ez ara məçilisteri bolьp turadь. Mundaj məçilisterge bizdiŋ kyndelikti çumьstarьmьzda qandaj kemcilikter bar—onь acьp kersetken emes. Kebinese bir çaŋalьqtь isterdi qalaj çyrgizyv kerektigi çajьnda nusqavlar qana alьp otьrdьq. Osь kynge dejin qalalьq partija komijtetiniŋ nusqavcьlarь men qala icindegi avdandьq partija komijtetteriniŋ nusqavcьlarьnьŋ birikken məçilisi, ez ara çumьs təçirijbesi men avьsuv degen bolqan emes. Ər kim ez bilgeni men bolьp keledi. Sol sьqьldь Almatь oblьstьq partija komijtetiniŋ nusqavcьlarьnьŋ da kej birevleri qalalьq partija komijtetiniŋ qaj beliminde qanadj nusqavcь istejtindigin qaqazdan kerip atьn bilmese,

ɵzin tanьmas. Olar da bizge ɵtę az keledi. Munьŋ barlьqь da nusqavcьlar arasьnda bir birine bascьlьqьnьŋ, bajlanьsьnьŋ azdьqьn, ɵz ara çumьs təçirijbesi men avьspajtьndьqьn, bul çumьsqa sekretarlardьŋ çetkilikti kɵŋil bɵlmejtindigin kɵrsetedi.

Bul kemcilikterdi tygel çojuv ycin aldaqь kynde sekretarlar tarapьnan nusqavcьlardьŋ kyndelikti çumьsьna bascьlьqtь kycejtyv kerek. Nusqavcьlar məçilisin çiji caqьrьp, onda sekretarlar ər kimniŋ kyndelikti qьzmetindegi kemcilikterin acьp kɵrsetip, onь qalaj tyzevdi nusqap otьratьn bolsьn. Bizde burьn bujroda qaralatьn məselelerdi dajarlavda nusqavcьlardьŋ qatьsь nacar bolqan. Budan bьlajqь çerde bujroda qaralatьn məselelerge nusqavcьlar tolьq qatьnastьrьlьp otьrьlsьn. Sonda qana nusqavcьlardьŋ ijnsijatijbi kɵteriledi. Onь men qatar nusqavcьlardьŋ oquvьna, olardьŋ sajasij çaqьnan ɵsyvine ajьrьqca kɵŋil bɵlyv kerek.

# ÇER-ÇERDIŅ QATЬNAN

## Partija oquvь qajta qurьldь

Bajaņ avьl avdanьnda soņqь vaqьtqa dejin partija oquvь programmasьz qalaj bolsa solaj çyrip keldi. Onьņ ystine partija oquv kruvçoktarьnda kөbinese aqьmdaqь sajasattar qana oqьlьp, partija tarьjqьn oquvqa kөņil вөlinвedi.

BK(в)P Ortalьq Komijtetiniņ plennvmьnda çasaqan kөsemimiz Stalin çoldastьņ tarьjqьj bajandamasьnda kөrsetilgen kommnvnisterdi bolcevijzmge çetiltyv, propaganda çumьsьn belgili satьqa kөteryv mindetterin is çyzinde orьndav maqsatь men avpartkom eņ aldь men partija oquvьn qajtadan qurdь.

Вurьn avdan kөleminde partija tarьjqьnьņ kruvçogi 3 çerde bolsa, endi 7 çerden acьldь. Onьņ icinde birevi sajasij dajarlьqь çaqsь çoldastar ycin ujьmdasьp, munda oqьjtьn çoldastar (avpartkom bujro myceleri çana avdandaqь basсь qьzmetciler) partija tarьjqьn Lenin-Stalinniņ 3 tomdьqьnan oqьjdь.

Вuqan cejin partija oquvьn basqaratьn propagandijster kөbinese sajasij bilimderi tөmen çoldastar edi. Endi sajasij kruvçoktardь avdandaqь partija aktijpteri, avpartkomnьņ propagandijsteri meņ nusqavcьlarь basqaratьn boldь. Kommunisterdiņ bir-birinen 15-20 km dej qacьq turatьn çerlerde ajьna yc kyn qatarьnan kuvrs-konperensija өtkiziletin boldь. Sajasij sabaqtar Qazaqьstan kompartijasьnьņ ygit-propaganda bөlimi kөrsetken programmasь bojьnca çyrip otьradь. Aqьmdaqь sajasat sajasij oquv kynderinen basqa kynderde өtedi. Sajasij kruvçoktardь basqaratьn çoldastar bilimderin tolьqtьrьp otьruv ycin әdeji acьlqan kruvçoktarqa qatьnasьp turadь. Ygit-propaganda çumьsьn tijisti satьqa kөterip çana bolcebijzmge çetilyv mindetin orьndav ycin osьndaj caralar alьndь.

Endigi çerde avpartkom bul partija oquvьnьņ nәtijçeli өtyvin udajь qadaqalap, tekserip çana oqan bolcebiktik bascьlьq kөrsetip otьruvь kerek.

**Çamalijtdenip Q.**

Bajan avьl avpartkomьnьņ propagandijsi

## Partija caruvacьlьqьna өte uqьptьlьq kerek

Qaraketken MTS çanьndaqь bastavьc partija ujьmь, partija çumьsьn tәrtiptevdi eņ әveli partija dokuvmentterin uqьptь saqtavdan bastadь, yjtkeni, partija ujьmьnьņ вurьnqь isi bizdiņ soņqь isimizdi çөndevge ylken sabaq boldь. Partija ujьmьnьņ вurьnqь partija ujьmdastьruvcьsь çoldas Elevsinip partija çumьsьna өte salaq qarap, kyni kecegi partija orьndarьnьņ sajlavь өtkizilgence, partija protokolь delasьnьņ icine tolьp çatqan partijadan basqa orьndardьņ qavьlsьn qosa tigip partija protokolь men birge nөmirlep kelgen.

Mьjsalь: 1936-çьlqь partija delalarьnьņ icinde 10, 1937-çьlqь partija delalarьnьņ icinde II partija protokolьnan basqa bir nece qavьlar sьqtь.

Ərijne, ʙul paktiler soꞑƣь partija isin aluvdaƣь çasalƣan aktide ƣana anьqtalьp otьr. Onьꞑ ystine partija ujьmьnьꞑ isi çospar men çyrgizilmegen. Tek qana partija ujьmьnьꞑ eseʙinde turatьn 7 partija mycesi, 4 kandijdattьꞑ ƣana eseʙi ʙolmasa, ʙasqa çumьstarьnda tyk esep ʙolmaƣan. Avьzca sanalьp çyrgen 6 partijaƣa tilektestiꞑ eseʙi de durьs emes. Oƣan dəlel: 1936-çьl icinde ʙarlьq dokuvmentterin toltьrьp arьz ʙergen çaqsь traktorijst Esmaƣamʙetip, Çetpisʙajьp çana uvcaskelik agroteqnijk Əlijakʙarьptar, ʙastavьc partija ujьmьnьꞑ çьjьlьsьnda da, rajkom ʙujrosьnda da ɵtpegen, olardьꞑ dokuvmentteri əli kynge syr ʙolьp saqtalpьtь. Endi qalƣan 3 partijaƣa tilektestiꞑ ʙirevi Baʙacьptьꞑ ʙastavьc partija ujьmьnda ɵtken protokolь çoq. Mine ʙul sьqьldь uqьpsьzdьqtar partija ujьmdastьruvcьnьꞑ çumьsьnda kɵp kezdesedi.

Sondьqtanda ɵndigi çerde MTS çaꞑьndaƣь ʙastavьc partija ujьmьnьꞑ bastь ʙir mindeti, partija protokolьn tərtiptep, partija ujьmьnьꞑ ʙarlьq dokuvmentterin ɵte uqьptьlьq pen taza, çasьrьn saqtavƣa ʙarьnca kɵꞑil ʙɵlyv kerek ʙoldь. Partija qaƣazdarьna uqьptьlьq ɵte çavaptь mindet, munь ʙir myjnette esten сьƣarmavьmьz kerek.

**Çarьlqasьnьp**

Qaraketken MTS çaꞑьndaƣь ʙastavьc partija ujьmьnьꞑ partija ujьmdastьruvcьsь

# Kecki partija mekteʙi ujьmdastьrьldь

Ɵktəʙir avdanьnda partija oquvь osь kezge dejin durьs çolƣa qojьlmaj, partija oquvьnьꞑ sanьna ƣana qьzьƣьp, sapasь ɵte tɵmen ʙolьp keldi. Çuvьrda avpartkomde kommunisterdiꞑ çalpь çьjьlьsь ʙolьp, kommunister partija oquvьndaƣь kemcilikterdi, oquvdь ʙasqarƣan propagandijsterdiꞑ sajasij ʙilimderi tɵmen ekendigi tuvralь сьƣьp sɵjledi. Osьnan kejin avpartkom avdan ortalьƣьnan sajasij savatь çaqsь çoldastardan yc adamdь avьlƣa сьƣardь, ʙular partija kruvçoktarьna ʙarьp ʙascьlьq etpek. Sonь men qatar avdan ortalьƣьndaƣь partkəʙijnet çanьnan 5 kisilik konsultant toʙь ujьmdastьrьldь. Bular propagandijsterge sajasij konsultatsija ʙerip otьrmaq. Çeke uvcəskelerde de partija oquvьna avpartkom asa kɵꞑil avdarьp otьr.

Kommunisterimizdiꞑ sajasij ʙilim çana çalpь ʙilim dəreçesin kɵteryv maqsatь men Qoꞑьr ɵleꞑ uvcəskesinen ʙir çarьm çьldьq kecki partija mekteʙi acьldь. Bul mektepke sol uvcəskedegi qalqoz sapqoz ɵndiristerinde istep çyrgen kadrlarьmьzdan 22 adam tartьldь, munьꞑ icinde partija mycesi-12, partija kandijdatь-3, komsomolister-4, tilektester-3. Oquv programь ʙojьnca kynine 6 saƣattan ajьna 5 ret çyrip turadь. Oquv 5-peʙraldan ʙastaldь. Oqьlatьn pənder-partija tarьjqь, sajasij savat, aqьmdaƣь sajasat, ana tili, esep çana çaƣrapija.

Mekteptiꞑ alƣacqь ujьmdasqan kezinde propandijster sostaʙьnьꞑ tolьq ʙolmavь, oquvdьꞑ programmasьz, raspijsanijasьz ɵtyvi, tьꞑdavcьlardьꞑ oquvƣa tolьq qatьnaspavь sьjaqtь ʙir qatar kemcilikter ʙolьp keldi. Oquvdьꞑ ʙaruv qarsaꞑьnda ʙul kemcilikter çojьlьp, kəzirde oquv kɵꞑildegidej çyre ʙastadь. Osь kezdegi oquvƣa ylken kedergi çasap turƣan qazaq tilinde partija tarьjqьnьꞑ kitaʙь men ʙasqa oquv quraldarьnьꞑ tapcьlьƣь çana oʙlьstьq partija komijtetiniꞑ mektepke kerekti qarçьnь çiʙermej otьrƣandьƣь.

Θtken ajdaqь sabaqtьŋ qortьndьsь tьndavcьlardьŋ sajasij çana çalpь bilim dəreçesi adəvir keterilip, qalqoz-sapqoz əndiristerine kerekti çaŋa kadrlar dajarlavda kecki mektep ylken çərdemici bola alatьndьqьn kərsetti.

**Keŋçebekip A.**

QK(b)P Θktəbir avdandьq komijtetinin cıattь propagandijsi.

## Partijaqa çaŋadan adam aluvda tyk çumьs çoq

Ortalьq Partija Komijtetiniŋ partija qatarьna çaŋadan myce aluv çenindegi qavlьsьn Tarbaqataj avdandьq partija komijteti durьs uqьnьp, onь iske asьruvda osь kynge dejin tijisti çumьs ujьmdastьra almaqan. Avdanda 84 partija kandijdatь bar. Osьnьŋ icinen tek qana avparkomьnьŋ qasьndaqь partkomnen bir çoldas partijaqa ətken. Ol avdandьq komsomoldar komijtetiniŋ ekinci sekretarь Boranbajьp çoldas. Kandijdattardьŋ bəride savattь. Θz betteri men sajasij bilimderin kəterip partija qatarьna ətyvge bəri de talaptanadь. Bir sьpьra çoldastar partijaqa ətyvge arьz berip dokuvmentterin əlde qacan tapsьrьpta qojdь. Avpattkom, sol arьz bergen çoldastardьŋ da bilimderin, sajasij ijdejalьq dəreçelerin kəterip, iriktep partijaqa aluvqa əli kirisken çoq. Avdanda 18 tilektester bar, bular kəbinese avьl caruvacьlьqьnьŋ ekpindi, staqanьpcьlarь, respvvblijkamьzdьŋ qurmetti azamattarь. Biraq tilektester arasьnda da sajasьj tərbijbe çumьsь nacar. Partija qatarьna çaŋadan myce aluvqa dajarlьq çumьsь çoqtьŋ qasь. Avpartkom bul çumьstь cьndap qolqa aluvь kerek.

**Qajcьbajьp**

Tarbaqataj avpartkomьnьŋ nusqavcьsь

## Partija qatarьna adam aluvqa çeŋil qaravcьlьqtь çojuv kerek

Sol tystik Qazaqьstan obьlьsьndaqь kej bir partija ujьmdarь kandijdattardь partija myceligine ətkizyv, çaŋadan kandijdattar aluv çumьstarьna at ysti qarajdь. Eŋbekcilder rajkomь Qasanьp çoldastь kandijdattan partija myceligine ətkizerde dokuvmentterin tygel tekserip qarap sьqpaj, partija myceligine alьnsьn dep, qavlь sьqara salqan. Kepildik beryvci çoldastardьŋ birevi Smaqulьp ənketke qol qojmaqan, qalqan eki kepildeme beryvci çoldastar bireviniŋ ornьna birevi qol qojqan. Qalqozdaqь bastavьc partija ujьmьnda Qasanьp tuvralь bajandama çasaqan partorg Sultanqazijn bolsa, rajkom bujrosьnda Qasanьp tuvralь qalqoz predsedatili Bejsembajьp bajandama çasaqan.

Presnop rajkomь Qasьmьp çoldastь kandijdattan partija myceligine ətkizerde rajkom bujrosьna bastavьc partija ujьmьnьŋ partorgьsь men Qasьmьp çoldastьŋ əzin qatьnastьrmaqan, Qasьmьptь partija myceligine ətkizyv tuvralь bolqan çьjnalьsta Qasьmьp tuvralь obqьp səjlegen çoldastardьŋ səzderin bastavьc partija ujьmь qavlьda çazbaj ketken.

Sol sьjaqtь Ymbetip çoldastь kandijdattьqqa alarda bastavьc partija ujьmьnьŋ partorgьsь de Ymbetiptiŋ əzi de rajkom bujrosьna caqьrьlmaqan. Qasьmьp sьjaqtь bul çoldas ta sьrttan alьna salqan.

Bul sьjaqtь paktiler az emes. Onьŋ ystine partijaqa kiryvcilerdiŋ ənketteri kөp çerde salaq toltьrьladь, kөbinese ənkettiŋ grapalarьn toltьrmaj aq kyjinde qaldьradь.

Partijaqa çaŋadan adam aluv ajьrьqca çavaptь çumьs. Munь Ortalьq Partija Komijteti men Stalin çoldastьŋ өzi kyn sajьn partija orьndarьna eskertip keledi. Solaj вola tursa da вir sьpьra partija orьndarь bul çavaptь çumьsqa at ysti qaravcьlьqtь tastamaj çyr. Bul sekildi вejqamdьqtan partija orьndarь saq вoluvlarь kerek.

**Ilijasьp S.**

QK (в) P sol tystik Qazaqьstan oвkomьnьŋ nusqavcьsь

## Sajasij oquvqa çavapsьz qaravdьŋ вir paktьsь

Mart ajьnda Eralь balьq zavьtьnda partijanьŋ sajasij oquvь вoldь. Kezektegi tema Өlkelik partija komijtetiniŋ VII-plenuvmьnьŋ qortьndьsь tuvralь eken. Saвaqtь вasqaruvcь propagandijs Dyjsenip. Saвaqqa qatьnasuvqa tijisti 9 kommunistiŋ 5 aq keldi. Dyjsenip çoldastьŋ saвaqtь өtkizyvge alьp kelgen quralь çьrьm-çьrьm вolьp, sav tamtьqь qalmaj çьrtьlqan „Prijkaspijskaja praвda" gazeti. Bul gazette VII-plenuvmnьŋ вirinci məsele tuvralь qavlьsь вasьlqan. Biraq tanьp oquv qьjьn. Dyjsenip çoldas saвaqtь вastap, əlgi çьrtьq gazetti tьŋdavcьlardьŋ вirevine usьnьp „oqьta" вastadь. Ol oquvcь eçiktep oqьqan вolьp otьr. Dyjsenip çoldastьŋ tьŋdavcьlarьnьŋ orьsca вilmejtindigi men çumьsь da вolqan çoq. Çьrtьq „gazet" oqьlьp вitkennen kejin suraq вastaldь. Tyk tysinвej qalqan oquvcьlar an-taŋ, вirine вiri qarajdь. Berilgen suraqtarqa qaraqanda propagandistiŋ өzi de saвaqqa dajarlanьp kelmegen.

Əri вeri otьrqannan kejin, saвaq osь men вitti dedi Dyjsenip çoldas. Tьŋdavcьlar tarap ketti.

Bul sekildi „sajasij oquv" вuqan cejin de вolьp kelgenge usajdь. Yjtkeni sajasij oquvqa qatьnasuvcьlardьŋ вilimi өte tajaz. Propagandijs Dyjsenip çoldastar qur sajasij saвaqtьŋ qanca өtken sanьna qana məz вolьp çyr. Bolcijвizmge çetilyv uranь aldьmьzda turqan eŋ вastь mindetimizden sanaladь. Al Dyjsenip çoldastьŋ saвaq çyrgizyv ədisi вolcevijzmge çetilyvge uqsamajdь. Sondьqtan propagandijs Dyjsenip pen portorg Amanepesip çoldastar qatelerin tyzetyvleri kerek.

**Nurьcьp Ol.**

Maŋqьstav avpartkomьnьŋ nusqavcьsь

## Ygit çumьsьn naqtьlь iske вajlanьstьra вilejik

Avdan kөleminde 6 çerden partija oquvьnьŋ mekteвi ujьmdastьrьlьp 125 kommunis oquvqa tartьldь. Partija oquvьn вasqaruvqa avpartkomьnьŋ nusqavcьlarь, ctattь propagandijsteri вekitildi. Osь kyni sol mektepterdiŋ вərinde de oquv vaqьtь men çyrip turadь, oquvqa qatьnasuv çaqь durьs tərtipke qojьldь.

Oquvdьŋ sapalь вoluvьna ajrьqaa kөŋil вөlinedi. Oquvqa qatьnasqan kommunister өtken temalardь (partija men ykimettiŋ qavlь qararlarьn) çaqsь вilip qana qojmaj, sol alqan вilimderin kyndelikti is çyzine asьra вilyvge

tьrьsadь. Osьnьŋ nətijçesinde kommunister alqan bilmderin naqtili iske вajlanьstьra aluvda вiŋ sьрьra təçirijвeler alьp qaldь. Kommunisterdiŋ вelsendiligi эsti.

Partija oquvьna qatьnasьp çyrgen kommvnis çoldastardan 15 kisi, avdan ortalьqьndaqь partija əktipterine 25-kisi qalqozcьlar arasьnda partija ygit-tərвije çumьsьn çyrgizyvge вelgilendi. Avdan kөlemindegi qalqozdardьŋ вarlьqь kəzir ygitciler men tegis qamtьldь. Qalqozcьraqa partija men ykimettiŋ qavlь qararlarьn oqьtьp, partija men ykimet aldьmьzqa qojьp otьrqan ulь maqsattardь is çyzinde orьndavqa çurtcьlьqtь çumьldьruv ycin вir sьрьra çumьstar istedi. Qalqozdardaqь ygitciler ycin avpartkom yc çerden semijnar ujьmdastьrьp, onьŋ вastьqь avpartkomnьŋ вirinci sekratarь вolьp, avpartkomnьŋ вujro myceleri вasqarьp otьradь. Ygit-tərвije çumьsьn durьs çolqa qojьp, çurtcьlьqtь tijisti çumьstьrqa çumьldьra вilgenniŋ nətijçesinde avdanьmьz вьjьl egistik çosparьn saŋ çaqьnan da sapa çaqьnanda çaqsь orьndap cьqtь.

**Bejisip**

Uvrijtskij avpartkomьnьŋ ctattь propagandijsi

## Ygitciler kollektiвi

Avdan вojьnca 22 çerde partija tarьjqь men sajasij savat mektepteri вar. Onьŋ 5 pattija tarijqьnьŋ kruvçogь, 17 sajasij savat kruvçogь. Bul kruvçoktarda вarlьqь 374 adam oqьjdь, onьŋ icinde partija mycesi-61, partija kandijdatь-48, tilektester-57, komsomolester-35, partijada çoqtarь-362. Avdan вojьnca qat вilmejtin kommunis 1 cala savattьlarь-10. End, osь çoldastardь tolьq savattь etyv çumьsьn qolqa alьp otьrmьz.

Avdan вojьnca ygitciler kollektiвi 2 çerde, ygitciler gruvppasь 6 çerde; вulardьŋ вəri de qalqoz ortalьqtarьnda. Bul kollektipter men gruvpparlarda ygitciler men əŋgimepiler sanь 43, munьŋ icinde partija mycesi-17, partija kandijdatь-23. Bulardьŋ aj sajьn uvcaskelik çьjnalьstarь өtkizilip otьradь.

Ygitciler men əŋgimeciler qalqozcь, çumьscьlar arasьnda kөpcilik propaganda ygit çumьsьn çyzgizedi. Qalqozcь, çumьscьlar çurtcьlьqь partija men ykimettiŋ qavlь qararlarьn saвaq retinde oqtьtьp yjretip keledi.

**Əlimвajьp**

Sozaq avpartkomьnьn ctattь propangandijsi

## Partija ujьmьnьŋ çumьsь nacar sapqoz

„Stalin“ sapqozьnda 18 kommunis вar, munьŋ 3 vi qat вilmejdi, 4 vi cala qat tanьjdь, al qalqan 11 kommunistiŋ 5 vi sajasij savatsьz. Aqьrь kerek dese partijanьŋ uvstavьn, Ortalьq Komijtettiŋ 29/IX-degi partijaqa adam ala вastav tuvralь qavlьsь sьjaqtь maŋьzdь dokuvmentterdi вilmejdi.

Partija ujьmьnьŋ sostavь osьndaj вolqan soŋ, sapqozdьŋ partkomь men sajasattьq вөlimi osьlardьŋ өzine lajьq sajasij tərвije çumьsьn çyrgizyv kerek edi. Biraq, çumьstь osьlaj ujьmdastьruvdьŋ orьna sapqozdьŋ partija ujьmь, sajasat вөliminiŋ qьzmetkerleri өzderiniŋ isterinde çavapsьzdьqqa salьnqan, partija çumьsьn eskermej ketken.

Sapqozdaƣь 18 kommunis, 6 tilektes, 50 komsomol mycesine arnap 1936-çьldьꞑ ʙasьnda 5 sajasij kruvçok ujьmdastьradь. Bul 5 kruvçoktьꞑ ʙirevi de 9 aj icinde tyk çumьs istemejdi.

Sajasij tərʙije çumьsьnьꞑ nacarlьƣьnan 8 kandijdat, 6 tilektes, 50 komsomol mycesinen ʙir adam partijaƣa ɵtyvge dajar emes, çana osь kɵrsetilgen kommunis, komsomol, tilektesterdiꞑ ʙirevi de staqanьpcь emes. Oƣan ʙascьlьqta çoq. Kommunisterdiꞑ ɵndiristegi rolь tɵmen.

Sapqozdaƣьpartija da çoq çumьscьlar men komsomol ujьmьnьꞑ arasьnda sajasij tərʙijeniꞑ nacarlьƣь men tap duspandarь, ʙaj qulaqtar pajdalanьp, 37-çьlь ʙolƣan roçdestiʙa, qurʙaꞑ ajtь sьjaqtь din mejramdarьnda çumьscьlardь çumьsqa cьƣarmaj qojadь. Orijʙьp degen qulaq permede sanijtar ʙolьp istep, ʙir nece sьjьrdь ɵltiredi. Qulaq Strelnijkop qьzьl saj permesinde ʙuƣaltьr ʙolьp istep, çumьscьlardьꞑ ajlьƣьn ʙermej, ɵzine çudьrьq çumsaƣaꞑ, ʙir ƣana Qьzьl saj permesinde ajlьƣьn almaƣan 68 çumьscь ʙar, mundaj paktь ʙasqa permilerde de ʙolƣan. Mundaj tap duspannьꞑ zьjankestik əreketine sapqozdьꞑ sajasat ʙɵlimi onьꞑ ʙastьƣь Seleznop çoldas kezinde soqqь ʙermegen.

Sapqozda 1215 ədam ʙar, onьꞑ 628 qat ʙilmejdi. Çumьscьlar semijasьnan 325 adam ʙolsa, onьꞑ 180 qat ʙilmejdi. Savatsьzdьqtь çojuvƣa ec qandaj cara qoldanʙaƣan. Çumьscьlarƣa pəter-yj çetistirmegen, ʙar yjlerdiꞑ esik-terezesi çoq. Çumьscьlarƣa 3-4 ajƣa sozьlьp, eꞑʙek aqь vaqьtьnda tɵlenʙejdi.

Sapqozda osь sьjaqtь soraqь kemcilikter ʙolƣandьqtan, sapqoz carvvacьlьƣьnda ylken-ylken olqьlьqtar ʙar. Sapqoz syttiꞑ, majdьꞑ planьn orьndamaƣan. Maldьꞑ atqotь kɵp. Bul ajtьlƣan kemistiktiꞑ ʙəri is çyzinde acьldь. Munь sapqoz ʙascьlьƣь mojьndarьna alьp, munan ʙьlaj qatelerin tezinen tyzevge partija çьjnalьsьnda qavlь aldь. Sapqozdьꞑ ʙarlьq permilerinde çalpь çьjnalьstar ʙolьp, onda perme ʙastьqtarь, mamandar çana çumьscьlar çumьstaƣь olqьlьqtь çojuvƣa vəde ʙerdi. Qьzьl saj permesi eꞑ artta qalƣan perme edi, ol permeniꞑ çumьscьlarь ɵzderine mindetter alьp, ʙasqalardь sotsijaldьq çarьsqa caqьrdь.

**Kɵsevʙajьp Q.**

QK(ʙ)P oꞑ tystik Qazaqьstan
oʙkomьnьꞑ nusqavcьsь

# Ylken saʙaq

Bostandьq avdanьnda ʙastavьc partija ujьmdarьnьꞑ esep-sajlav çьjnalьstarь ɵte ʙelsendi tyrde ɵtti. Esep-sajlav çьjnalьstarьnda avdandaƣь kommunisterimiz tygelge çaqьn çьjnalьstarda cьƣьp sɵjlep, partija orьndarьnьꞑ kemcilik-qatelikterin keꞑnen talqьlap sьnƣa saldь, partorgtardьꞑ ʙir sьpьra kemcilikterin atap ajttь. Mьjsalь, avpartkom çanьndaƣь ʙastavьc partija ujьmьnda sajlav 3 çьldan ʙeri ʙolmaƣan, 1936-çьlь dekəʙir ajьnan ʙeri tipti partija çьjьlьsь ʙir ret te caqьrьlmaƣan. Partorg ç. Səʙijtip partija oquvьnda qanca adam çana kimder oqьp çyrgenin de ʙilmejdi eken, Səʙijtip çoldastьꞑ esepti ʙajandamasь 3 aq myjnetke sozьluvьnьꞑ ɵzi de qancalьq çumьs istegenin kɵrsete aladь. Bul sekildi kemcilikter ʙasqa çerde de ʙoldь. Sajlav kezinde ʙir nece ujьmdarda ylken qatalьqtar ʙoldь. Sajlav kezinde Baƣьstan partija ujьmь, partorgьlьqqa Matkarijmьptь sajlamaqcь ʙolьp kyni ʙurьn aqьldasьp qojƣan. Bul sьjaqtь Ortalьq Komijtet nusqavьna qajcь qatalьq Nanaj partija ujьmьnda da ʙolƣan.

Sajlavda çasьrьn davьs pen sajlanƣan partorgtardьꞑ kɵʙi çaꞑadan sajlandь. Çumьs istej almajtьndarƣa otʙot ʙerilip otьrdь. Sajlav kezindegi ʙur-

malavcьlьq, qatalьqtardь avpattkom vaqьtь men tyzetip, barlьq ujьmdardьŋ budan вьlajqь çumьstarьna ylken sabaq boldь. Çaŋadan sajlanqan çoldastar esep-sajlav çьjnalьstarьnda kөrsetilgen kemcilikterdi is çyzinde çojьp, Ortalьq partija komijteti men kөsemimiz Stalin çoldastьŋ nusqavlarьna sәjkes çumьs istevge qьzuv kiristi.

**Kemelbekip**

Bostandьq avpartkomьnьŋ nusqavcьsь.

## Partorglar çьjnalьsьnda

Çuvьrda avdan ortalьqьnda Torqaj avdanьndaqь bastavьc partija ujьmьndarь men kandijdat toptarьnьŋ partorgileriniŋ çьjьlьsь bolьp өtti. Bul çьjьlьsqa bastavьc partija ujьmdarьnьŋ partorgilerinen basqa avpartkom bujro myceleri, avpartkom nusqavcьlarь men partija aktipteri qatьnastь. Partorgiler өzderiniŋ istegen çumьstarьnan esep berdi, olardьŋ çumьstarьn teksere kelgende bir sьpьra kemcilikter barlьqь acьldь. Bastavьc partija ujьmdarьnьŋ sajlavlь partorgileri kөbinese avьstьrьlьp, orьndarьna çaŋadan adam taqajьndalьp kelgen, kej birevler tipti sьrttan sajlanqan. Bastavьc partija ujьmdarьnьŋ çьjnalьstarь mezgilinde caqьrьlьp otьrmaj, anda-sanda bolqan çьjnalьstardьŋ өziniŋ de qavlьsь durьs çazьlьp vaqьtьnda avpartkomge tapsьrьlmaj kelgen. Kommunisterge çaŋa tapsьruvlar berip, onьŋ orьndaluvьn tekseryv, kommunisterdiŋ samo-otcotьn tьŋdav sьjaqtь ister men partija ujьmdarь daqdьlanbaqan. Sonь men qatar bir sьpьra partija ujьmdarь partija oquvьn durьs ujьmdastьra almaqan. Partija oquvьnьŋ sapasь nacar, partija sajasij-tәrbije çumьsьna kөŋil bөlmegen. Bul olqьlьqta kele çatqan ujьmdar әsirese Mirzojaŋ, Qara bijdajьq bastavьc ujьmdarь.

Tilektester men komsomolester arasьnda çumьs өte nacar çyrgizilgen. Osьqan bajlanьstь partija qatarьna çaŋadan adam aluv çumьsьna ec bir maŋьz berilmegen. Partija dokuvmentin avьstьrqannan beri qaraj partija qatarьna әli ec bir adam alьnbaqan, partijaqa өtyvge dajarlanqan çoldastar çoq. Bul çavaptь çumьstь partija ujьmdarь өz beti men çiberip otьra bergen.

Osь sьjaqtь kemcilikterdi acьp onь is çyzinde qalaj çojuv caralarь kөrsetildi. Partorgьlar çumьstarьn avpartkom bujrosь men әktijptiŋ sьnьna salьp is çyzinde partija çumьsьn çolqa qojuv tuvralь naqtьlь nusqavlar, çoвalar aldь.

**Muqanьp A.**

Torqaj avpartkomьnьŋ nusqavcьsь

## Qatalьqtь tyzevge kiristi

Presnop avdanьnьŋ Maj bulaq radijysindegi 8 bastavьc partija ujьmdarь BK(в)P Ortalьq Komijtetiniŋ pepral Plenuvminiŋ qavlьsь çana STALIN çoldastьŋ Plenuvmde çasaqan bajandamasь men qortьndь sөzin oqьp yjrenyvde.

Bastavьc partija ujьmdarьnьŋ çьjьlьstarьnda kommunister partija ujьmdarьnьŋ, әsirese avpartkomьnьŋ, çumьsьndaqь qatalьqtarь men kemciliksterin, şьnqa saldь.

Avpartkomьnьŋ bujro myceleri çergilikti partija orьndarьna әkimcilik kөrsetip kelgen. Mьjsalь, Pomijn, Solobijop çoldastar, Solobijop çoldas

kommunisterge tek ajqaj salьp „əris qьlamьn"-dep keledi eken çaꞑa sapqozƣa ʙarƣanda Soloʙijop çoldas çumьscьlardь „ʙөriꞑ de urьsьꞑdar„ dep ajьptaƣan.

Trotskijster men avьz çalasqan Konuvqop otьrƣan ʙurьnƣь avdan ʙascьlьƣьnьꞑ çaꞑa kadr dajьndav çana çumьsta өzin çaqsь kөrsetken isker çoldastardь çoƣarьlatьp otьruv çumьsьna kөnil ʙөlmej kelgendigi ajtьldь. Qajta ʙiren-saran çoƣarьlatьlƣan çoldastarƣa tijisti tərʙije ʙerip, ʙavlьp өsiryvdьꞑ ornьna olardь ec ʙir dəlelsiz orьndarьnan alьp tastav men ədettengen. Mьjsalь: ʙurьn qalqoz ʙastьƣь ʙolьp çumьstь çaqsь istej ʙilgen Dalaʙaj Boçaqьp çoldas çoƣarьlatьlьp Zagotskottьꞑ ʙastьƣьna qojьladь. Onь Qalьq Komijssarlarь Soʙetiniꞑ dajьndavcь komijtetiniꞑ avdandьq өkili ec ʙir dəlelsiz ornьnan aladь.

Avdan ʙascьlьƣь kommuvniterdiꞑ sьnьna qulaq qojmadь. Sьn, өz ara sьn өris ala almaj qьsьmcьlьq kөrip keldi. Osь sьjaqtь kemcilikter ʙastavьc partija ujьmdarьnda ua ʙolьp keldi.

Partija ujьmdarь partija çumьsьn qajta qurьp, sajlavdan kejin Ortalьq Partija Komijtetiniꞑ Plen⸗vmi Stalin çoldastьꞑ ʙajandamasь men qortьndь sөzinde ajtьlƣan ulь mindetterge səjkes çumьs istevge çumьla kirisip çatьr.

**Çyrkin Q.**

Presnop avpartkomьnьꞑ nusqavcьsь

## Nusqavcьlardьꞑ ʙajandamasь tьꞑdalmajdь

Men partija dokuvmentin avьstьruv kezinde 1935-çьlь tөmennen çoƣarьlatьlьp avpartkomnьꞑ nusqavcьlьƣьna taƣajьndaldьm. Osь kyni meniꞑ uvcaskemde 3 ʙastavьc partija ujьmь, 3 kandijdat toʙь ʙar. Kommunisterdiꞑ sajasij ʙilimderin kөteryv ycin acьlƣan 4 çerde partija oquvьnьꞑ kruvçokteri ʙar, kommunister, komsomoles, tilektester oquvƣa qatьnasьp otьradь.

Bizdiꞑ çumьsьmьzdaƣь ʙir kemcilik avpartkom nusqavcьlardьꞑ istegen çumьsьnan ʙujroda ʙajandama tьꞑdap, çumьstaƣь kemcilikterdi kөrsetip tijisti nusqav ʙerip otьrmajdь. Qolьndaƣь çumьs çosparlarь ʙojьnca nusqavcьlar өz ʙeti men çaqsь ʙolsьn çaman ʙolsьn çumьs istep çyre ʙeredi. Çumьs tərtiʙi ʙulaj qojьlƣan ʙolsa, avpartkom çergilikti partija ujьmdarьnьꞑ өmirin çete ʙiledi devge ʙolmajdь. Onьꞑ ystine ʙastavьc partija ujьmdarьna kezinde çetkilikti naqtь ʙascьlьq ʙere almavь mymkin. Sondьqten, partija çumьsьnьꞑ osь sekildi eꞑ çandь, maꞑьzdь ʙir ʙuvьnьn aqsatьp almavьmьz kerek.

Biz өz ʙetimiz ʙen ʙastavьc partija ujьmdarьna tolьq ʙascьlьq ete ʙerejik, rajkom өz ʙeti men nusqavьn çaza ʙersin desek, çumьstьꞑ ʙir sijstema men çyryvine ylken kedergilikter tuvadь. Avpartkom ʙastavьc ujьmnьꞑ çumьsьnda onь men kyn ʙe kyn aralasьp istesetin nusqavcьnьꞑ da çumьsь men çaqsь çete tanьs ʙolьp, kyn ʙe kyngi ʙascьlьƣьn kycejtip otьruv kerek.

**Qoçaqьmetip M.**

Qorƣalçьn avpartkomьnьꞑ nusqavcьsь

## Kөpcilik ygit isi

„Quraqtь" qalqozьnьꞑ çanьndaƣь ʙastavьc partija ujьmьnda 8 kommunis ʙar. Munьn 3 partija mycesi, 5 kandijdat. 1937-çьldьꞑ ʙasьnan ʙeri avpartkom ʙizdiꞑ ujьmƣa turaqtь propagandis taƣajьndap, osь kyni ajьna

вes reţ sajasij oquv çyrip turadь. Sonь men qatar kommunister qalqozcьlar arasьnda ygit-sərвije çumьsьn çyrgizedi. SSSR meŋ Qazaq SSR-nьŋ çaŋa Konstijtutsijasьn, partija men ykimettiŋ qavlь qararlarьn qalqozcьlarqa oqьtьp tysindirip otьrmьz. „Quraqtь" qalqozь men „Talaptь" qalqozь nda 30 savatsьz adam вar, endi sol savatsьzdardьŋ savatsьzdьqьn çojuv çumьsьna kirisip otьrmьz.

**Çuvsaвajьp**

Qaratal avdan, Køk suv avьl Soвetindegi „Quraqtь" qalqozьnda turatьn partija kandijdatь

# Çumьstьŋ çaŋa beti

Bizdiŋ partija tobьnьŋ çumьsь Ortalьq Partija Komijtetiniŋ tarьjqь Plenumьnan kejin, esep-sajlav çumьsь øtkenen вastap durьs çolqa qojьla вastadь. Buqan cejin kørnekti çumьs istej almaj keldi. Kəzir sajlavdan kejin partija tobьnьŋ ər ajda isteletin çumьsьnьŋ is çosparь вar. Çumьstь sol çospar вojьnca çyrgizip otьramьz. Partija çьjьlьsь çospar вojьnca merzimdi vaqьtьnda øtip turadь. Çьjьls вolardan yc kyn вurьn kommunisterge qaвar etemiz. Partija çьjьlьstarьnda kommunisterge tapsьrmalar вerilip, olardьŋ is çyzinde orьndalьuvь tekserilip otьradь.

Burьn partijalь çoldastarьmьzdьŋ ekevi cala savattь edi, olar savat acuv mektebine вekitilip tolьq qat tanьp cьqtь. Kommunister aqьmdaqь sajasattar men tanьstьrьlьp otьradь. SSSR-dьŋ çaŋa Konstijtutsijasь men Soвetterdiŋ вykil Sojuvzdьq tøtence VIII-sijezinde çasaqan Stalin çoldastьŋ вajandamasьn oqьp 13 saвaq økizdik.

Stalin çoldastьŋ pebral plenuvmьnda çasaqan вajandamasь men qortьndь søzin 12 saвaqqa вølip oqьtьp øttik.

Bizde 3 tilektes вar. Bularqa qalqoz øndirisinde istejtin 6 ekpindilerdi qosьp partijanьŋ uvstaвь men programmasьn çana aqьmdaqь sajasatardь oqьtьp, tysindiryv ycin вir partijalь çoldastь вølip 8 ret saвaq øtkizdik. Sajasij terвije çumьsьnьŋ munan køri de çemisti вoluvьna вar kycti çigerdi salamьz.

**Tøleppergenip U.**

Prijecim avdanь, „Çeke køl" qalqozьnьŋ çanьndaqь partija tobьnьŋ partorgьsь

# Tilektester arasьndaqь çumьs

Uvrijtskij avdanьnьŋ Øktəвir uvcaskesinde 3 вastavьc partija ujьmь 2 kandijdat tobь вar. Munda 15 partija myçesi, 14 partija kandijdatь, 15 tilektester turadь. Avpartkomnьŋ вujrosь вekitken plan вojьnca partija çьjnalьsь partija oquvь mezgili men køŋildegidej çyrip turadь. Mundaqь savatsьz kommunister muqalimderge вekitilip savattandьrьldь. Burьn savatsьz вolьp kelgen kommunister øz вetteri men gəzet-çornal oqьp, вilimderin tolьqtьrьp keledi, sajasij ijdejalьq dəreçelerin køterip вelsendi kommunister qatarьna qosьlьp qaldь. Sonь men qatar tilektester arasьnda sajasij tərвije çumьsь çolqa qojьldь. Tilektester tolьq savattandь. Partija oquvьna tygel qatьnastьrьlьp otьrdь. Tilektester arasьnda sajasij tərвije çumьsьnьŋ durьs ujьmdastьrьlqandьqьnьŋ arqasьnda kej-вir tilektes çoldastar, mьjsalь Qara oвadaqь tilektes Esimвekip, Kəriвajьp qalqozcьlar-

ƣa ʙirijgadьlarda gəzet-çornaldar oqьp, tysindirip otьruvƣa çarap qaldь. Tilektes'erge partija ujьmьnan tyrli tapsьrmalar ʙerilip, olardьꞑ orьndaluvь tekseriledi. Çalpь kommunisterimizdiꞑ sajasij ʙilimi ɵsyvi men qatar tilektester de ɵsip keledi.

**ʙekçanьp Q.**
Uvrijtskij avpatkomьnьꞑ nusqavcьsь

# Qalqozdarda mədenijet-aƣartuv çumьsь

Meniꞑ uvcəskeme Çaman tuz MTS-nьꞑ qamtuvьndaƣь 13 qalqoz qatajdь. Bul qalqozdarda 5 ʙastavьc partija ujьmь, ʙir kandijdat toʙь, 5 partija ujьmь ʙar. Bularda 22 partija mycesi, 16 kandijdat, 22 tilektes turadь. Kommuvnister sol qalqozdarda turьp sonda istejtinder.

Qalqozcьlar arasьnda ygit çumьsьn çyrgizyv ycin partija ujьmьnan 25 ygitci 22 əgimeci, 23 davьstap gəzet oqьjtьn adamdar ʙelgilendi. Bular ykimettiꞑ, partijanьꞑ qavlь qararlarьn, SSSR men Qazaq SSR-nьꞑ Konstijtutsijalarьn oqьp, yjretyv, trotskijs ʙandьlarƣa ʙolƣan sot çajьnda çana qalьq aralьq məselelerdi, əsirese Ijspan oqьjƣalarьn talqьlav çumьstarьn atqaradь. Agijtator, oquvcь, əꞑgimeciler çumьsьna ʙascьlьq nacar, istejtin isterine çospar ʙerilmegen. Tilektester arasьnda çumьs çyrgizyvge ajrьqca kɵꞑil ʙɵlinʙegen. Bularƣa tapsьrma ʙerilip, onьꞑ orьndaluvь çajьnda esep alьnʙaƣan. Ol tygel çamantuz qalqozьndaƣь partija ujьmdastьruvcь Aqʙanʙetip 2 çьldan ʙeri çumьsьnan ʙir de esep ʙermegen. Bul kemcilikterdi Çamantuz uvcəskesindegi ʙastavьc partija ujьmdarьnьꞑ esep-sajlav çьjnalьstarьnda kommunister sьnƣa saldь.

Baspa sɵzdiꞑ sajasij-mədenijet çumьsьnda qandaj maꞑьzь ʙar ekeni məlim. Sonь men qatar çurtcьlьƣьmьz gəzet-çornal aldьrьp oqьp otьruvƣa ьntalь. Kəzir meniꞑ uvcəskemdegi kommunister tygeli men gəzet çornal aldьradь. Ər ʙir qalqozcь eꞑ kem ʙolƣanda ʙir dana gəzet nemese çornal aldьrьp oquv mindetin alƣa qojdьq.

Qalqozcьlardьꞑ avqattanuvь men mədenijet çaƣь da ɵrkendep keledi. 37-çьldьꞑ 2-3 toqsanьnda qalqozcьlardьꞑ kɵpciligi savattanʙaq. Qalqozdarda 10 ʙastavьc mektep ʙar, onda 1148 ʙala I-ʙɵliminnen 8-ʙɵlimge dejin oqьjdь. Qalqozdarda 14 qьzьl ʙurьc, ʙir oquv yji ʙar. Bulardьꞑ ʙəri de gəzet-çornal kitap quraldarь men qamtamasьz etildi; kɵpciliginde pateponƣa sol sьjaqtь savьq quraldarь ʙar. 4 qalqozda radijo, 3 qalqozda telepon ʙar. Çuvьrda qalqozdardьꞑ 50% radijolanʙaq.

Bir ajta ketetin nərse eresekterdiꞑ savatsьzdьƣьn çojuv çumьsьnьꞑ əlde de durьs çolƣa qojьlmaƣandьƣь. 13 qalqozdan 346 savatsьz çana cala savattь adam əli mektepke tartьlƣan çoq. Avdandьq oquv ʙɵlimi eresekter mektepteriniꞑ oqьtuvcьlarьna vaqьtьnda eꞑʙek aqь tɵlemejdi. Eresekter mektepteriniꞑ oquvь ʙastalƣalь avdandьq oquv ʙɵlimi tekseryv çyrgizip istiꞑ ʙarьsь men tanьsqan emes. Avdandьq oquv ʙɵliminiꞑ savatsьzdьq çojuv çumьsьn ɵz ʙeti men qoja ʙerip otьruvь tipti-aq orьnsьz. Partija ulьmdarь, ər ʙir kommunister ʙolьp, qalqozdarda, sajasij ygit, mədenijet-aƣartuv isin ajrьqca qolƣa alьp otьruvьmьz kerek.

**Əʙyvtalipip M.**
Kɵkcetav avpartkomьnьꞑ nusqavcьsь

S. UVRANOP

# Cet el razвedkalarьnьn cpijon tartuv çumьsьnьn kej вir zulьmdьq təsilderi tuvralь

Cpijondьq, zьjankestik, dijвersija вurçuvazijalьq memleketterdin daqdьlanqan amalь воlьp taвьladь. Bul amal tek duspan memleketterge qarsь kyresyv ycin qana emes, tatuv dep ajtьlatьn memleketterge de qarsь çumsaladь.

Çavlarьmьz вizge cpijondar çumsap, asa manьzdь yvsəckelerge əz adamdarьn ornalastьruvqa tьrьsuv men qana tьnвajdь. Olar sonь men qatar Soвetter Sojuvzьnьn azamattarьnьn icindegi adamcьlьqь kem, taвansьz elementterdi əzderine cpijon etip aluvqa вarlьq kycin çumsajdь; olardь əzderinin cpijondьq cьrmavьna tysiryvge tьrьsadь, olardь, otanqa qastьq istev çolьna ijtermelejdi, qoqanloqqьqa salьp satьp alьp, aldap, qorqьtьp, olardь Soвetter Sojuvzьnьn çavlarьna eriksiz qьzmet etyvge kəndiredi. Cpijonnьn, dijвersanttьn, zьjankestiktin qavьptьlьqь, ol «əz» adamьmьz воlqansьp вetin çьltьratьp, вizdin qatarьmьzqa ətip ketetindigi ekendigin, əzinin qoçalarьnьn əmirin orьndap, вizdin talmav çerimizge pьcaq uruv ycin, soвettin san adamdarьnьn tyвine çetyv ycin, вaqьtsьzdьqqa, apatqa ucьratuv ycin, syjtip çavdьn çenyvin onajlatuv ycin, вizdin вejqamdьqьmьzdь, sengictigimizdi pajdalanatьndьqьn este ustav kerek.

Çavdьn çumьsьn qьjьndatuv ycin, вizdin memlekettik qupьja sьrьmьzdь вilyvine, вizdin otan qorqav isimiz вen sotsijalistik qurьlьsьmьzqa zьjan tijgizyvine çol вermev ycin, вiz вasьmьzdan kecirgen saвaqtardan tijisti qorьtьndь cьqaruvqa mindettimiz, çavlardьn ətip ketyvine sanьlav воlatьn sengictikke, вejqamdьqqa qarsь kyres acuvqa tijispiz. Biz əz otanьna qьjanat istegisi kelmejtin, вiraq qьraqьlьqьnьn çoqtьqьnan, çavdь ajьra вilmejtindiginen, onьn qajьrьmdь kisi воlqansьp surqьjalanqan aram ojьn seze alamaqandьqtan, cpijon воlьp ketetin, tipti kej вir təvir adamdardь da cet el razвedkalarьnьn cpijondьqqa tartuv ycin qoldanatьn quvlьq-sumdьqtarьn, nece qьjlь amal-ajlalarьn acuvqa tijispiz.

* * *

Cet el razвedkalarь əzderinin dajarlaqan cpijondar kadrьn ər tyrli çoldar men вasqa eldin çerine engizyvge tьrasdь. Bul cpijondar əz elinde əвden ьqtьjattalьp dajarlanadь, sodan kejin cpijondьq çumьs çyrgizyv ycin razвedkanьn kenili soqqan elge çiвeriledi.

Dynije soqьsьnьn kezinde воlqan mьnadaj oqьjqa вizge məlim, Anglijanьn «DN-27» degen agenti Deвoncijrda agentuvra mekteвin вitirgennen kejin, soqьstan вurьn Germanijaqa ətken, onda вarqan son əz erki men german armijasьna tysken, kəp uzamaj lejtenant воlqan. Bul agent nemis, anglijcan, pransuvz tilderine əвden çetik eken, sonь men ol Lijli qalasьnьn qasьndaqь Bavarija korpuvsьnьn kamandacьsь, Bavarija patcasьnьn вalasь Ruvpreqtьn ctaвьna qьzmetke kecirilgen. «DN-27» qacan soqьs вitkence Anglija razвedkasь men вajlanьs çasap, qaqaz çazьsьp turqan. Tipti 1918-çьlь, german razвedkasь odaqtas razвedkanьn agent-

terinin tizimin qolьna tysirip alqannan kejin de, sol kezde nemis polkьn вastap çyrgen вul opijtserdiņ sьrь acьlmaj qalqan. Ol вitim çasav tuvralь german delegatь вolьp Spa qalasьna вarqanda ezinin sьrьn ezi вir-aq acьp, acьqtan-acьq Anglija delegatsijasьnьn çaqьna cьqьp ketti.

Tijisti memlekettin icine kirip əbden sinisip ketyv ycin вasqa elderge cpijondar çiвeryv ədisin cet el razвedkalarьnьņ вəri qoldanadь. Sonь men вirge, kerciles elderdiņ azamattarьn zerttev çeninde çumьs çyrgiziledi, mundaqь maqsat qalaj da вolsa вir esebin tavьp, qandaj da вolsa вir ədis qoldanьp, cpijondьq çumьsqa tartuvqa вolatьn adamdardь taвuv. Germanijadan вir çaqqa вaruvqa ruqsat alatьn adamdardьn вarlьqьna çuvьqь Germanijadan ketpej turьp ultcьl-sotsijalister partijasьnьn sьrtqь sajasij ister вelimine вarьp çolьquvqa mindetti ekendigi məlim, вul вelim cetke cьquvcь adamdardьn ana qurlьm kepciligine razвedkalьq mindetter tapsьradь, sol sьjaqtь cet elde kezdesetin adamdarьn zerttev tuvralь olarqa nusqav вeredi.

Mundaj tərtip Çaponijada da вar. **Razвedka cet elderdiņ azamattarьn zerttegende, olardь zarвedkalьq cpijondьq çumьsqa qandaj çol men tartuvqa вolatьndьqьn kezdep qana çyrgizedi.** Sondьqtan вurьn-aq, nemis razвedkasь arnavlь kartoteka çasaqan, вul kartoteka cpijondьq çumьsqa tartuvqa вelgilengen adamdardьņ turatьn qalasьna, çumьs istejtin taraвьna, adamnьņ qara вasьnьņ sьjpatьna qaraj вelinedi[1]).

Kep retterde cpijonnьņ qoqanloqqьsьnьņ eriksiz qurвanь вolьp ketetin, cpijondьqqa tartuvqa вelgilengen «kandijdattardьņ» вul tizimderi ər tyrli sьjpatьna qaraj çasaladь, ərijne, en aldь men, sajasij çaqьnan taвansьz, solqьldaq elementter eskeriledi, odan soņ ər tyrli kemcilikteri, talmav çerleri вar adamdar, icyvge, azuvqa вejim turatьn adamdar, memlekettiņ qarçьsьna aramdьq istegeni вilingen, aqca çegen adamdar çana taqь sol sьjaqtьlar eskeriledi.

Osьndaj вirdeņeden aвrojь ketken adamdardьn tizimi qolьnda вolqan soņ, cet el razвedkalarь olardь cpijondьq çumьsqa tartuv ycin вul adamdardьņ cet elge вaruvьn pajdalanadь. Oz elinde turatьn adamdardь cpijondьqqa tartuv ycin cpijon tartatьn arnavlь agentter çiвeriledi. Soвetter Sojuvzьna çiвeriletin cpijondar əbden dajarlьqtan etedi. Olardь tilge çetildiredi, cpijonnьņ çiвeriletin çerine qaraj, sol çerde cьqatьn çergilikti soвet gazetin oqьtadь, radijo isi yjretiledi, dajarlьqtьn ystine soвettiņ radijo arqьlь вerilgen qaвarlarьn kyn sajьn tьndatьp otьradь. Məselen, Polca razвedkasьnьņ SSSR-qa çiвeryvge dajarlanqan cpijondarь ycin «oquvqa usьnьlatьn ədeвijettin mijnijmuvm tizimi» вar, cpijon olardь mindetti tyrde oqьp cьqьp, soвet sьnьnьņ ruvqьnda taldaj вilyvge tijis. Вul tizimde «Keterilgen tьņ», «Çapajьp», «Bruvskij», «Qurьc qalaj cьnьqtь» sьjaqtь kitaptar вar. Munьņ ystine soņqь kezde Polca razвedcikterine Soвettiņ çaņa Konstijtutsijasь, partija tarijqь, staqanьpcьlar qozqalьsь çenindegi materijaldar oqьtьladь. Olardьn soвet terminderin qoldana вilyvin talap etedi.

Osьndaj çol men dajarlanqan cpijon tartuvcь cpijondar cet elderdiņ tuvristeri retinde, SSSR arqьlь etetin çolavcь retinde SSSR-qa çiвeriledi, əjtpese tipti, Soвetter Sojuvzьna astьrtьn kizgiziledi, вulardьņ kezdegeni ezderinin cpijondьq çumьsь ycin adamdar tartuv вoladь.

Kapijtal elderinin вizge çiвergen cpijondarьnьņ qaj-qajsьsь вolsa da, soвet çaqdajlarьna ne qurlьm tez вejimdelip ketyvge, soвet adamьna uq-

---

1) Soqьstan вurьn nemis razвedkasьnda Resejdin, Anglija men Pransijanьn 47 mьn azamatьn çasalqan kartoteka вolatьn. Вul adamdar cpijondьq çumьsqa tartьlatьn adamdardьn rezerвi вolqan. Вul adamdardь cpijondьqqa tartuv ycin olardьn qara вastarьnьn minez-qulqьna qaraj, qoqanloqqьnьn, satьp aluvdьn, qorqьtuvdьn, proвakatsijanьn ər tyrli təsilderi qoldanьlqan.

şas ʙoluvƣa, çumьsqa ornalasuvƣa tьrьsadь. Əsirese ʙizde çumьssьzdьqtьꞑ mylde çoqtьƣь ʙuƣan çeꞑildik keltiredi. Cpijon zavьtqa kiryvge, soʙet mekemesine tysyvge, odan tamьr-tanьstar tavьp aluvƣa, ɵziniꞑ cpijondьq isine kimdi çana onь qandaj çol men tartuvƣa ʙolatьndьƣьn ʙajqavƣa tьrьsadь. Osь maqsat pen cpijon çalƣan çol men çasap, ja urlap alьp, pasport, tipti kej-kejde partija ʙiletin, tyrli spraʙkalar men kepildemeler tavьp aladь. Cpijon əckere çyryv ycin qandaj ajladan ʙolsa da ʙas tartpajdь. Məselen, sengic əjelderdi ja ʙajьrƣь qart çumьscьlardьꞑ semijasьndaƣь, zavьtqa ʙelgili staqanьpcь qьzdardь izdestire ʙastajdь, mundaƣь maqsatь olar men tanьs ʙolьp, zavьtqa ʙelgili sredaƣa ʙirden mьqtap ornьƣьp aluv, «pəlenniꞑ eri», «tygenniꞑ kyjevi ja tuvьsь» ʙolьp siꞑisip ketyv ʙoladь. Cpijondьq mindetterdi orьndav ycin ʙarlьq amaldar çaraj ʙeredi: ol ycin əlevmet turmьsьndaƣь «ʙelsendilik» te, «staqaꞑьptьq çumьs» ta, çaƣьmpazdьq ta, çaramsaqtanƣьctьq ta, çalьnьp-çalʙarьnƣьctьq ta çaraj ʙeredi, ajaqtap kelgende, ne qurlьm ьlajьqtь serik tavьp aluv ycin cpijon əlde nece ret «yjlenedi», əlde nece ret «ajьrlьsadь».

Sonь men, qьraƣьlьqtьꞑ ʙəseꞑdegenin ja tipti onьꞑ mylde çoqtьƣьn pajdalanьp, çav ʙizdiꞑ qatarьmьzƣa kiriр ketedi, «ɵz» adamьmьz ʙolьp kɵrinedi. Kəsip ornьna ja mekemege ornьƣьp alьp, cpijon ʙizdiꞑ elimizdiꞑ adamdarьnьꞑ arasьnda cpijondьqqa tartuv çumьsьn ʙirte-ʙirte çyrgize ʙastajdь, olardь otanƣa qastьq istevcige ajnaldьruvƣa, cet el razʙedkasьna qьzmet etetin etyvge tьrьsadь.

Soꞑƣь kezde ʙolƣan sot protsesterine qaraƣanda, qalьqtьꞑ çavlarь — trotskijster, zijnoʙijepcilder çana oꞑcьl azƣьndar ɵzderiniꞑ pacijs qoçalarьna izdegenge suraƣandaj ʙolьp kezdesti, olar çapon-german pacijzimine qorьqqanьnan emes, cьn ьqьlasь men qьzmet etyvge tьrьsdь. Trotskijs-çapon-nemis agentuvrasьna qurьlƣan sot, pacijs razʙedkalarь trotskijsterdi ɵzderine agent etip aluvƣa qandaj tьrьssa, ʙul qas kynem predatilderiniꞑ — trotskijsterdiꞑ, zьjankesterdiꞑ, cpijondardьꞑ, dijʙersanttardьꞑ pacis razʙedkalarьnan ɵzderine qoçanь sondaj ьntalanьp izdegenin kɵrsetti.

Trotskijs predatildarƣa ec ʙir qatьnasь çoq adamdardь cpijondьq çumьsqa tartuv qьjьnьraq. Sondьqtan, ʙurьn nijeti adal ondaj adamdardь pacijsterdiꞑ razʙetcikteri kɵzinen tasa qьlmajdь, syjtip, nece tyrli surqьjalьq ədisterdi qoldanьp, olardь ɵzderiniꞑ, cpijondьq çumьsьna tartuvƣa tьrьsadь, olardь zattьq çaƣьnan çana morəldьq çaƣьnan catastьrьp, qoqanloqqьlajdь, qorqьtadь.

Eger cpijon narazь, sajasij taʙansьz, çigersiz, mьlçьꞑ çana kemciligi ʙar adamdardьꞑ arasьnan cpijondьqqa dajar turƣan adamdar taʙa almasa, ol ɵziniꞑ cьrmajtьn adamьn ʙelgilep alьp, ɵziniꞑ keregine qaraj olardь ijtermelej ʙastajdь—olardь narazьlьqqa, rьjza emestikke, kemcilikke ʙastajdь, kej-kejde tipti ajnaladaƣь adamdardьꞑ arasьnda qasaqana olardьꞑ aʙrojьn tɵgedi.

Məselen, cet el razʙedkasьnьꞑ nazarь tysken adamnьꞑ atьna soʙetke qarsь lijstopkalar çiʙerilgen kezder məlim, sodan kejin cpijon ol lijstopkanь alƣan adamnьꞑ oƣan qalaj qaraƣandьƣьn qadaƣalap ʙaqьlap çyredi. Eger ol adam kontrreʙolytsijalьq lijstopka alƣandьƣьn ec kimge ʙildirmese, ʙul tuvralь partija ja soʙet orьndarьna qaʙar ʙermese, tipti lijstopkanь qurtьp çiʙerse, onda ʙir az vaqьttan kejin oƣan cpijon tartuvcь cpijon ʙaradь, onь cet el razʙedkasьnьꞑ pajdasьna çumьs istevge azƣьra ʙastajdь. Al, azamat mundaj usьnьsqa taꞑ qalьp, ʙas tarta ʙastasa, cpijon onь ɵkimetke ʙildiremin dep qorqьtadь, cpijon tartuvcь cpijon ol azamattьꞑ soʙetke qarsь proklamatsijanь alьp turьp, çasьrƣandьƣьn tyjsinʙej pajdalanadь, ʙul paktьnь sol qattь əkelgen pocta tasuvcь arqьlь op-oꞑaj dəleldevge ʙolatьndьƣьn ajtadь. Cpijondьq çumьsqa kirisyvge alƣacqь rette rьjzalьq ala almaƣan men, cpijon onь men tьnьp

qojmajdь. Bir az vaqьttan kejin ol çaꞑaƣь adamƣa qajta ajnalьp soƣadь, endi ol ʙul azamattьꞑ alƣacqь ret kelgende onь økimetke ustap ʙermegendigin ajtьp qorqьtadь. Cpijon çəj ʙir ʙolmacь, tipti qupьja emes derlik məlimetter surajdь, sondaj məlimettiꞑ øzine øte qaçet ʙolьp turƣandьƣьn ajtadь, aqca usьnadь, sol məlimetterdi alƣannan kejin qajtьp ʙul adamƣa tijispevge vəde ʙeredi. Al, sodan kejin istiꞑ ʙəri cpijonnьꞑ ьꞑƣajьna qaraj kete ʙeredi: alƣacqь ret «tilin alƣan» adam endi qajtьp qutьla almajtьn tuzaqqa tysedi, yjtkeni ol qaralanьp qaladь. Syjtip, ajlaker cpijonƣa qol çavlьq ʙoladь.

Cpijondьqqa tartuvƣa ʙelgilengen adam men ne ƣurlьm çaqьnьraq, ici-ʙavьrьna kirip yjlesip ketyv ycin cpijon ər tyrli ədis qoldanadь. Caruvacьlьq qьzmetcisi komantdijropkaƣa ja kuvrortqa ʙarƣalь сьqqanda, kytpegen çerden kezdeskenine quvanƣan kisi ʙolьp, cpijon tartuvcь ʙaƣonda onь taꞑьj ketedi «onьꞑ tanьjtьn kisilerin ʙulda tanьjtьn ʙolьp сьƣadь», taƣьsьn taƣьlar. Uzaq çoldьꞑ ʙojьnda cpijon tartuvcь øziniꞑ qarmaƣьna ilinetin adamdь ʙarlьq çaƣьnan ajnldьrьp køredi, talmav çerinen ʙajqap aladь, onь сьrmaj ʙastajdь. Buл maqsat ycin kuvrortta kezdesyvdi pajdalanatьn kezder az emes, onda vaqьt køp ʙoladь, sajaqatqa сьƣuvƣa mymkincilik mol ʙoladь, kezdesip tanьsuv oꞑaj ʙoladь, əsirese çajdarь, qajьrьmdь, alƣacqь kezdeskende ec ʙir kydik tuvƣьzʙajtьn adamdar taʙьladь.

Cpijon tartuvcь cpijondardьꞑ aꞑqav adamdarƣa əjelderdi salƣan kezderi de məlim. Bul əjelder øzderiniꞑ kyjevleriniꞑ çumьsьna mejlince qumarlanьp «køꞑil qojьp» turadь, olardьꞑ qьzmetindegi qupьja сьrlardь tartadь. «Kyjeviniꞑ» sajasij aʙrojьn tøgyv ycin çetkilikti materijal alƣannan kejin, mundaj əjelder isti çajьp saladь, aqcanь køp tølejtin «øz» razʙedkasьna qьzmet etyvdi acьqtan-acьq talap etedi. Mundaj kyjden adal nijet pen qutьlьp ketyvge ʙəriniꞑ ʙirdej çigeri çete ʙermejdi. Al, cpijondar osьnь pajdalanьp, øziniꞑ qarmaƣьna ilingen sanasьz, ʙejqam adamdь øz otanьna qastьq istejtin qьjanatcьƣa ajnaldьradь.

Al, durьsьnda, cpijonnьꞑ surqьjalьq arʙavьnan qutьluvƣa, øzin qorcaƣan сьrmavdan ʙosanьp, damьl ʙermej soꞑьna tysken cpijondardь əckerelep, øziniꞑ otanьna pajda keltiryvge soʙettiꞑ ər ʙir adal azamatьnьꞑ tolьq mymkincіligi ʙar. Munьꞑ ycin mьnanь tysinse ʙolƣanь, istegen ər ʙir qatasьn ja qьlmьsьn, tipti ol qancalьq avьr qьlmьs ʙolsa da, çasьrmaj mojnьna alьp, onь soʙet økimetiniꞑ orьndarьna ʙildirse, Otannьꞑ çavь men çasьrьn øtyvelesip, cpijondьq mindettemelerdi orьndaƣannan munьꞑ ajьʙь əlde qajda çeꞑil ʙoladь. Cet el rezʙedkasь men ʙøtyvelesyv çolьna tysken adam sodan ʙьlaj øziniꞑ ʙasьn ec qacan ʙijlej almajtьndьƣьn, ajьpsьz ʙolьp kørinetin tapsьrmalardan ʙastap, ʙirte-ʙirte onь əveli cpijon ʙoluvƣa kendiretindigi, ʙara-ʙara dijʙersijalar men terrorlьq aktьlardь da, søzsiz orьndavdь talap etetindigin ər qacan este saqtav kerek. Cpijondь çaƣьn çuvьtsa ʙolƣanь, ol qarmaƣьna ilingen kisini tolьq ʙavrap aladь, ʙurьn adal adamdь qьjanatсьƣa, kisi øltirgicke ajnaldьradь.

Məselen, cpijon-trotskijsterge qurьlƣan soꞑƣь sotta çazalanƣan ças inçener Strojlop osьndaj kyjge ucьraƣan. Bul adamdь soʙet ykimeti tərʙijeledi, oqьttь, maman etip сьƣardь. Cpijondardьꞑ qarmaƣьna ilingennen kejin, ol ʙirte-ʙirte otanƣa qastьq istevcige, zьjankes dijʙersantqa ajnaldь. Strojlop Germanijada komandijropkada ʙolƣan kezde nemis cpijondarь əveli oƣan Trotskijdiꞑ kitaʙьn oquvƣa ʙerdi, odan kejin taƣь ʙir kontrreʙolytsijalьq ədeʙijet sьjladь, ajaqtap kelgende, onь qoƣanloqqьlap, soʙet økimetine ustap ʙeremiz, dep qorqьttь, munьꞑ ycin Strojloptьꞑ Berg sьjaqtь nemis cpijonь men ʙajlanьs çasavьnьꞑ øzi onьꞑ aʙrojьn tøkti, degen sьjaqtь amaldь qoldandь. Strojlop nemis cpijondarьnьꞑ ʙul quvlьq-sumdьƣьn adal nijeti men acuvdьꞑ orьna, syjtip øziniꞑ soꞑьna tys-

ken cpijondardan qutьluvdьꞑ ornьna, ɵziniꞑ qьlmьsьn ajtpaƣandь artьq kɵrdi, ɵzin soвet ɵkimetine ustap вermejmiz degen vədesi ycin nemis razвedkasьna oƣan kerekti məlimetter вeryvge sɵz вajlap raspijska вerdi, soь men ol tygeli men Gestapoпьꞑ čeꞑgeline tysip ketti. Strojlop ɵz otanьna qajtьp kelgennen kejin, oƣan damь вermej qojdь, eriksiz zьjankestik, dijвersija çasavƣa kɵndirdi. Syjtip, Gestapo cpijon Strojlop pen Kyzвastaƣь tortskijs agentterdiꞑ arasьna kɵpir saldь. Al, onьꞑ вer çaƣьnda, ɵziniꞑ predatildik-cpijondьq çana dijвersanttьq sumьraj taƣdьrьnan qutьluv вьlaj tursьn, Gestapoпьꞑ agentteriniꞑ çavьzdьq isterin mezgilinde acьp ɵziniꞑ otanьna pajda keltiryvge, onьꞑ adal tuvƣan ulь вolьp qaluvƣa Strojloptьꞑ mymkinciligi вolƣandьƣь eldiꞑ вərine tysinikti.

Mert вolьp qalmav ycin, soвet çana partija çurtcьlьƣь men NKBD orьndarьпьꞑ əckerelevinen saqtanuv ycin soвet çerinde cpijondardьꞑ ɵte saq вoluvьna tuvra kelse, olar ɵzderiniꞑ pacistik çerinde, onda вarƣan soвet azamattarь çɵninde irkilmesten, acьq qьjmьldajdь. Polcanьꞑ ja Germanьjanьꞑ çerinen ɵtip вara çatqanda-aq pojьzdaƣь soвet azamattarьnьn qasьna col serikter otьrƣьzьladь, вular qalajda colavcьlardn sьr tartьp вajqajdь, olardь ɵzderiniꞑ cpijondьq çumьsьna tartuv ycin ər tyrli ajlalar istejdi.

Turmьsta вolƣan san oqьjƣalar, cet el cpijondьƣьпьꞑ qurьp qojƣan tuzaqtarьna tysip qalmav ycin, çumьs pen cet elge вaratьn inçenerlerimizdiꞑ, caruvacьlьq qьzmetcilerimizdiꞑ çana вasqa adamdardьꞑ qancalьq qьraƣь вoluvь kerektigin kɵrsetedi.

Soвettiꞑ «L» degen azamatь cet elge вarƣannan kejin, cet eldiꞑ tilin yjrenвekci вoladь. Oqьtuvcь kerek dep gazetke çarnama вeredi. Oƣan tysken kɵp qattьꞑ icinde elden erekce вir qat вoladь, ol qatta sonь çazьp otьrƣan kisi turmьs qalьпьꞑ ɵte avьr ekendigin adamпьꞑ çanь acьrlьq etip çazadь, acьp ajtqanda вьlaj dejdi: asьravьnda yc adamь вar вir oqьtuvcь əjel, avьz-вa avьz sɵjlesip, meniꞑ tilge çetiktigime oqьtuv ədisim вasqalardьꞑ вərinen artьq ekendigine kɵziꞑ çetkence, вasqa oqьtuvcьlardь alam dep yzildi-kesildi çavap вerme dep surajdь. «L» вojdaq çigit edi, çoldastarьпьꞑ arasьnda çaqsь partijts, əlevmet qьzmetcisi, turmьsta ustamdь adam dep eseptelyvci edi. Onьꞑ istep çyrgen çumьsь teqnijkalьq çumьs вolsa da, ɵte çavaptь çumьs edi, yjtkeni qьzmetiniꞑ retine qaraj, asa maꞑьzdь memlekettik kɵp qupьja sьr oƣan məlim edi. «L» rьjzalьƣьn вildirip, «muqtaç вolьp turƣan» oqьtuvcьпь sɵjlesyv ycin pəterine caqьradь. Belgilegen vaqьtta 26 çasar, ças suluv qьz keledi, atьm Merij dejdi, вastap əꞑgimeleskennen-aq ol «L» dь sьrt piciniiꞑ salmaqtьlьƣь men tartьp aladь, ɵziniꞑ turmьsьпьꞑ avьr kyjde ekendigin ajanьctь qьlьp вajandajdь.

Bastalƣan saвaq вir nece ajlar вojьna «L» dьꞑ pəterinde kədimgidej ɵtip çatadь. Bul vaqьttьꞑ icinde «L» ɵziniꞑ oqьtuvcьsь men yjir вolьp aladь, ekevi qalanьꞑ sьrtьna sajaqatqa вirge cьƣatьn вoladь, kijnoƣa вirge вaratьn вoladь. Ekeviniꞑ arasьndaƣь qatьnas вirden-вirge çaqьndaj вeredi. Birge çyrgen vaqьttьꞑ вərinde Merij kydik tuvƣьzatьn ec вir surav вermejdi. Dinge senyvci cecemnen çasьrьp, Soвetter Sojuvzь tuvralь kitaptar oquvcь edim, al, eger вos vaqьtьm kɵp вolsa, вolcevikterdiꞑ pikirin qaвьldar edim dese de, Merij sajasat məselelerine corqaq вolьp cьƣadь. Bir kyni kecke çaqьn kədyvelgi saвaqtьꞑ ystinde Merij sьrqattanьp qaladь. Ol ɵziniꞑ qalьs aƣajьпь «N» degen вracть caqьruvdь surajdь. Brac kelgence Merijdiꞑ qalь вurьnƣьdan da nacarlap ketken soꞑ, onь dijвanƣa çatqьzuvƣa tuvra keldi. Kelgen вrac qattь carcaƣan eken, çyregiiꞑ soquvь вəseꞑdegen eken dep taвadь. Brac porocok dəri вerip, ol tez arada tьпьctanьp ujqtap ketedi dejdi, «L» ƣa Merijdiꞑ mazasьn alma, tьпьc çatьp dem alsьn dep tapsьrьp, вrac ketip qaladь. Bir nece saƣat vaqьt ɵtedi, Merij ojanвajdь, tyngi saƣat yc вolƣanda, «L» ol ojanƣan kynde de, вul vaqьtta pə-

terden cьƣarьp çiʙeryv qolajsьz ʙolar dep taʙadь. Carcaƣan soꞑ «L» өzi de uzamaj ujqtap ketedi. Taꞑ erteꞑ ojansa, dijʙanda Merij çoq, ol tipti ʙykil pəterde çoq ʙolьp cьƣadь, «L» taꞑ-tamaca qaladь. Ol өziniꞑ pəteriniꞑ sьrtqь esiginiꞑ de, icki esiginiꞑ de kiltin taʙa almaƣan soꞑ, odan ʙeter taꞑ qaladь. Kilt ycti-kyjdi çoq ʙolьp ketedi, «L» onь qanca izdese de, taʙa almajdь, telepon arqьlь usta caqьrьp, kiltti ʙuzuvƣa tuvra keledi. Өziniꞑ çoldastarьna ʙarьp ʙolƣan oqьjƣanь ajtuvdьꞑ ornьna, «L» quvьstana ʙastajdь, oqьjƣanьꞑ meniꞑ ajtqanьmdaj ʙolƣanьna ʙirev-mirev kydiktener, onь men Merijdiꞑ arasьnda ʙir nərse ʙolƣan eken dep ojlar, kilttiꞑ çoƣalьp ketyvine ec kim senʙes, osьnьꞑ ʙəriniꞑ nətijçesinde onь əꞑgime qьla ʙastar, paktьnь ʙuzьp ajtar, aqьrьnda qolajsьz nərseden ʙasqa tyk kelmejtin sөzder ʙastalar dep ojlajdь. «Yndemev kerek, tipti өzimnen ʙasqa ec kim ec nərse ʙilmejdi ƣoj» dep ojlajdь «L». Əꞑgime mьnada, Merij agenti ʙolьp turƣan kontrrazʙedka өziniꞑ planьnьꞑ ʙərin «L» dьꞑ өziniꞑ pəterine Merijdiꞑ qonƣandьƣь tuvralь, kilttiꞑ çoƣalьp ketkendigi tuvralь, esiktiꞑ ʙuzьlƣandьƣь tuvralь ec kimge ajtuvƣa qorqar, degen psijqologijalьq momentke syjep qurƣandьqь «L» dьꞑ ojьna da kirip cьqqan çoq.

Sodan soꞑ ʙir-az vaqьt өtkennen kejin, «L» ʙolƣan oqьjƣanь umьta ʙastaƣanda, ʙir kyni kecke çaqьn onьꞑ pəterine tanьmajtьn ʙir adam keledi, ol өzin çergilikti kontrrazʙedkanьꞑ agentimin dep tanьstьrьp, kontrrazʙedkanьꞑ qamqorь oƣan «L» ƣa çolьƣьp, onь men Merijdiꞑ arasьnda ʙolƣan oqьjƣa tuvralь sөjlesyvdi tapsьrƣanьn ajtadь. Agenttiꞑ ajtuvьna qaraƣanda, Merij konarrazʙedkaƣa arьz ʙeripti, arьzьnda өziniꞑ cekirti — cet eldegi pəlen soʙet mekemesiniꞑ qьzmetcisi əlde nece ajlar ʙojьna oqьƣanda өzin çaqsь ustap kelip, soꞑƣь saʙaqtьꞑ ystinde maƣan pijroçnij men caj ʙerdi, depti. Tamaqtь icip otьrƣanda өziniꞑ ʙasь ajnala ʙastaƣandьqьn ʙajqaptь. «L» ʙrac caqьrьp, oƣan ʙorocok dəri ʙergizipti. Porocok dərini ickennen kejin Merij azьraq oꞑalьnqьrap, ujqtap ketipti. Tynde ʙir salmaqtan, tənine qattь ʙatqandьqtan kenet ojanьp ketipti. Esin çьjьp qarasa, өzi çatqan dijʙanьnьꞑ ystinde «L» dь kөripti, «L» onь zorlamaqcь ʙolьptь zorlamaq ʙolƣan əreketiniꞑ ystine ol əjelge sadijstik (ajuvandьq) qьjanattar istepti, denesiniꞑ 15 çerin tistep taꞑʙa salьptь. Bir-az qarsьlьq kөrsetkennen kejin Merij odan ʙosanьp cьƣьp, ʙasqa ʙөlmege qacьp ʙarьptь. Biraq, «L» ol çerge de quvьp ʙarьptь, ekeviniꞑ arasьndaƣь alьs-çulьs qajta ʙastalьptь. Əʙden qutьlmajtьn ʙolƣan soꞑ Merij ysteldiꞑ ystinde savьtta turƣan tuzdь alьp, «L» dьꞑ kөzine cacьp çiʙeripti. «L» esinen taꞑƣan kyjinde taqь da quvadь ƣoj dep ojlap, Merij dalaƣa qacьp cьƣьp, pəterdiꞑ sьrtqь esigi men icki esigin ʙekitip ketipti. Merij өziniꞑ arьzьna tizilgen kiltti, «L» dьꞑ pəterine caqьrьlƣan doqtьr «N» nьꞑ kyvəligin qosa ʙeripti, dəriger ol kyvəlikte «L»—menen Merijdi yjine alьp ketpe, onь pəterimde qaldьr dep өtindi deptь. Kyvəlikte doqtor kelesi kyni Merijdiꞑ oƣan qattь nazalanьp kelgendigin, denesinde tistegennen qan talaƣan 15 taꞑʙa ʙarlьƣьn ajtьptь.

«L» agenttiꞑ ʙul sөzin estigennen kejin, aqьlьnan adasьp, ʙojьna ije ʙola almaj qaladь. Ol çalqьz-aq өziniꞑ tereꞑ cьꞑьravƣa tysip ketkeli turƣanьn ʙarlьq ʙijlik osь tanьmajtьn adamnьꞑ qolьnda ekendigin ajqьn dep ʙiledi. Onь ʙasьmdь qajtsem aman alьp qutьlam degen oj ʙijlep ketedi, ʙul qalden qutьluvdьꞑ mьꞑda ʙir durьs çolь—ʙolƣan oqьjƣanь çaqьn serikterine ʙarьp ajtuv ekendigi ojьna kelmejdi, əjtpese, sөzsiz mert ʙolƣalь turƣandьƣьn sezʙejdi. Kontrrazʙedka plandь əʙden ojlaptolƣap çasaƣan. «L» dь cpijondьqqa tartpaq ʙolƣanda, oƣan kontrrazʙedkanь osь istiꞑ ʙərin qozdatqan, onьꞑ tyʙine çetyvci etip kөrsetpej өmirdiꞑ avьr mijnetinde oƣan qolьnьꞑ ucьn ʙergen saqtavьc etip kөrsetpek ʙolƣan, sondьqtan kontrrazʙedkanьꞑ mundaj raqьmdь adamdarьna eptep «usaq» qьzmet kөrsetyvge ʙoladь ƣoj dep ojlajtьndaj etip, çasaƣan.

Kontrrazʙedka onьꞑ aʙrojьn tɵgip, çançal cьƣaruvƣa qumar emes, yjtkeni əꞑgime ʙolьp otьrƣan qarapajьm adam emes, ʙir eldiꞑ çavaptь qьzmetkeri, ol el men kontrrazʙedkanьꞑ ykimetiniꞑ dijplomattьq qatьnasь tyzyv, dejdi agent. Biraq, arьz tyskendikten kontrrazʙedka tergev çyrgizip, onь prokuvrorƣa tapsьruvƣa tijis. Bul is taqьrьptь olar Merijdi caqьrьp alьp, odan çavap alьptь, ɵzderi dəneker ʙolьp, oƣan çançal cьƣarmaj, ʙitisyvdi usьnьptь. Merij kɵpke dejin rьjzalьq ʙermepti, alajda kontrrazʙedkanьꞑ kyc saluvь men rьjzalьq ʙildiripti, ʙiraq, ʙes kyn sroktьꞑ icinde 5 mьꞑ som altьn aqca ʙerse ƣana ʙitisemiꞑ dep cart qojьptь. Basьnda «L» ʙuƣan kɵnʙejdi, odan soꞑ azьraq somaƣa rьjzalьq ʙildiredi, ʙiraq agent ɵziniꞑ mundaj sɵz sɵjlesyv ycin çiʙerilmegendigin ajtadь. Odan kejingi kynderde «L» agent pen kezdesip, aqcasь çoqtьƣьn, onь taʙa almajtьndьƣьn dəleldep çyredi. Ycinci kyni «L» men çolьƣuvƣa ʙir cet el adamь kelip, ɵzin kontrrazʙedkanьꞑ ʙastьƣьnьꞑ çərdemcisimin dep tanьstьradь. Ol «L» dьꞑ ʙankeden aqca aluvьna çərdem ʙeryvge əzirligin ʙildiredi, ʙiraq onьꞑ esesine «L» qarьmьn qajьrar degen senimi ʙarlьƣьn ajtadь. Kontrrazʙedka kɵp nərse suramajdь, ol eldiꞑ icinde tьnьctьq ʙoluvьn, tərtip ʙoluvьn kɵzdejdi, al, oƣan kɵp arьzdar tysedi. Kɵʙinese, cьndь ɵtirikten ajьrьp ʙolmajdь, sondьqtan kontrrazʙedkanьꞑ ʙilyvge qumar adamdarь tuvralь tek qana ɵziniꞑ pikirin ʙildiryvin surajdь.

«L» munan qьjьnьraq nərse kytken edi. Bul cart oƣan tipti ajьp emes ʙolьp kɵrinedi. Ol tipti ijgilikti is istejmin dep tysinedi. Soʙetter Sojuvzьnьꞑ çavlarьnьꞑ çapqan çalasьnan soʙet adamdarьn qutqarьp alam dep ojlajdь. Endi ʙir qadam attaƣanda «L» otanƣa qьjanat istevdiꞑ ʙarsa kelmes çolьna tysetin edi.

Biraq, çavdьꞑ mereji ystem ʙolmadь. «L» men ʙirge çumьs istejtin çoldastarь onьꞑ çyris-turьsьnan seziktenedi. Esiktiꞑ ʙuzьlƣandьƣь tuvralь əꞑgime estiledi, «L» dьꞑ dostarьnan ʙezip, kecke çaqьn ycti-kyjdi çoq ʙolьp ketetindigi, suraƣan sɵzge ɵtirik çavap ʙeretindigi ʙajqaladь. «L» dьꞑ ɵziniꞑ kej ʙir zattarьn sata ʙastaƣandьƣь, qarьzƣa aqca surap çyrgendigi kɵzge tysedi. Çoldastarь onь men sɵjlesip kɵrmekci ʙoladь, sonь men aqьrƣь kezde ʙolƣan oqьjƣanьꞑ ʙərin ajtuvƣa «L» dьꞑ ʙatьlь çetedi.

Biz ʙul mьjsalƣa ədeji tolьq toqtaldьq, yjtkeni tipti cet tildiꞑ oqьtuvcьsьn aluv sьjaqtь qarapajьm kɵrinetin məselelerdiꞑ ɵzinde qьraƣьlьqtьꞑ çoqtьƣь, çav onca zulьm emes dep ɵzin-ɵzi çuʙatatьndьq, ʙosaꞑdьq, otannьꞑ aldьndaƣь ɵziniꞑ ʙorьcьn tysine ʙilmegendik, «L» sьjaqtь ʙurьn sondaj adal ʙolƣan, ec ʙir kədigi çoq azamattь da ʙizdiꞑ otanьmьzdьꞑ ʙarьp turƣan qas çavьnьꞑ uvьsьna tysiredi, ʙizdiꞑ çavlarьmьz alƣacqьda ər qacan kickene çərdem istevdi surajdь, syjtip ʙarьp kisi ɵltiryvge, ɵrt saluvƣa, cpijondьq istevge aparьp soqtьradь, ʙul olardьꞑ ədeti.

Çavdьꞑ cet elderge komandijrɵpkaƣa ʙarƣan kej ʙir soʙet azamattarьnьꞑ ʙejsavat, saldьr-salaq çyretindigin pajdalanatьn kezderi ʙoladь, munьꞑ ycin olarƣa əjelderdi saladь, ʙirev ol əjeldiꞑ kyjevi ʙolьp cьƣadь, əjeldiꞑ «zəʙir kɵrgen kyjevine» ajьp tɵlettiredi, isti uvcьqtьrmaƣannьꞑ, çançal cьƣartpaƣannьꞑ esesine, tez sengic, ʙosaꞑ adamdardь cpijondьqqa, otanƣa qastьq istevge azƣьradь. Burьn ec ʙir kədigi çoq ʙir soʙet azamatь Çaponijada komandijrɵpkada ʙolƣan vaqьtta osьndaj ʙaqьtsьzdьqqa ucьrajdь. Ol restorandarƣa çana ʙasqa ojьn-savьq orьndarьna çiji ʙarьp çyredi, syjtip çyrip ol sol çerge ʙarьp çyretin ʙir əjel men tanьsadь, əjeldiꞑ sьrt picini «arijstokratka» sьjaqtь, mejlince suluv əjel ʙoladь. Bir kyni əlgi azamat sol əjel men kezdesip, ɵte qьmʙattь restorannьꞑ ʙir ʙurcьnda otьradь, ol vaqьtta ʙularƣa kytpegen çerden əskerce kijingen ʙir çapondьq keledi, ol ɵzin osь əjeldiꞑ «kyjevimin» dejdi, syjtip, soʙet azamatьna çarmasa ketedi, ɵziniꞑ yj iciniꞑ namьsьna

zəʙir keltirgeni ycin odan ajьp talap etedi. Sol çerde taƣь ʙir adam kez ʙoladь, onьꞑ tyri syjkimdi adamƣa uqsajdь, ol da çapondьq ʙoladь, ʙiraq, ystindegi kijimi qarapajьm azamattьꞑ kijimi ʙoladь, ʙul çapondьq alƣacqь əskerce kijingen çapondьqtь çançal cьƣarma, çaj ʙitis dep çuʙata ʙastajdь, eger ʙul ʙolmaƣanda istiꞑ aqьrь çançalƣa ulasatьndaj ʙoladь. Sirə masqaraƣa ucьraƣan ekenmin dep turƣan soʙet azamatь «ʙitimcige» çaʙьsadь, suvƣa ketken tal qarmajdь degendej, onь ʙir saqtavcь dep ʙiledi. Bul əꞑgimeniꞑ ajaƣь «ʙitim» ʙoladь, ʙiraq, qandaj qun men ʙitim ʙoldь dejsiz? Soʙet azamatь «ʙitimcige» SSSR daƣь kej ʙir isterdiꞑ çajь tuvralь «qaʙar» ʙermekci ʙolьp raspijska ʙeredi, «ʙitimci» çapon razʙedkasьnьꞑ agenti ʙolьp cьƣadь. Al, raspijska ʙergennen kejin soʙet azamatь «ʙitimcinin» uvьsьnda ʙolьp qaladь. «Bitimci» sьrьmdь acadь ƣoj dep qorqьp, ol ʙirden-ʙirge catasa ʙeredi, cpijondьq tapsьrmalardь ysti-ystine orьndaj ʙeredi. Syjtip, ol çapon cpijonьna, өz otanьnьꞑ çavьna ajnalьp ketedi.

Soʙettiꞑ «N» degen azamatь cet elde komandijropkada ʙolƣanda, cet eldiꞑ kontrrazʙedkasьnьꞑ qarmaƣьna mьnadaj çaƣdajda tysip qalƣandьƣь məlim. Bir kyni «N» portpelin ustap, kopege ʙaradь. «N» ʙir nece cьnь kөpe icedi, sodan soꞑ, portpelinde ec ʙir qьzmet qaƣazdarь ʙolmaƣan soꞑ, onь ysteldiꞑ ystine tastajdь da, telepon arqьlь sөjlesyvge ketedi. Өzi otьrƣan ystelge qajtьp kelip, çatqan çerinen өziniꞑ portpelin aladь, taƣь da ʙir az vaqьt otьrьp, cьƣuvƣa ajnaladь. Konpeniꞑ esiginiꞑ aldьnda oƣan cet eldiꞑ ʙir ças çigiti kez ʙoladь, ol çigit «N» nan «Siz osь pəlen degen kisi ʙolasьz ƣoj» dep surajdь. «N» ja solmьn dep çavap ʙeredi. Sonan soꞑ cet el azamatь «N» dь cetkerirek cьƣarьp alьp, «Siz, «N» mьrza, soʙet cpijonь ekensiz, ʙizdiꞑ memleketimizdiꞑ zaꞑьn ʙuzьp çyr ekensiz. Bul əli polijtsijaƣa məlim emes, ʙiraq, siz tygeliꞑiz ʙen meniꞑ qolьmdasьz, eger, siz maƣan ʙir az «qьzmet» etseꞑiz, sizdi men aman saqtap qalamьn» dejdi. «N» ʙuƣan camdanьp, өzine çaʙьlƣan çalaƣa qarsь tura ʙastaƣanda, cet eldiꞑ adamь turьp siz acuvlanʙaꞑьz, ʙəri ʙir qutьla almajsьz, yjtkeni, sizdiꞑ portpeliꞑizde ʙizdiꞑ memleketimizge qarsь çazьlƣan cpijondьq dokuvment ʙar, dejdi. Portpelinde ondaj ajьptь qьlatьn ec nərseniꞑ çoqtьƣь «N» nьꞑ өzine ʙelgili, sol çerde turьp portpelin acadь, acqanda өziniꞑ ər tyrli qaƣazdarьnьꞑ arasьnan cet eldiꞑ tilinde çumʙaqtap çazьlƣan domuvment cьƣadь. «N» ʙul sumdьqqa qajran qaladь, ʙul dokuvment ol telepon arqьlь sөjlesyvge ketkende salьnƣan ʙolsa kerek. «N» ʙuƣan camdanьp, əlgi adamdь dokuvmentti salƣan sen dep ajьptaj ʙastaƣanda, tanьmajtьn adam ʙьlaj dejdi: «Qьzʙaꞑьz, «N» mьrza, siz ʙudan qalaj qutьlьp keter ekensiz. Meniꞑ sizdi qutqarƣьm kelip edi, al eger siz odan ʙas tartsaꞑьz men derev, kəzir sizdi çergilikti polijtsijaƣa ustap ʙeremin» dejdi. Qьsqasьn ajtqanda, «N» mundaj əꞑgimeniꞑ ʙərin qojьp, kədiksiz adal adam kyjinde polijtsijaƣa өzi ʙaruvdьꞑ ornьna, tanьs emes adam men yjlesyvdiꞑ çolьn izdejdi, ajaqtap kelgende; «çançaldan qutьluv» ycin Soʙetter Sojuvzьnda turatьn ʙir adam tuvralь məlimet ʙeryvge rьjzalьƣьn ʙildiredi. Biraq «N» dь өziniꞑ tuzaƣьna tysirgen cpijon munь men qanaƣattanʙajdь. Tapsьrƣandь orьndavƣa rьjzalьƣь tuvralь qolьnan qaƣaz alƣanca «N» dь ʙosatqьsь kelmejdi. «N» өziniꞑ soꞑьna tysken cpijonnan qutьluvdьꞑ ʙasqa amalьn tappaƣan soꞑ, ol ekinici ketpejtin qate istejdi, ol cpijonƣa raspijska ʙeredi, өzine tapsьrьlƣan isti orьndavƣa mindettenedi, ʙul raspijska «N» nьꞑ ʙykil өmirinde syjegine ʙasьlƣan taꞑʙa ʙolьp ketti. Osь raspijskanь pajdalanьp, sonь çarьjalajmьz dep qorqьtьp, pacijster razʙedkanьꞑ agentteri qajda ʙarsa da onьꞑ soꞑьnan qaluvdь qojdь, tipti ajьʙь çoq ʙolьp kөrinetin tapsьrmalardan ʙastap, aqьrьnda «N» dь naƣьz cpijondьq çumьstan «ʙas aldьrmaj» qojdь, oƣan өz otanьna qastьq istetti, pacister razʙedkasьnьꞑ qolьndaƣь çaldamalь sumьraj cpijon etip aldь.

Cet elderge ʙarƣan adamdardьꞑ morəl çaƣьnan ʙosandьƣьn pajdalanьp, cpijondardьꞑ olardь өzderiniꞑ qarmaƣьna ilindirgen ʙudan ʙasqa da kezderi məlim. Cet elge komandijropkaƣa çiʙerilgen ʙir qьzmetci qьzmet çyzinde qatьnasьp çyrip, cet elderdiꞑ elcilikteriniꞑ ʙir nece cenevnikteri men tanьsadь. Olardьꞑ ʙirevi aqcalь kisi ʙolьp kөrinip, azamat «T» nь tyrli ojьndarƣa — at çarьsьna, teatrlarƣa ojьn-savьq orьndarьna, taƣь sol sьjaqtь orьndarƣa çьjь caqьra ʙeredi. Onьꞑ ʙer çaƣьnda əlgi cet eldiꞑ adamь «T» men ʙirge ʙolƣanda kөrgen qьzьqtarьnьꞑ ʙərine retin tavьp aqcanь ər qacan өzi tөlevge tьrьsadь. Sonь men, «T» өziniꞑ darqan tanьsь men vaqьtьn ynemi ʙirge өtkizetin ʙoladь, ər tyrli qьzƣьlьqtь orьndarƣa ʙarьp çyredi, kөꞑildi tumьsqa aralasьp ketedi. Biraq, ʙir kezde «çarьlqavcь» «T» ƣa өziniꞑ aqcasь tavsьlьp, ʙankrot ʙolƣandьƣьn ajtadь, ʙurьnƣь ʙeresilerimdi derev tөlevimdi talap etip otьr dejdi, sondьqtan, «T» men ʙirge çyrgende ol ycin çumsaƣan aqcanьꞑ ʙərin qajtaruvdь surajtьndьƣьn ajtadь, «T» өzinen qanca soma surap otьrƣanьn estigende, eseꞑgirep qaladь, yjtkeni, ol cet el adamь men ʙirge çyrgende ec qacan ondaj aqca çumsalƣan çoqtь. Alajda cet eldiꞑ adamь ʙirge çumsaƣan aqcanь derev qajьruvdь talap etedi. «T» nьꞑ ondaj kөp somanь ec qajdan taʙa almajtьnь өzinen-өzi ʙelgili, sonda onьꞑ taʙaqtasь ʙul kyjden ekevin ʙirdej «qutqaratьn» amal ajtadь, ol amalь mьnav ʙoladь: «T» өte ʙir ʙajsaldь adamƣa ʙir az ƣana qaʙar ʙildirse, ol adam ʙul qaʙardan pajda tysirer edi dejdi. «T» ʙuƣan qarsь ʙola ʙastaƣanda, onьꞑ «dosь» «T» nьꞑ adamgercilikke sьjmajtьn is istegendigi tuvralь derev ʙastьqtarьna ʙildirem dep qorqьtadь, өzderiniꞑ ʙirge çyrgendegi ьlaꞑdarьnьꞑ ʙərin ajtpaqcь ʙoladь, onьꞑ ystine, seniꞑ maƣan ajtьp qojƣan çasьrьn sьrlarьꞑ ʙar dep çala çavьp, onь taƣь ajtamьn dep qorqьtadь. «Onan da osь ec ʙir zьjanь çoq məlimetti ʙerseꞑiz ʙolmajma,-dejdi «T» ƣa cpijon, olaj ʙolmaƣan kynde өziꞑizdiꞑ ʙilikti atьꞑьzƣa, mymkin tipti өmiriꞑizge de qavьp tuvadь, onьꞑ ystine yj iciꞑiz mylde ʙylinedi, yjtkeni, sizdiꞑ adamgercilikke çatpajtьn ьlaꞑdarьꞑьzdь əjeliꞑiz kecpejdi. Onan da ʙolƣannьꞑ ʙərin umьttьrьp çiʙeryv ycin, meniꞑ tanьsьma kej ʙir məlimetterdi ʙildirseꞑiz ʙolmajma, onь ajtqannan ec kimge ec qandaj zalal keltirmejdi ƣoj» dejdi cpijon. Өziniꞑ çavlar men ʙirge çyrip kecirimsiz qьlьqtarьn çoldastarьnьꞑ aldьna çajьp saluvƣa «T» nьꞑ çigeri çetpejdi, sonь men өziniꞑ odan arman masqaralьqqa ʙatuvdan qutьluvьna çol taʙa almajdь, «T» suraƣan məlimetterin ʙildiryvge ьrzalьƣь tuvralь qolьnan qaƣaz ʙeredi, onьꞑ esesine өziniꞑ tanьsьnan ec ʙir aqca talap etpejmin, onь qoqanloqqьlap qorqьtpajmьn degen sьjaqtь tykke turmajtьn raspeska aladь, «T» өziniꞑ çaꞑa qoçalarьnьꞑ tapsьruvь ʙojьnca, olarƣa çasьrьn dokuvmentterdi urlap ʙermekci ʙoladь, sol əreketiniꞑ ystinde qolƣa tysedi, «T» nьꞑ ʙarьp ʙitken çeri sol ʙoladь.

Cet elge komandijropkaƣa ʙarƣan soʙet azamatьn cpijondьqqa tartuv ycin nemis razʙedkasьnьꞑ mьnadaj topas ədis qoldanƣan kezi de məlim. Cet elge kelgen soʙet azamatь өzine pəter izdejdi. Bir nece yjlerdi kөredi, aqьrьnda ʙir kekse əjeldiꞑ çaldajtьn ʙөlmesin almaqcь ʙoladь. Pəterdiꞑ ijesi men sөjlesip turƣanda ʙir ças qьz ʙirge ʙoladь, ol өzin pəter ijesi əjeldiꞑ tanьsьmьn dejdi. Pəterdiꞑ ijesi men ʙөlmeni çaldav carttarь çajьnda sөjlesip, ʙul çoldas ʙir çola kelisyv ycin eki kynnen kejin qajta kelmekci ʙoladь, sol ajtьlƣan kyninde өziniꞑ taꞑdap alƣan pəterine keledi, taƣь da pəterdiꞑ ijesi ʙajaƣь əjelge kezdesedi, əjel onьꞑ ʙir az kidirc turuvьn surajdь, yjtkeni pəterdi ʙir çola çaldav ycin kөrci yjde turatьn tuvƣan-tuvьsqandarь men aqьldasьp kelejin, dejdi. Pəter aluvcь temeki tartьp, yjde kytip çyredi. Bir nece mynetten kejin pəterdiꞑ ijesi əjel polijtsijanьꞑ inspektorь men polijtsijanьꞑ ʙaqmijstirin ertip qajtьp keledi. Inspektor oƣan əlgi əjeldiꞑ arьz ʙergendigin ajtadь, alƣacqь ret kelip, pəterdi kөrgende siz yj ijesi

əjeldiꞑ eki altьn ʙaldaƣьn urlap əketipsiz, dejdi. Ol pəterge sol çoldas kelerden ʙurьn da, kelip ketkennen kejin de yj ijesine ec kim kelgen çoq, dep, onьꞑ çalasьn soʙet azamatьna çappaqcь ʙoladь. Inspektor protokol çasav ycin onь komijssarijatqa alьp çyrmekci ʙoladь. Ol çoldas qattь narazьlьq ʙildirse de, polijtsijaƣa ʙaruvьna tuvra keledi, onda ʙarƣan soꞑ onь qorlap çavap aladь, ol tursьn tintpekci de ʙoladь. Ajьpkerdiꞑ tintyvge cьndap qarsьlьq çasaƣalь otьrƣanьn sezip, inspektor çyzin çьlta qojьp, oƣan ʙьlaj dejdi: mymkin, azamat ʙul iste mylde ajьptь emes cьƣar, ʙiraq ajƣaq ʙar, sondьqtan ol azamattь tintip, ja protokol çasap, isti prokuvrorƣa ʙeryvge mindettimin dejdi, al is anьqtalьp ʙolƣanca, onь tutqьndaj turmaqcь ʙoladь. Biraq ol, inspektor qurmetti mьrzaƣa ʙudan qandaj qater keletindigin tysingen kisi ʙoladь, «qolajsьz isti çasьrьp qalƣanь» ycin ʙir az aqca ʙerse, ɵziniꞑ ʙarlьq isti qьsqartьp, «urьnь» ɵz ʙeti men ʙosatьp çiberetindigin ajtadь. Θziniꞑ ucьraƣan ьꞑƣajsьz oqьjƣasьnan ol çoldastьꞑ tez qutьlьp ketpekci ʙolƣanьnьꞑ ɵzi pəle ʙolьp çaʙьsadь, onьꞑ aqьrьn ojlap-tolƣap almaj, qaltasьnan əmijanьn alьp, inspektordьꞑ ysteliniꞑ ystine 20 marka aqca saladь. Dəl sol kezde esik acьlьp, sьpajь kijingen ʙir ədemi ças çigit kirip keledi, onьꞑ nusqasь opijtserge uqsajdь, ʙiraq çaj azamattьꞑ kijimin kijgen. Kelgen çigit qasьndaƣь ʙɵlmede otьrьp ustalƣan adamnьꞑ polijtsija inspektorьna para ʙergeli çatqanьn estigendigin ajtadь. Ol dərecesi ylken adam ʙolƣandьqtan, ʙul tuvralь protokol çasavƣa tijis ekendigin ajtadь. Soʙet azamatьnьꞑ ustalƣan seʙeʙin inspektordan surap alьp, opijtser para ʙeryv ustalƣan adamnьꞑ ajьptь ekendigine əʙden ajƣaq ʙolьp taʙьladь dejdi, syjtip ustalƣan adamnьꞑ para ʙerip qutьlmaqcь ʙolƣandьƣьn kɵrsetip, derev protokol çasavdь talap etedi. Ustalƣan adamdь opijtser derev tyrmege çiʙeryvge ʙujьradь. Protokol çazьlьp ʙoladь, ustalƣan adam oƣan qol qojuvdan ʙas tartadь, sodan soꞑ opijtser inspektordь cьƣarьp çiʙerip, ustalƣan adam men çalƣьz qaladь, ɵziniꞑ kontrrazʙedkanьꞑ opijtseri ekendigin, polijtsijanьꞑ isin ʙaqьlavcь ekendigin ajtadь. Bolƣan oqьjƣanьꞑ cataq ekendigin tolьq tysinetindigin, pəlege ucьraƣan soʙet azamatьna çərdem ʙeryvge dajar ekendigin ajtadь. Alajda ol azamat esesin qajьrmajtьn ʙolsa, munь istej almajtьndьƣьn ajtadь. Onьꞑ usьnьsь mьnaƣan ʙarьp tireledi, soʙet azamatь oƣan da ɵz tusьnan qьzmet etyvge tijis ʙolatьndьƣьn ajtadь, atap ajtqanda, ʙir adam tuvralь—ɵz otanьnda turatьn ʙasqa ʙir soʙet azamatь tuvralь məlimet surajdь. Bizdiꞑ aꞑqav çigit, ec nərseden seziktenʙesten, ɵziniꞑ kineckesine ajtьlƣan adamnьꞑ atь men adresin çazьp aladь, odan soꞑ opijtserdiꞑ suravь ʙojьnca, onьꞑ qojьn kinegesine ɵz qolь men orьs tilinde taƣь sol pamijlanь çazьp ʙeredi. Sodan kejin kontrrazʙedkanьꞑ opijtseriniꞑ siltevi men ɵzim tipti op-oꞑaj qutьldьm ƣoj dep ojlap, ɵzi yjine qajtьp ketedi.

Bizdiꞑ tanьsьmьz çolda kele çatьp ʙolƣan oqьjƣanь kɵp ojlajdь, ʙul tuvralь ɵziniꞑ çoldastarьna ajtuvьna ʙola ma dep, aqьlьna salьp kɵredi, ʙiraq, olar kelemeç etip kyledi-ƣoj dep ojlap, ɵziniꞑ ucьraƣan oqьjƣasьn ec kimge ajtpajdь, onь myldem umьtuvƣa tьrьsadь. Alajda, 15 kyn ɵtkennen kejin onьꞑ pəterine telepon soƣьladь, ɵzine ʙelgili is tuvralь onь men kontrrazʙedkanьꞑ opijtseri sɵjleskisi keletindigin ʙildiredi. Telepon arqьlь ajtьlƣan osь sɵzden kejin ʙarьp ʙizdiꞑ aꞑqav istiꞑ nasьrƣa cavьp ʙara çatqandьƣьn ʙiledi. Ol ʙolƣan oqьjƣanь derev ɵziniꞑ ʙastьƣьna ajtadь, sonь men ol ɵzin apattan saqtap qaladь, əjtpegende kontrrazʙedkanьꞑ qozdatqan surqьjalьq komedijasь odan ʙьlaj sozьla ʙergende ol azamat sɵzsiz mert ʙolatьn edi. Rezʙedkanьꞑ agenti onь alqьmƣa alьp, onьꞑ qьlmьsьn əckerelejmin dep qorqьtqanda, ʙizdiꞑ çoldas onь tez ajdap cьqtь, ʙolƣan istiꞑ ʙərin ʙastьƣьna ɵziniꞑ ʙildirip qojƣandьƣьn ajttь, soʙettiꞑ adal nijetti azamattarь çɵninde kontrrazʙedkanьꞑ istep kelgen cpijondьƣьnьꞑ çavьzdьq təsilderine qarsь ʙildirilgen narazьlьq pen kontrrazʙedkanьꞑ sanasuvьna tuvra

keletindigin ajtadь. Kontrrazвedka вelgi taqьp alqan adamьnan ajrьlqьsь kelmej, onь qoŋqьtuv ycin çaŋa ədister qoldanьp, kөpke dejin əreket çasap çyredi. Biraq soвet azamatьnьŋ tuvracьl adal nijetiniŋ arqasьnda onьsьnan tyk сьqpajdь.

Çoqarьda ajtьlqan mьsaldar ec вir ajьвь çoq adamdardь өzderiniŋ cpijondьq сьrmavьna tysiryv ycin cet el razвedkalarьnьŋ, əsirese pacijster razвedkalarьnьŋ qoldanatьn surqьjalьq, çavьzdьq təsilderiniŋ вir azьnьŋ qana sьrьn aca aladь. Çavlardьn вul sьjaqtь çavьzdьq сьrmavьnan ər вir soвet azamatьn aqьjqatсьldьq, soвet memleketine adaldьq, өz otanьnьŋ aldьndaqь вorьсьn tysinetin sanalьlьq, qьraqьlьq, өzine tapsьrьlqan isti adal nijeti men atqaratьndьq, өzin өzi вajqap çyretindik qutqarьp otьradь.

Pacijsterdiŋ razвedkalarь өzderiniŋ cpijondьq çumьsьnda вarьp turqan sumьraj ədisterdi qoldanuv men qatar вulardьŋ qoldanьp otьrqan ədisterin вasqa вurçuvazijalьq memleketterdiŋ de qoldanuvь mymkin ekendigin, өzderi qandaj qoldansa, вul ədisterdi olarqa qarsь sondaj dəreçede qoldanuvь mymkin ekendigin вiledi. Өz eliniŋ adamdarьn вudan вelgili dəreçede saqtandьruv ycin, pacijster ysti-ystine kijnolar сьqarьp otьradь, вul kijnolardьŋ maqsatь cet elderdiŋ rezвedkalarьnьŋ ədisteri men çana təsilderi men tanьstьruv вoladь. Məselen, Mata Qarij (germannьŋ Parijçda вolqan ataqtь cpijon əjeli), «Port artuvr», «Nataca», «Predatil» sьjaqtь syvretterdi keŋ taratadь. Soŋqь syvrette cet memleketterdiŋ Germanija çerindegi cpijondarьnьŋ çumьsь kөrsetilgen. Əsirese вul syvrette mьnadaj nərse əjgilenip kөrsetiledi, cpijondardьŋ сьrmavьna tysken german ləteiginiŋ өzine qarsь çasalqan, onьŋ sьrьn əckerelejtin dokuvmentterden qorьqpaj, вolqan istiŋ вərin өziniŋ вastьqьna ajtuvqa вatьlь çetkendigin, sonьŋ ycin ajaqtap kelgende, strojdьŋ aldьnda onьŋ alqьs alqandьqьn kөrsetedi. Ekinci çaqьnan, pacijster өzderiniŋ cpijondarьn madaqtap maqtajdь. Olardьŋ erlikteri tuvralь вastan ajaq çalqan tolьp çatqan ədeвijet сьqaradь. Osьnьŋ вəri çastardь cpijondьq «romantijkasьna» qьzьqtьruv maqsatьn kөzdejdi. Pacijsterdiŋ вul «romantijkasьnьŋ» dajarlaqan negizgi kadrlarь cet elderge qarsь çumьsqa çumsaladь. Olardьŋ maqsatь — kөzdi cel qaptaqan salaqtьq, вejqamdьq arqьlь, qьraqьlьqtьŋ вəseŋdegendigi arqьlь, өziniŋ kisi өltiryv, dijвersija, cpjondьq çasav sьjaqtь aram isterin istevge çol tavьp өtip ketyv вoladь.

Cpijondьqtьŋ өz isin atqaruv ycin өte kycti apparatь вar, вul apparat kөrciles memleketterdiŋ icine kirip ketyv ycin əckere çana astьrtьn mymkinciliktərdiŋ вərin pajdalanadь. Dynije soqьsьnьŋ təçirijвesi, soqьstan kejingi vaqьt, s o q ь s t ь ŋ a l d ь n d a q ь k ə z i r g i d ə v i r, cpijondьq çumьstь ər qacan вyrkep otьratьn qupьjaqa qaramastan, cpijondьq ərekettiŋ qulac çajьp өris alqandьqьn kөrsetetin tolьp çatqan paktьlar вerip otьr. Cpijondьq өziniŋ qarmaqьn memleket mekemelerine, otan qorqav ycin maŋьzь вar iri kəsip orьndarьna, transportqa saladь, ondaqь maqsatь memlekettiŋ qupьja sьrьna aralasuv, otan qorqav isiniŋ qupьja sьrlarьn tartuv, teqnijkalьq qaruvlardьŋ çajьn вildiryv, asa maŋьzdь orьndarqa өz adamdarьn otьrqьzuv, zьjankestik, dijвersija, predatildik ujьmdastьruv вoladь. Cpijondьq — yzdiksiz çyrgiziletin astьrtьn soqьs, munь cpijondar armijasь çyrgizedi, ol ec vaqьtta toqtalmajdь. Soŋqь kezde Əmerijkada, Anglijada, Pransijada, Ceqoslaвakijada, Ruvmenijada, Ijspanijada çaвьq tyrde qurьlьp çatqan tolьp çatqan sottar osьnь kөrsetedi.

---

80213-57

[illegible]